Советтік кезеңде Қазақстанның көрші елдермен байланыстары туралы ең алғашқы еңбектер 1930–жылдардың соңында жарияланды. Ол П.П. Ивановтың қарақалпақтар тарихы бойынша очерктері еді (Иванов, 1936). X–XVIII ғасырлар аралығындағы қарақалпақтар тарихын қарастыруда ғалым қазақтардың XVII-XVIII ғасырлардағы көрші елдермен байланыстарына үстірт тоқталған. 1950–жылдардың соңында ғалымның XVI ғасырдың ортасы – XIX ғасырдағы Орта Азия тарихының очерктері жарық көрді (Иванов, 1958). Ғалым еңбегінің «Көшпелі өзбектердің әлеуметтік-экономикалық қатынастары және мемлекеттік құрылымы» атты тарауында қазақ хандарының олармен байланыстары баяндалған. «XVII ғасырда Бұхардың саяси қуатының әлсіреуі осы жүзжылдықтың басында Ташкентті иеленген қазақ хандары пайдаланады. Ташкент аумағынан қазақ хандары Орта Азияның орталық аудандарына, Самарқанға дейінгі жерлерге жорық жасады. Өз кезегінде аштарханидтердің кейбіреулері қазақ даласына жауапты жорықтар жасап, жолдарындағының бәрін қиратты. Осындай жорықтардың бірінде Имамқұл (1611-1643) бұхара әскерлерімен Сырдарияның төменгі ағысына дейін жетті» деген баяндауынан қазақтар мен аштархандар арасындағы қарым-қатынастардың қайшылықты әрі шиеленісті болғандығын аңғару қиын емес (Иванов, 1958:69). Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайының мемлекет үшін қолайсыз болғандығын автордың «XVII ғасырда қазақтардың Орта Азияның отырықшы аудандарына басып кіруі қалмақтардың (ойраттардың) қозғалысымен, олардың осы кезеңде Қазақстан аумағының солтүстік шекараларына дейін жетуімен байланысты» деген тұжырымынан байқауға болады (Иванов, 1958:69). Орта Азияның саяси қатынастарымен қатар саудасына тоқталған ғалым көрсетілген кезеңдегі халықаралық жағдайдың оған әсер еткендігін, алайда көрші елдермен дәстүрлі байланыстарды бұза алмағандығын ашып жазды. Орта Азия қазақ даласын қолөнер, тоқыма бұйымдарымен қамтамасыз етуі далалық аудандардың



экономикасында маңызды рөл атқарды (Иванов, 1958: 75). П.П. Ивановтың зерттеулерін Б.А. Ахмедов тереңдетті (Ахмедов, 1965). Алайда еңбекте XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы мен ортаазиялық Шейбан және Аштархан әулеттері билеушілерінің өзара байланыстары көрініс таппаған. Алайда бұл зерттеуді көбінесе Қазақ хандығы тарихын зерттеуші тарихшылар пайдаланады.

Қазақ хандығының Шейбанидтермен сыртқы саясатындағы Сырдария өзені бойындағы қалалардың рөлі айқындалған К.А. Пищулина зерттеуі өзінің құндылығын әлі күнге дейін жоймай келеді (Пищулина, 1969). Моғолдар мемлекетінің XVI-XVII ғасырлардағы өзбек және қазақтармен сыртқы байланыстары О.Ф. Акимушкинның көлемді мақаласынан көрініс тапқан (Акимушкин, 1970).

Қазақ хандығының XVII-XVIII ғасырлардағы сыртқы саясаты көрініс тапқан зерттеулер негізінен 1960–1980 жылдарда жарияланды. Осы мәселені терең зерттеуде Т.И. Сұлтановтың XV–XVII ғасырлардағы қазақ-өзбек қатынастары зерделенген еңбегі маңызды рөл атқарады (Султанов, 1982). Атауынан көрініп тұрғандай, еңбекте XV–XVII ғасырлардағы Арал өңірі көшпелі тайпаларының этникалық және әлеуметтік мәселелері зерттелген. Дегенмен ғалым XVI-XVII ғасырлар тоғысындағы Қазақ Елінің сыртқы саяси жағдайына қысқаша тоқталып кеткен. Автордың «Жеті жарғы XVII ғасырдың 70–жылдары пайда болды және Тәуке хан мен оның айналасындағылардың ойрат Галдан қонтайшының заңнамалық бастамасына жауап ретіндегі әрекет болды» деген тұжырымы осы кезеңдегі қазақ-ойрат қатынастарын терең зерделеуді ғана емес мемлекеттердің бір біріне ықпалын тың деректер бойынша зерттеу қажеттілігін байқатады (Султанов, 1982: 67). П.П. Иванов тәрізді Т.И. Сұлтанов та «XVI ғасырдың соңында қазақтардың қолына Ташкент пен Түркістанның өтуі бір жағынан Аштарханидтердің оларды осы қалалардан ығыстыруға ұмтылуы, екінші жағынан жоңғарлардың жақын орналасуы XVII ғасырда Қазақ хандығын қоршаудағы лагерьге ұқсатқандығы» туралы тұжырым жасады (Султанов, 1982: 67). Қорытынды ретінде ғалым аталған қалалар мен олардың айналасы XVII-XVIII ғасырдың басына дейін, яғни бір жарым ғасырға жуық уақыт бойы қазақтардың қолында қалып, хандықтың саяси орталығы болғандығы жөнінде ой түйіндеді (Султанов, 1982: 91).

Қазақ хандығының Шейбан және Аштархандармен ғана емес жоңғарлармен де сыртқы саяси қарым-қатынастары бірде шиеленісті сипатты иеленсе, бірде келісімдер арқылы реттеліп отырды. Советтік кезеңдегі тарихшылар осы байланыстарды арнайы болмаса да қосалқы түрде айтып өтті. Мәселен, И.Я. Златкинның еңбектерінде қазақ-жоңғар қатынастары, оның мәні анықталды (Златкин, 1964). Осы байланыстардың жағымды және жағымсыз тұстары айқындалды. Ол XVII ғасырда ойрат және қазақ феодалдарының арасындағы өзара қатынастардың айтарлықтай өзгерістерге түскендігіне назар аударды. Ғалымның пікірінше, егер XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың басында біріккен қазақ мемлекетіне бірікпеген, әлсіз, шайқас алаңдарында жеңіліске ұшыраған ойрат княздықтары қарсы шықса, бұдан кейінгі уақыттарда күштер тепе-теңдігі ойрат хандарының пайдасына қарай өзгере бастады. Мұның өзі Қара Құл билеген ойрат иеліктерінің біртіндеп біріге бастауымен, қазақ хандары билігінің әлсіреуімен және Қазақстанның бірнеше дербес бөлшектерге бөлініп кетуімен түсіндіріледі (Златкин, 1964:166). Батыр қонтайшының билігі кезінде қазақтар мен ойраттар арасында үш қарулы қақтығыс: бірі 30-жылдары, екіншісі – 1643 жылы, үшіншісі – 1651-1652 жылдары болды (Златкин, 1964: 196). Алайда бұлар туралы деректер өте аз. Дегенмен монғол деректерінде 1643 жылғы ойрат жорығының Түркістан қаласын билеген қазақ ханы Есімге қарсы бағытталғаны жөнінде мәліметтер бар. Есімнің ұлы Жәңгір сұлтанның ойраттарда тұтқында болғандығы қоса айтылады. Бірақ оның тұтқынға түсу себептері, одан қашуы турасында фактілер кездеспейді. Мұның өзі Жәңгір сұлтанның тұтқын болғандығына күмән тудырмайды



(Златкин, 1964: 197). И.Я. Златкинның зерттеуінше, билік басына келген Цэван Рабданның жоңғар ханы ретіндегі алғашқы ірі сыртқы саяси актісі – қазақ ханы Тәукемен болған соғысы. Соғыстың басталуына Тәукенің тұтқиылдан шабуыл жасауы себеп болған. Тәуке хан Цэван Рабданнан ұлын тұтқыннан босатуды өтінген. Қалмақ қонтайшысы оның өтінішін орындап, баласын босатып қана қоймай, онымен бірге 500 адамды қорғау үшін қосып берген. Алайда Тәуке алғыс айтудың орнына ойраттардың барлық адамдарын өлтіріп, керуендерді тонаған. Соның салдары қазақтар мен ойраттардың арасындағы жаңа қақтығыстың туындауына әкелген. Ақыр соңында Цэван Рабдан қазақ жерлеріне бірнеше дүркін шабуыл жасаған (Златкин, 1964: 325-326). Автордың зерттеуінше, XVIII ғасырдың басында қазақ-жоңғар қатынастары бұрын-соңды болмаған дәрежеде шиеленіскен. Оның басты себебі – аумақ мәселесі (Златкин, 1964: 328).

Советтік қазақстандық тарихшылардың назарынан қазақ-орыс қатынастары да тыс болмады. Осы мәселе бойынша диссертация қорғалып, ғылыми мақалалар жарияланды. Мәселен, А. Сабырхановтың диссертациясында XVI-XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ-орыс қатынастары үстірт айтылды (Сабырханов, 1965). 1970 жылы А. Сабырханов диссертацияда зерттелген мәселені тереңдетіп, кеңейтіп, монография жариялады (Сабырханов, 1970). Тарихшының пайымдауынша, XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың бас кезінде қазақ-орыс қатынастары әлсіреген. «Себебі XVII ғасырдың бас кезінде Россия мемлекетінің ішкі жағдайы «лаң дәуіріне» байланысты өте шиеленіскен болатын. Ал Қазақ хандығы болса, бүкіл XVII ғасырдың өнебойында Жоңғария шапқыншылығына ұшырап отырды. Сөйтіп, өздерінің ішкі жағдайының қамын жеген екі мемлекет те белгілі бір уақыт ішінде сыртқы саяси байланыстарға баса көңіл аударма алмаған болуы ықтимал. Сөз жоқ, Қазақстан мен Россияның саяси қатынастарының әлсіреуін тек осы фактімен түсіндіру дұрыс болмас еді» (Сабырханов, 1970:19). Шындығында да XVII ғасырда қазақ-орыс қатынастары біршама әлсіреді, бірақ олар тежеліп қалған жоқ. Ертеректен бастау алатын байланыстар жібінің үзілмегендігін архив құжаттары дәлелдейді. Көрсетілген кезеңде Ресей мемлекетінің Қазақ хандығымен саяси одақ құру және сауда байланыстарын нығайтуға бағытталған шаралардың орын алғандығына хат алмасулар куә (Материалы, 1959: 45-49). Көрші мемлекет Қазақ Елімен бейбір қарым-қатынас орнатуға мүдделі болған. А. Сабырхановтың зерттеуінше, XVIII ғасырдың басында патша үкіметі Орта Азия қалалары мен Сібір ортасындағы керуен жолдарды билеп тұрған қазақ ханы Тәукемен байланысты күшейтуге әрекет жасаған. Тәуке де Орыс мемлекетімен достық қарым-қатынастарда болуды тілеген (Сабырханов, 1970:19). Екі ел арасында елшілік жоралғылары жасалып, келісімдерге қол қойылған. Мәселен, қазақ елшілері 1670 жылдың қазанында Тобылда, одан әрі Мәскеуге барса, 1694 жылы орыс үкіметі өз елшілерін Қазақ хандығына жіберген (Сабырханов, 1970: 23, 26). Осы орайда тарихшы мындай тұжырым жасаған: «Қазақстанда болған орыс елшілерінің тарихын зерттеуде тек олардың саяси қарым-қатынастарды нығайтудағы рөліне ғана тоқталу жеткіліксіз. Қазақстанда болған кезінде олардың байқауларында, мәліметтерінде қазақ тарихы үшін аса маңызды құнды және сирек кездесетін деректер бар. Осы жағына да баса көңіл аударған жөн» (Сабырханов, 1970: 27- 28). Тарихшының пікірі тек тәуелсіздік жылдары назарға алынды. XVII-XVIII ғасырларда Қазақ даласында болған саяхатшылар, елшілер мен өзге де шенеуніктердің жазбалары, күнделіктері және т.б. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақстан тарихы бойынша орыс деректері» (История Казахстана в русских источниках) атты он томдық деректер жинағына топтастырылып, жарық көрді. Осы деректер XVII-XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихына баға беруге септесері сөзсіз.



Орыс-қазақ қатынастарын кешенді түрде зерделеуде В.Я. Басин еңбектерінің маңызы зор. Тарихшы XVIII ғасырдың I-жартысындағы Ресейдің сыртқы саяси жүйесіндегі Қазақстанның орны мен рөлін арнайы зерделеді (Басин, 1969). Ол патша үкіметінің өзінің сыртқы саясатында бір жағынан ортаазиялық хандықтармен, екінші жағынан Парсы елімен маңызды рөл атқаратын Қазақстанға ерекше назар аударғандығын баса айтты (Басин, 1969: 51). В.Я. Басин Ресейдің Қазақстанды оны Орта Азиямен байланыстыратын мықты экономикалық және сауда көпіріне айналдырғысы келген саясатын ашып көрсетті (Басин, 1969: 51). Тарихшы А. Сабырханов тәрізді XVIII ғасырдың басында екі елдің арасында елшілік алмастырулардың жиі орын алғандығына, сондай-ақ қазақ жерлеріне ұйымдастырылған Бухгольц, Ступин экспедицияларына тоқталды. «XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың бас кезінде қазақ-орыс қатынастары әлсіреді» деген А. Сабырхановтың пікірін В.Я. Басин «XVII ғасырда Ресей мен қазақ хандықтары арасында сауда, саяси және дипломатиялық байланыстар болды. Алайда олар қазақтардың көршісі алауыздық күрес жүргізген және хандарды қолдауға мүдделі болған әлсіз Жоңғария тұрғанға дейін жалғасты», – деп нақтылады (Басин, 1971:102). Ол да А. Сабырханов сияқты Тәуке ханның Ресеймен жақындасуға мүдделі болғандығын, 1686–1693 жылдар аралығында Сібір шекараларына бес елшілікті аттандырғанын баса көрсетті (Басин, 1971:107). Осы кезеңдегі Ресей мемлекетінің қазақтармен қатынастарын нығайтуға мүдделі болғандығын, алайда сыртқы саяси байланыстардың орыс-жоңғар саясатының аясында өрбігендігі туралы жазды. Қазақ хандығы Жоңғариямен жаугершілік жағдайда болса, Ресей жоңғарлармен бейбіт қатынастарда тұрғандығын жасырмады. Осы тұжырымды В.А. Моисеев те өзінің дербес зерттеуінде жасады (Моисеев, 1991).

XVII-XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясатының кейбір мәселелері, атап айтқанда орыс-қазақ сауда және дипломатиялық қатынастар Қазақ ССР тарихының 2-томынан көрініс тапты (Қазақ ССР тарихы, 1983). Академиялық басылымның «Қазақ хандығының XVII ғасырдағы саяси жағдайы» атты тараушасында Есім және Тәуке хандардың сыртқы саясатын көрсетуге басымдылық берілген (Қазақ ССР тарихы, 1983: 294-299). Қазақ-жоңғар, қазақ-орыс қатынастарының тарихы советтік идеологияның талаптарына сәйкес баяндалған.

Советтік кезеңде Қазақ хандығының тарихына, соның ішінде сыртқы саясатының тарихын терең зерттеу, оның деректік базасын кеңейту мақсатында айтарлықтай жұмыстар істелді. Кеңес Одағының архив қорларындағы құжаттар анықталып, жүйеленді. 1961 жылы «XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» («Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках») атты құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрді (Казахско-русские отношения, 1961). Жинақ XVI–XVIII ғасырдың 70-жылдар аралығындағы Ресейдің сыртқы саясат архиві қорларының бұрын жарияланбаған құжаттарын қамтыды. Жинақтың 1594–1722 жылдар аралығындағы құжаттарды топтастырған бірінші бөлігінің XVII-XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясатының тарихын жаңа көзқараста зерделеуге көмектеседі. Бұл жинақтың құжаттары әлденеше рет ғылыми айналымға түсірілген. Көбінесе советтік кезеңдегі тарихшы-зерттеушілер құжаттарды талдау нәтижесінде сол кездегі идеологияға сәйкес тұжырымдар жасаған. Сол себепті құжаттарды сыни талдаудың, тың тарихи таным тұрғысында ой елегінен өткізудің қажеттілігі анық байқалады.

1969 жылы В.П. Юдиннің басшылығымен «XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихы бойынша материалдар» («Материалы по истории Казахских ханств в XV–XVIII веках») атты жинақтар жарияланды (Материалы, 1969). Бұл жинақ бір жағынан тарихшы-зерттеушілердің ізденістерін айтарлықтай жеңілдетсе, екінші жағынан оларды тың архив деректерін ғылыми айналымға түсіруге итермеледі. Жинақ



құжаттарының құндылығы әлі де жоғары. Сондықтан да оларды мемлекеттің сыртқы саяси байланыстарын бағамдауда пайдалануға болады.

XVII-XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты, қазақтардың моғолдармен, Шейбанидтермен, Аштарханидтермен, қырғыздар және қалмақтармен сыртқы байланыстары турасында мәліметтер О.Ф. Акимушкин аударып, дайындаған Шах Махмұд Шорастың «Хроникаларынан» орын алған (Шах-Махмуд, 2010). Хроникаларға енгізілген материалдар сыртқы саясатта нақтылайтын, салыстырмалы түрде қарастыратын түйткілдерді зерделеуде айтарлықтай мәнді ақпарат береді.

Тәуелсіздік жылдары, яғни постсоветтік кезеңде Қазақ хандығының тарихын алдыңғы уақыттардағы ғылыми дәстүрге сәйкес зерделеу өз жалғасын тапты. Зерттеулердің қатары көбейіп қана қоймай, олардың деректік базасы кеңейді. Араб, парсы, қытай, түрік, монғол және т.б. тілдердегі түпнұсқа деректер мен материалдар талданып, тың ғылыми тұжырымдар жасалды. Жаңа тарихи таным, тың методологиялық ұстанымдар бойынша дайындалған зерттеулер жарияланды. Соларда XVII-XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты біршама көрініс тапты. Мәселен, М. Әбусейтованың XV–XVII ғасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азияның саясаты, тарихы және дипломатиясына арналған іргелі зерттеуінде XVII ғасырдағы Қазақ хандығы арнайы қарастырылған тараушада Есім хан мен Аштарханидтер арасындағы қатынастар баяндалады (Әбусейтова, 2002). Өзге тарихшылар тәрізді Имам Құлдың Ташкентті басып алуы, оның Тұрсын Мұхаммед ханмен соғысы, қазақ хандарының Моғолстанмен байланыстарына тоқталды. Автор «қазақ хандарының сыртқы саясаты дәстүрлі екі әдіспен бейбіт жолмен және соғыс арқылы жүзеге асырылғандығын» баса көрсетті (Әбусейтова, 2002: 140). Ғалымның пікірінше, келісімдерге келу және елшіліктерді аттандыру XVI-XVII ғасырларда мемлекетаралық қатынастардың қалыпты норма болған (Әбусейтова, 2002: 140). Қазақ хандығының сыртқы саясатында елшілер, хабаршылар, жаушылар маңызды рөл атқарған. Іргелі еңбекте XV–XVII ғасырлардағы Қазақстанның Орталық Азия елдерімен және халықтарымен өзара байланыстары айтылады. Бұл қатынастардың әртүрлі болғандығын анықтай келе, Қазақ хандығының Хиуа, Бұхара, Қоқан және т.б. елдермен дипломатиялық келіссөздердің жасалғандығы туралы жазды болған (Әбусейтова, 2002: 165). XVIII ғасырдың басындағы сыртқы саяси байланыстардың ерекшеліктерін айқындады. «XVIII ғасырдың басында Орталық Азияның халықаралық қатынастар жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алды. XVIII ғасырдың ортасына дейін аймақта ірі әрі ықпалды мемлекет Жоңғар хандығы болды. Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарға Цин империясы мен Ресей ерекше ықпал ете бастады» деген тұжырымы көрсетілген кезеңдегі Қазақстанның сыртқы саяси байланыстарының күрделі болғандығынан хабар береді (Әбусейтова, 2002: 151). Автор XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-қырғыз, қазақ-орыс, қазақ-ойрат, қазақ-қарақалпақ қатынастарына да тоқталды.

XVII-XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихын зерделеуде К. Хафизованың дербес зерттеуінің маңызы зор (Хафизова, 2019). Ғалым XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығының дипломатиясы тарихын арнайы әрі кешенді түрде зерттеген. Ғалым қазақ дипломатиясын екі кезеңге бөлген. Солардың XV–XIX ғасырдың бірінші ширегін қамтыған алғашқы кезеңі Қазақ хандығының сыртқы саясатын зерделеуге септігін тигізеді. «Төле бидің сыртқы саяси қызметі» атты тараушасында баяндалған оқиғалар XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясатының бағыттарын айқындауға мүмкіндік берсе, «Жоңғар ханы Даваци» тараушасы қазақ-жоңғар қатынастарының қыр-сырын түсінуге жол ашады.



«Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы» тақырыбындағы ұжымдық монографияда XVII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты қысқаша баяндалады (Аяған, 2011) «...1618–1621 жж. соғыс қазақтарға жеңіс әкелді. Бұл жылдары Қазақ хандығы батыста Үлкен Ноғай Ордасымен, шығыста Моңғол хандығымен (Алтын хан мемлекетімен) әскери одақ құрды. Есім хан бастаған қазақ әскерлері ойраттарға соққы беріп, оларды қазақ жерінен Сібір аймақтарына қарай ығыстырды» деген сипаттамалар – айтылғанның дәлелі (Аяған, 2011:161). Ұжымдық зерттеуде Есім ханның Ташкентке жорығы, XVII ғасырдың 30–70 жылдарындағы сыртқы саяси байланыстар, Жоңғар мемлекетімен, Бұхар хандығымен қарым-қатынастар айтылады. XVII ғасырдың соңы және XVIII ғасырдың басындағы Тәуке хан саясаты баяндалады. Ғалымдардың тұжырымдауынша «Әз Тәуке хан үкіметі жер көлемі өсіп, қуаттана түскен Ресей патшалығымен бейбіт қатынастары баянды етуге зор көңіл бөледі. Әуелі, XVII ғасыр соңында Қазақстан мен Ресей арасында сауда байланыстары нығая түсті. Сауда керуендері екі жаққа да тиімді қызмет етті. Елшілік байланыстары жиіледі» (Аяған, 2011: 175).

Қазақ хандығының тарихын заңтану ғылымы тұрғысынан зерттеген М.А. Сәрсенбаевтың монографиясы – тарихшылар үшін қажетті әрі тартымды (Сарсембаев, 2015). «Қазақ хандығының (жүздердің) халықаралық құқық субъектісі тұңғыш қазақ мемлекетінің егемендігінің көрінісі ретінде» тақырыбындағы тарауында Қазақ хандығы тарихындағы халықаралық құқықтық дереккөздер, елшілік құқығы зерделенген.

Бес томдық «Қазақстан тарихы» басылымының 2-томында елдің XVII ғасырдағы ішкі саяси және халықаралық жағдайы көрініс тапты (Қазақстан тарихы, 1998). Академиялық ұжымдық зерттеуде жасалған «Қазақ хандарының Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарымен: Тұрсынның Жаркент пен Қашғар ханы Абд әл-Латиф (Аппак) ханмен, Есімнің Шалыш пен Турфан билеушісі Абд ар-Рақым ханмен одақтастық қатынастары XVII ғасырдың бас кезіне жатады» деген тұжырым аталған кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы саясатының көпвекторлы әрі күрделі сипатты иеленгендігін айғақтайды (Қазақстан тарихы, 1998: 427). Уақыт өткен сайын хандықтың сыртқы саясаты күрделене түскен. Әсіресе қазақ-жоңғар қатынастары шиеленіскен. Сондықтан да XVII ғасырдың 30–50-жылдары Есім ханның жоңғар факторымен үнемі санасып отыруына тура келді. Ол Есімнің сыртқы саяси қызметте негізгі бағыты болды және қазақ қоғамының ішкі өміріне едәуір ықпал етті (Қазақстан тарихы, 1998: 429). XVIII ғасырдың басында жоңғар факторы сыртқы саясатқа ғана емес қазақ мемлекетіне, халықтың өмір сүруіне қауіп төндірді.

Э.Д. Телеуованың диссертациясында Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы зерделенген (Телеуова, 1999). Тарихшы хандықтың сыртқы саясатын арнайы зерттеуді мақсат етпесе де Тәуке ханның көрші елдермен саяси байланыстарына тоқталды. Билеушінің көршілес мемлекеттермен бейбіт шаруашылық, сауда-саттық байланыстар, жоңғарлармен тату қарым-қатынастар орнатуға ұмтылғандығын көрсетті. Болашақ зерттеушілерге мәселені жаңаша зерттеудің бағыттарын айқындап берді.

Соңғы жылдары отандық тарих ғылымында бұл мәселені арнайы қарастырған еңбектер пайда бола бастады. Мәселен, Б.А. Ғабдулина XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасын зерттеді (Ғабдулина, 2005). Хандықтың біртұтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы Тәуке ханның сыртқы саясатын, қырғыздармен, қарақалпақтармен әскери одақ құруға қол жеткізгендігі айтылды. Жоңғар хандығынан төнген қатерге байланысты Ресей және Орта Азия хандықтарына елшіліктер жіберіп отырғандығы тарихи деректердің негізінде дәйекті түрде көрсетілді.



Күрделі әрі байыппен зерделеуді қажет ететін тақырыптарды зерттеу арқылы жас ғалым отандық тарих ғылымының дамуына елеулі үлес қосты.

Шығыстану институтының маманы Ғалия Қамбарбекова Қазақ хандығының тарихын терең зерттеуде Үндістан мен Иранға арнайы іс сапармен барды. Нәтижесінде ғалым бұл елдердің ұлттық кітапханаларынан қазақ хандары мен Иран шахтары арасындағы жағымды дипломатиялық қарым-қатынасты дәлелдейтін құжаттарды тапты. Бұрын-соңды ғылымда беймәлім болған тарихи деректерді анықтап, мәселені зерделеудің деректік базасын кеңейтті. Тың құжаттар мен материалдар негізінде бірқатар еңбектер жариялады. Солардың арасында «Қазақстан Республикасының Ұлттық және ғылыми кітапханасының қорларында сақталған Мунши Наваль Кишор баспасынан шыққан парсы кітаптары» атты еңбегі ерекшенеледі (Қамбарбекова, 2017). «Сефевидтер билігі тұсындағы дипломатиялық хат алмасулар» тақырыбындағы мақаласы қазақ-парсы сыртқы саяси байланыстарының, дипломатиясының сипатын, бағытын және мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді (Қамбарбекова, 2012). «Исфаһандық Әли Раузатидың қолымен жазылған және жинақталған дипломатиялық хаттар жинағына сарай хаттамалары мен дипломатиялық хаттардың көшірмесі енген. Атап айтқанда, орыс патшасы, қалмақ ханы, қазақ ханы, өзбек ханы мен Осман императорына жазған хаттардың мәтіндері қамтылған. Соның ішіндегі ең маңыздысы II Аббас шахтың қазақ ханы Тәуке ханға жазған хаты болып табылады. Бұл дипломатиялық хатта, қазақ ханы Тәуке ханнан хат келгендігі және ол хатты Тәуке ханның елшісі Бақибек елші арқылы жеткізілгендегі баяндалады. Хаттың мазмұнына қарағанда қазақ ханы Иран шахымен арадағы дипломатиялық қарым-қатынасты жандандырғысы келгендігі туралы баяндалған» деген сипаттамасы маңызды болып саналады (Қамбарбекова, 2012: 11). Алайда зерттеушінің пікірінше, Иран шахтарына қазақ хандары жазған дипломатиялық хаттардың мәтіні әлі табылмаған. Мұның өзі хандықтың сыртқы байланыстарын тың деректер негізінде зерделеу дегенді білдіреді.

Қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстарын анағұрлым терең әрі жан-жақты зерделеген тарихшы Н. Атығаев болды. Оның дербес зерттеуінде XV–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихы бірнеше бағыттарда көрсетілді. Нақты айтсақ, Қазақ Елінің шибандармен, аштарханидтермен, қалмақтармен, моғолдармен, қырғыздармен, үнділермен, Ноғай ордасымен, Орыс мемлекетімен, Сефевидтік Иранмен, Осман империясымен қарым-қатынастары жеке-жеке қарастырылды. Мәселен, шибандармен сыртқы байланыстар XV–XVII ғасырларды қамтыған. XVII ғасырдағы қазақтар мен Аштарханидтердің шиеленісті әрі күреске толы өзара қарым-қатынастары ғылыми зерттеулердің негізінде анықталған. Ғалымның тұжырымдауынша XVII ғасырдың басында Бұхар хандығы мен Қазақ хандығы билеушілерінің өзара қарым-қатынастары шиеленісті болып қала берген. Мұндағы басты себеп – Ташкент қаласы. Осы кезде Есім ханның саяси қызметі ерекшеленеді. Хан бірден көпвекторлы сыртқы саяси байланыстар орнатуға ұмтылды. Қалмақтар мен Аштарханидтерге қарсы ноғай билеушілерімен бірлескен әскери-саяси одақ құрды және қырғыздармен ынтымақтасты (Атығаев, 2023: 52). Жәңгір ханның билігі тұсында қазақ-өзбек қатынастары жақсарды. Жаңа хан Жоңғар басқыншылығына байланысты Аштарханидтермен бейбіт, тіпті одақтық қатынастарда болуға тырысты. Тәуке хан да оларға елшіліктер жіберіп, дипломатиялық байланыстар орнатты. Әскери-саяси ынтымақтастықпен қатар Тәуке хан Орта Азиямен сауда қатынастарын күшейтуге мүдделі болды (Атығаев, 2023: 55, 57).

Монографияда өзге зерттеулерде қысқа ғана айтылатын қазақ-моғол қатынастары баяндалды. Н. Атығаевтың зерттеуі бойынша XVI ғасырдың соңында қазақ билеушілері Моғолстан мемлекетінің істеріне белсенді түрде араласты. Тәуекел хан моғол билеушілеріне қолдау көрсетіп отырды. Бұдан кейінгі жылдары қазақ



хандарының барлығы Тәуекел ханның саясатын ұстанды. Мәселен, қазақ сұлтаны Ескендір өзінің әскерімен Жаркент әмірішісіне қарсы шыққан Турфан мен Шалыштың билеушісі Абд ар-Рақым ханға айтарлықтай көмек берді. Кейінірек Абд ар-Рақым Есім ханға қолдау көрсетті. Есім ханның ұлы Жәңгір де Абд ар-Рақым ханның мұрагері Абдаллахпен тату көршілік қатынастар орнатты. Осы жылдары Жәңгір ханның ұлдары – Тәуке мен Әппақ елшілік миссиямен моғол ханында болды (Атығаев, 2023: 78-79).

А. Исин XV ғасырдың II-жартысы – XVI ғасырдағы Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасын арнайы зерттегені белгілі (Исин, 2002). Осы мәселені Н. Атығаев та қарастырды.

Қазақ хандығы тарихын зерттеген тарихшылардың қазақ-қалмақ (жоңғар) қатынастарына тоқталмағаны кемде-кем. Н. Атығаев мәселенің тарихи деректермен дәйектелмеген жекелеген тұстарына зерттеулер мен материалдар бойынша көз жеткізді. Оның зерделеуінше, XVI ғасырда қазақтардың қалмақтарға қарсы күресіндегі одақтастарының бірі Батыс Монғолиядағы халха-монғолдар құрған Алтын-хандар (Алтан-хандар) мемлекеті болды. Алайда В.А. Моисеев қазақтар мен халха-монғолдар (хотогойттар) арасында жасалған келсім шарттың болғандығын дәйектейтін құжаттардың жоқ екендігін жазды. Ол XVII ғасырдың басында қалмақ мәскерлеріне қарсы жорықтардың бір уақытта болғандығын жай ғана сәйкестік емес екендігін көрсеткен. Осындай пікірді ресейлік ғалым В.Т. Тепкеев те білдірген. А.И. Исин 1616 жылы ойраттарға қарсы бірлескен жорықтар ұйымдастыру туралы қазақтар мен монғолдар арасында келіссөздер басталды деп санайды. Ал Н. Атығаевтың пайымдауынша, уақыт өте келе Алтын-хан мемлекетімен одақ Есім ханның жағдайын нығайтып, қалмақтармен қақтығыста жетістіктерді қамтамасыз етті (Атығаев, 2023: 121-122). А.И. Исиннің пікірінше, 1620 жылы басталған Есім ханның қалмақтарға қарсы шабуылы 1621 жылдың басына дейін жалғасты. Оған қазақтар, ноғайлар және халха-монғолдар қатысқан. XVII ғасырдың 50–70-жылдары Жәңгір хан Қазақ және Жоңғар хандықтары арасында өзара қатынастар салыстырмалы түрде байсалды болды (Атығаев, 2023: 138). Тәуке ханның кезінде жоңғарлар жаңа жорықтар жасады. Ол Бұхардан он мыңдық әскер алдырып, жоңғарларға қарсы шықты. Бірлескен қазақ-бұхар әскерінің жорығы сәтті аяқталды.

Н. Атығаев қазақ-қырғыз қатынастарын да қарастырды. Есім ханның тұсында екі ел арасында тығыз байланыстар орнатылып, одақ құрылған. Саяси қатынастар қалмақтарға қарсы бірлескен күресте анағұрлым белсенді бола түскен. Деректердің мәліметтерінше қырғыздарға Есім ханның ұлы Жәңгір де билік еткен. Осылайша қазақ-қырғыз өзара қатынастары екі жүз жыл сақталған (Атығаев, 2023: 153).

Отандық тарихнамада жиі айтылып, арнайы зерттеулер жүргізілген тақырыптардың бірі қазақ-орыс қатынастары екендігі белгілі. Қазақ хандығының XV ғасырдан бастау алатын Мәскеу, кейіннен Ресей мемлекеттерімен байланыстары Н. Атығаев XVII ғасырдағы қатынастармен сабақтастыра зерделеді. Оның пікірінше, қазақ-орыс қатынастары XVII ғасырдың соңында, Тәуке ханның билігі тұсында белсенді дамыған. Бұл пікірді кезінде Т. Сұлтанов та атап көрсеткен.

Н. Атығаев зерттеуінің ерекшелігі ғалым Қазақ хандығының Сефевидтік Парсы елімен саяси байланыстарды үстірт болса да қарастырған. Назар аударарлық жайт, автор Иран кітапханаларының қолжазба қорында Сефевидтік шахтардың Тәуке ханға, Жәңгір ханға XVII ғасырдың соңында жазған бірнеше хаттардың сақтаулы екендігі туралы ақпарат берген. Сол хаттардың алғашқысын II Аббас-шах Тәуке ханға 1661-1662 жылдары жолдаған (Атығаев, 2023: 169). Қазақ-парсы қатынастары XVI ғасырдан басталып, екі жүз жылға созылған. Екі мемлекет билеушілер Бұхар хандығына қарсы күресте одақ құруға мүдделі болған. Автордың Қазақ хандығы



мен Сефевидтік Иран арасындағы байланыстардың толық зерттелмегендігі, болашақта оны терең зерделеу қажеттілігі туралы пікірі қолдауға лайық (Атығаев, 2023: 170).

Дербес зерттеуде бұрын-соңды отандық тарихнамада көрініс таппаған қазақ-үнді, қазақ-түрік саяси қарым-қатынастары баяндалған. Зерттеудің басты ерекшелігі де осы болып табылады. Бұл байланыстарды да, әсіресе XVII-XVIII ғасырдың басындағы саяси қатынастарды тың архив құжаттары мен материалдары бойынша жан-жақты зерделеудің қажеттілігі анық байқалады. Дегенмен Н. Атығаев мәселені кешенді зерттеу арқылы отандық тарих ғылымына қомақты үлес қосты. Оның еңбегі болашақ жас зерттеушілерге ой салатын, бағыт беретін зерттеу екендігі даусыз.

Қорытынды. Осылайша XVII-XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының отандық тарихнамасына шолу жасалды. Осы уақытқа дейін көрсетілген кезеңдегі мемлекеттің сыртқы саяси байланыстары тарихының зерттелуі арнайы талданбағандығы анықталды. Мәселенің зерттелу деңгейін анықтау барысында негізінен тарихнамалық деректердің түрі – монографиялардың жарияланып, соларда сыртқы саяси байланыстар қосалқы түрде қарастырылғандығына көз жеткізілді. Советтік кезеңде Қазақстанның көрші елдермен сыртқы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын зерттеуде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілген. Советтік кезеңдегі зерттеушілер Қазақ хандығының Шейбан және Аштархандармен және жоңғарлармен, орыстармен сыртқы саяси қарым-қатынастарын қарастырды. Олар осы байланыстарды арнайы болмаса да қосалқы түрде айтып өтті. Дегенмен тарихшылардың жасаған тұжырымдары сол уақыттардағы идеологияға сәйкес түйінделгендіктен олар сыни талдаудан өткізуді қажет етеді. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген еңбектердің мазмұны Қазақ хандығының сыртқы саяси қатынастарын терең зерделеуді ғана емес мемлекеттердің бір біріне ықпалын тың деректер бойынша зерттеу қажеттілігін байқатады. Әсіресе қазақ-түрік, қазақ-парсы, қазақ-үнді байланыстарын бұрын-соңды ғылыми айналымға енгізілмеген архив құжаттары негізінде зерделеудің маңызы зор. Сыртқы саяси байланыстарды дамытуда ерекшеленген тарихи тұлғалардың, елшілердің есімдерін, атқарған қызметтерін жаңғыртудың ғылым үшін ғана емес Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын заман талаптарына, әлемдегі өзгерістерге сай жүргізуде пайдалы болуы мүмкін.

Әдебиеттер

Абусейтова, 2002 — *Абусейтова М.Х.* Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII веках: история, политика, дипломатия. Изд. Второе, доп. Алматы, «Дайк-Пресс», 2002. 288 с.

Акимушкин, 1970 — *Акимушкин О.Ф.* К вопросу о внешнеполитических связях Могольского государства с узбеками и казахами в 30–гг. XVI–60-х гг. XVII вв. Палестинский сборник. Вып.21(84). Ближний Восток и Иран. Л., 1970. С. 233-248. (255 с.)

Алексеев, 2006 – *Алексеев А.К.* Политическая история Тукай-Тимуридов. По материалам персидского сочинения Бахр ал-асрар. СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та. 2006. 229 с.

Атығаев, 2023 — *Атығаев Н.* Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV–XVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023. 225 с.

Ахмедов, 1965 — *Ахмедов Б.А.* Государство кочевых узбеков. М., Изд-во «Наука, Гл. Ред. вост. литературы, 1965. 195 с.

Аяған, 2011 — *Аяған Б.Ф.* Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2011. 320 б.

Басин, 1969 — *Басин В.Я.* Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века // Казахстан в XV–XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1969. С.50-145.

Басин, 1971 — *Басин В.Я.* Россия и казахские ханства в XVI–XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). Алма-Ата, Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1971. 275 с.

Ғабдулина, 2005 — *Ғабдулина Б.А.* Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы (XVII ғ. соңы мен XVIII ғ. бірінші жартысы). Т.ғ.к... дисс. Алматы, 2006 131б.

Златкин, 1964 — *Златкин И.Я.* История Джунгарского ханства. 1635–1758. М., Наука, 1964. 482 с.



- Иванов, 1935 — *Иванов П.П.* Очерк истории каракалпаков//Материалы по истории каракалпаков. Сборник. М.Л., Изд-во АН СССР, 1935. С. 9-90.
- Иванов, 1958 — *Иванов П.П.* Очерки по истории Средней Азии (XVI–середина XIX в.). М, Изд-во восточной литературы, 1958. 247 с.
- Исин, 2002 — *Исин А.* Казахское ханство и Ногайская орда во второй половине XV–XVI в. Семипалатинск, Тенгри, 2002. 139 с.
- Камбарбекова, 2017 — *Камбарбекова Г.А.* Персидские книги издательства Мунши Навап Кишор, сохранившиеся в фондах Национальной и Научной Библиотеки РК. Вестник КазНУ. Серия востоковедения. №1 (80). 2017. С.213–217.
- Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, 1961 — *Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках.* Сб. док. и материалов. Сост.: Ф.Н. Киреев и др. Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1961. 743 с.
- Қазақ ССР тарихы, 1983 — *Қазақ ССР тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 2-т. Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. 440 б.
- Қазақстан тарихы, 1998 — *Қазақстан тарихы* Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. II т. Алматы: «Атамұра», 1998. 640 б.
- Қамбарбекова, 2012 — *Қамбарбекова Ғ.Ә.* Сефевидтер билігі тұсындағы дипломатиялық хат алмасулар// «Қазақстан және шығыс елдері: тарихы мен бүгіні» Юдин оқулары материалдары. Алматы: 2012 ж. 30 наурыз. Жауапты ред. Д.Т. Көптілеуова. Алматы, 2012. 5-13 б. (342 б.).
- Лаумулин, 2019 — *Лаумулин М.Т.* Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу. Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. 472 б.
- Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков., 1969 — *Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений).* Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов. К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата, Наука, 1969. 651 с.
- Материалы по истории русско-монгольских отношений, 1959 — *Материалы по истории русско-монгольских отношений* Сб. док. Отв. ред. И.Я. Златкин. М., Изд-во Восточной литературы, 1959. 350 с.
- Моисеев, 1991 — *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 238 с.
- Пищулина, 1969 — *Пищулина К.А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVII веках//Казахстан в XV–XVIII веках. Вопросы социально-политической истории. Алма-Ата, Наука, 1969. С. 5-49. (204 с.).
- Сабырханов, 1965 — *Сабырханов А.* Казахско-русские отношения в 50–90-х гг. XVIII в. Автореф. к.и.н. Алма-Ата, 1965. 19 с.
- Сабырханов, 1970 — *Сабырханов А.* Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (Қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). Алматы: ҚазССР-нің «Ғылым» баспасы, 1970. 139 б.
- Сарсембаев, 2015 — *Сарсембаев М.А.* Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015. 342 с.
- Сулейменов, 1983 — *Сулейменов Р.Б.* Внешнеполитические связи Казахстана XVI–XVIII вв. в советской историографии//Казахстан. Средняя и Центральная Азия в XV–XVIII вв. Алма-Ата, Наука, 1983. С.8-34.
- Султанов, 1999 — *Султанов Т.И.* Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). М.: Изд-во Наука, 1982. 134 с.
- Телеуова, 1999 — *Телеуова Э.Д.* Тәуке (Тәуекел-Мұхамед-Батыр Хан) тұсындағы Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы. Т.ғ.к... дисс. Алматы, 1999. 136 б.
- Хафизова, 2019 — *Хафизова К.Ш.* Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках. Нур-Сұлтан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 476 с.
- Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас., 2010 — *Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас* Хроника. Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О.Ф. Акимовича. 2-е изд. СПб: Петербургское лингвистическое общество, 2010. 496 с.

References

- Abuseitova, 2002 — *Abuseitova M.* Kazakhstan i Centralnaya Aziya v XV–XVII vekah: istoriya, politika, diplomatiya. [Kazakhstan and Central Asia in the XV–XVII centuries: history, politics, diplomacy.]. Izd. Vtoroe, dop. Almaty, «Dajk-Press», 2002. 288 p. (In Rus.)
- Ahmedov, 1965 — *Ahmedov B.A.* Gosudarstvo kочевыh uzbekov. [The State of the nomadic Uzbeks]. М., Изд-во «Наука, Gl. Red.vost.literatury, 1965. 195 p. (In Rus.)



Akimushkin, 1970 — *Akimushkin O.F.* K voprosu o vneshnepoliticheskikh svyazyah Mogolskogo gosudarstva s uzbekami i kazahami v 30–gg. XVI–60-h gg. XVII vv. Palestinskij sbornik. [On the issue of the Mughal state's foreign policy relations with Uzbeks and Kazakhs in the 30s of the XVI–60s of the XVII century. The Palestinian collection.]. Vyp.21(84). Blizhnij Vostok i Iran. L., 1970. Pp. 233-248. (255 p.). (In Rus.)

Alekseev, 2006 — *Alekseev A.K.* Politicheskaya istoriya Týkai-Timýridov. Po materialam persidskogo sochinennia Bahr al-asrar. [The political history of the Tukai Timurids. Based on the materials of the Persian work Bahr al-asrar.]. SPb.: Izd-vo S.-Peterb. ún-ta. 2006. 229 p. (In Rus.)

Atygaev, 2023 — *Atygaev N.* Kazahskoe hanstvo: ocherki vneshnepoliticheskoy istorii XV–XVII vekov. [The Kazakh Khanate: essays on the foreign policy history of the XV–XVII centuries]. Almaty: Evrazijskij nauchno-issledovatel'skij institut MKTU im. H.A. Yasavi, 2023. 225 p. (In Rus.)

Ayagan, 2011 — *Ayagan B.G.* Qazaq handygy tarihy: qurylyy, orleyi, quldyrayy. [The history of the Kazakh Khanate: creation, rise, decline.]. Almaty: «Sozdik-Slovar», 2011. 320 p. (In Kaz.)

Basin, 1969 — *Basin V.Ya.* Kazahstan v sisteme vneshnej poitiki Rossii v pervoj polovine XVIII veka [Kazakhstan in the system of Russian foreign policy in the first half of the XVIII century] //Kazahstan v XV–XVIII vekah (Voprosy socialno-politicheskoy istorii). Alma-Ata: Izd-vo «Nauka» Kazahskoj SSR, 1969. Pp. 50-145. (In Rus.)

Basin, 1971 — *Basin V.Ya.* Rossiya i kazahskie hanstva v XVI–XVIII vv. (Kazahstan v sisteme vneshnej politiki Rossijskoj imperii). [Russia and the Kazakh states in the XVI–XVIII centuries. (Kazakhstan in the system of foreign policy of the Russian Empire)]. Alma-Ata, Izd-vo «Nauka» Kazahskoj SSR, 1971. 275 p. (In Rus.)

Gabdylina, 2005 — *Gabdylina B.A.* Qazaq handygynyn korshi memlekettermen qarym-qatynasy (XVII g. sony men XVIII g. birinshi jartysy). [Relations of the Kazakh Khanate with neighboring states (late XVII - first half of XVIII century)]. t.g.k... diss. Almaty, 2006 131p. (In Kaz.)

Hafizova, 2019 — *Hafizova K.Sh.* Stepnye vlastiteli i ih diplomatiya v XVIII–XIX vekah. [Steppe rulers and their diplomacy in the XVIII–XIX centuries.]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 2019. 476 p. (In Rus.)

Isin, 2002 — *Isin A.* Kazahskoe hanstvo i Nogaj'skaya orda vo vtoroj polovine XV–XVI v. [The Kazakh Khanate and the Nogai Horde in the second half of the XV–XVI centuries.]. Semipalatinsk, Tengri, 2002. 139 p. (In Rus.)

Ivanov, 1935 — *Ivanov P.P.* Ocherk istorii karakalpakov. [An essay on the history of the Karakalpaks] // Materialy po istorii karakalpakov. Sbornik. M.L., Izd-vo AN SSSR, 1935. Pp. 9-90. (In Rus.)

Ivanov, 1958 — *Ivanov P.P.* Ocherki po istorii Srednej Azii (XVI–seredina XIX v). [Essays on the history of Central Asia (XVI–mid-XIX century)]. M, Izd-vo vostochnoj literatury, 1958. 247 p. (In Rus.)

Kambarbekova, 2017 — *Kambarbekova G.A.* Persidskie knigi izdatelstva Mynshi Naval Kishor, sohranivshiesia v fondah Natsionalnoi i Nauchnoi Biblioteki RK. [Persian books published by Munshi Nawal Kishor, preserved in the fund of the National and Scientific Library of the Republic of Kazakhstan.]. // Vestnik KazNÝ. Seriya vostokovedennia. №1 (80). 2017. Pp 213–217. (In Rus.)

Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah, 1961 — *Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah.* [Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah], Sb. dok. i materialov. Sost.: F.N. Kireev i dr. Alma-Ata: Izd-vo Akad. nauk KazSSR, 1961. 743 p. (In Rus.)

Laymylin, 2019 — *Laymylin M.T.* Alemdik orientalistikadagy Qazaqstan: Sheteldik shygystanydagy qazaqtardyn tarihy, madenietin jane etnografiasyn zerttey. [Kazakhstan in World Orientalism: study of the history, culture and Ethnography of Kazakhs in foreign Oriental Studies]. Nur-Cultan: QR Prezidenti janyndagy QSZI, 2019. 472 p. (In Rus.)

Materialy po istorii kazahskih hanstv XV–XVIII vekov, 1969 — *Materialy po istorii kazahskih hanstv XV–XVIII vekov* (Iz vlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochinenij). [Materials according to the history of the Kazakh khanstv of the XV–XVIII centuries (derived from the Persian and tyurk sochinenii)]. Sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov. K.A. Pishulina, V.P. Yudin. Alma-Ata, Nauka, 1969. 651 p. (In Rus.)

Moiseev, 1991 — *Moiseev V.A.* Dzhungarskoe hanstvo i kazahi (XVII–XVIII vv.). [The Dzungarian Khanate and the Kazakhs (XVII–XVIII centuries)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 238 p. (In Rus.)

Pishulina, 1969 — *Pishulina K.A.* Prisyrdarinskije goroda i ih znachenie v istorii kazahskih hanstv v XV–XVII vekah. [The Syrdarya cities and their importance in the history of the Kazakh khanates in the XV–XVII centuries]//Kazahstan v XV–XVIII vekah. Voprosy socialno-politicheskoy istorii. Alma-Ata, Nauka, 1969. Pp. 5-49. (204 p.). (In Rus.)

Qambarbekova, 2012 — *Qambarbekova G.A.* Sefevidter biligi tusyndagy diplomatiialyq hat almasylyar. [Diplomatic correspondence during the Safavid rule]// «Qazaqstan jane shygys elderi: tarihy men bugini» Udin oqylary materialdary. Almaty: 2012 j. 30 nauryz. Jayapty red. D.T. Koptileyova. Almaty, 2012. Pp. 5-13. (In Kaz.)

Qazaq KSR tarihy, 1983 — *Qazaq KSR tarihy* (kone zamannan buginge deiin). [The history of the Kazakh SSR from ancient times to the present day] Bes tomdyq. 2-t. Almaty: Qazaq KSR-iin «Gylym» baspasy, 1983. 440 p. (In Kaz.)



Qazaqstan tarihy, 1998 — *Qazaqstan tarihy. Kone zamannan buginge deiingi*. Bes tomдық. II t. [The history of Kazakhstan from ancient times to the present day]. Almaty: «Atamura», 1998. 640 p. (In Kaz.)

Sabyrhanov, 1965 — *Sabyrhanov A. Kazahsko-russkie otnosheniya v 50–90-h gg. XVIII v.* [Kazakh-Russian relations in the 50-90s of the XVIII century.]. Avtoref. k.i.n. Alma-Ata, 1965. 19 p. (In Rus.)

Sabyrhanov, 1970 — *Sabyrhanov A. Qazaqstan men orystyn XVIII gasyrdagy qarym-qatynastary* (Qazaqtyn kishi juzine qatysty malimetter negizinde). [Relations between Kazakhstan and Russians in the XVIII century (based on data concerning the Kazakh junior zhuz)]. Almaty: Qazssr-nin «Gylym» baspasy, 1970. 139 p. (In Kaz.)

Sarsembaev, 2015 — Sarsembaev M.A. *Kazahskoe hanstvo kak suverennoe gosudarstvo srednevekovoj epohi*. [The Kazakh Khanate as a sovereign state of the medieval epoch]. – Astana: GU «Institut zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan», 2015. 342 p. (In Rus.)

Shah-Mahmud ibn Mirza Fazil Churas, 2010 — *Shah-Mahmud ibn Mirza Fazil Churas. Hronika. Kriticheskij tekst, pederevod, kommentarii, issledovanie i ukazateli O.F. Akimushkina*. [The chronicle. Critical text, translation, comments, research and indexes by O.F. Akimushkin.]. 2-e izd. SPb: Peterburgskoe lingvisticheskoe obshestvo, 2010. 496 p. (In Rus.)

Suleimenov, 1983 — *Suleimenov R.B. Vneshnepoliticheskie svyazi Kazahstana XVI–XVIII vv. v sovetskoj istoriografii*. [Foreign policy relations of Kazakhstan in the XVI–XVIII centuries in Soviet historiography] //Kazahstan. Srednyaya i Centralnaya Aziya v XV–XVIII vv. Alma-Ata, Nauka, 1983. Pp.8-34. (In Rus.)

Sultanov, 1982 — *Sultanov T.I. Kochevye plemena Priaralya v XV–XVII vv. (Voprosy etnicheskoj i socialnoj istorii)*. [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XV–XVII centuries. (Issues of ethnic and social history)]. M.: Izd-vo Nauka, 1982. 134 p. (In Rus.)

Teleyova, 1999 — *Teleyova E.D. Tauke (Taukel-Muhamed-Batyr Han) tusyndagy Qazaq handygynyn sayasi, aleymettik jane ekonomikalyq ahyaly*. [Political, social and economic situation of the Kazakh Khanate under Tauke (Taukel-Mukhamed-batyr Khan)]. t.g.k... diss. Almaty, 1999. 136 p. (In Kaz.)

Zlatkin I.Ya. (ed.) *Materialy po istorii russko-mongolskih otnoshenii, 1959 — Materialy po istorii russko-mongolskih otnoshenii*. [Materials on the history of Russian-Mongolian relations]. Sb. dok. Otv. M., Izd-vo Vostochnoj literatury, 1959. 350 p. (In Rus.)

Zlatkin, 1964 — *Zlatkin I.Ya. Istoriya Dzhungarskogo hanstva. 1635–1758*. [The history of the Dzungarian Khanate. 1635–1758.]. M., Nauka, 1964. 482 p. (In Rus.)



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 3, pp. 582-595, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_582-595

РЕСЕЙЛІК БИЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР ИНСТИТУТЫ: БЕЛГІЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XVIII-XIX ғғ.)

Бибігүл Сейілқызы Абенова¹, Дәулет Құсайынұлы Әбенів²

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(Шевченко, 28, 050010, Алматы, Қазақстан)
<https://orcid.org/0000-0002-1784-9874>. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

²Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
(Достық, 13, 050010, Алматы, Қазақстан)
<https://orcid.org/0009-0008-3140-9227>. E-mail: aben_60@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024
© Абенова Б.С., Әбенів Д.Қ., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада империялық Ресейдің билік жүйесіндегі генерал-губернатор институтының белгілері мен ерекшеліктері баяндалады. Ресей империясының иеліктерін басқару ісіндегі генерал-губернаторлықтың жетілдірілуі, оны әскери-саяси құрылымға ұластыру қажеттілігі талданады. Генерал-губернаторлықтарға берілген кең құқықтар мен шексіз билік ұлт аймақтарды отарлауға кеңінен жол ашты. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері* - генерал-губернатор институтын архивтік, басқа да жазба деректер және тарихи зерттеулер негізінде сипаттау. Оның Ресей империясының әкімшілік-саяси жүйесіндегі орны мен ролін көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада генерал-губернатор институтының пайда болуы, империя тарапынан жетілдірілу тарихы сөз болады. Генерал-губернатор институтының ерекше белгілері, оның билігінің құқықтық, жеке, әскери, төтеншелік, саяси сипаттары анықталды. Нәтижесінде қазақ өлкесінде құрылған генерал-губернаторлықтар да осы сипаттарды иеленген билік жүйесіне айналды. *Қорытынды.* Генерал-губернаторлардың орны мен ролі, олардың шет аймақтардағы жағдайы заңдық тұрғыда анықталды. Генерал-губернаторға саяси қадағалау және жергілікті әкімшілікті әскери-саяси басқару функциясы жүктелді. Әкімшілік реформалар негізінде қазақ өлкесінде кең құқықтар мен шексіз билікті иеленген генерал-губернаторлықтар құрылды.

Түйін сөздер: Генерал-губернатор институты, губернатор, әскери губернатор, империя, отарлау, әкімшілік-территориялық бөлініс

Алғыс айту: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Батыс Сібір қазақтарын басқару құрылымдары: XVIII ғ.соңы - XIX ғ.» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу номері AP23489137).



Дәйексөз үшін: Абенова Б.С., Әбенев Д.Қ. Ресейлік билік жүйесіндегі генерал-губернатор институты: белгілері мен ерекшеліктері // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. Б. 582-595. (Қаз.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_582-595

THE INSTITUTE OF THE GOVERNOR-GENERAL IN THE RUSSIAN SYSTEM OF GOVERNMENT: SIGNS AND FEATURES (XVIII-XIX centuries)

Bibigul S Abenova¹, Daulet K Abenov²

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Leading Researcher
Ualikhanov Institute of History and Ethnology
(Shevchenko, 28, 050010, Almaty, Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0002-1784-9874>. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer
Abai Kazakh National Pedagogical University
(Dostyk, 13, 050010, Almaty, Kazakhstan)
<https://orcid.org/0009-0008-3140-9227>. E-mail: aben_60@mail.ru

© Ualikhanov IHE., 2024

© Abenova B.S., Abenov D.K., 2024

Abstract. *Introduction.* The article outlines the signs and features of the institution of governor-general in the system of government of imperial Russia. The improvement of the General Government in the management of the possessions of the Russian Empire and the need for its transformation into a military-political structure are analyzed. The extensive rights and unlimited power granted to Governors General paved the way for the colonization of territories by the nation. *The goals and objectives of the study* are to describe the institution of the Governor-General based on archival and other written data and historical research. To show its place and role in the administrative and political system of the Russian Empire. *Results.* The article deals with the history of the emergence of the institution of governor-general and its improvement on the part of the empire. The special features of the institution of the Governor-General, the legal, personal, military, emergency, and political nature of his rule are revealed. As a result, the governors-general formed in the Kazakh region also became a system of government bearing these features. *Conclusion.* The place and role of the Governor-General and their position on the determined by law. The Governor General was entrusted with the function of political supervision and military-political management of the local administration. Based on administrative reforms, governor generals were created, which had broad rights and unlimited government in the Kazakh region.

Key words: Institution of the Governor-General, Institute of Governors, military governor, empire, colonization, administrative-territorial division

Acknowledgment: the article was carried out within the framework of the implementation of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Management structures of the Kazakhs of Western Siberia: the end of the XVIII - XIX centuries)» (registration number AP23489137).

For citation: Abenova B.S., Abenov D.K. The institution of the governor-general in the system of Russian government: signs and features // Otan tarihy. 2024. Vol. № 3. Pp. 582-595. (in Kaz.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_582-595



ИНСТИТУТ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРА В РОССИЙСКОЙ СИСТЕМЕ ВЛАСТИ: ПРИЗНАКИ И ОСОБЕННОСТИ (XVIII-XIX вв.)

Бибигуль Сейловна Абенова¹, Даулет Кусайнович Абенов²

¹Кандидат исторических наук, доцент, ведущий научный сотрудник
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова
(Шевченко, 28, 050010, Алматы, Казахстан)
<https://orcid.org/0000-0002-1784-9874>. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

²Кандидат исторических наук, старший преподаватель
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(ул. Достык, 13, 050010, Алматы, Казахстан)
<https://orcid.org/0009-0008-3140-9227>. E-mail: aben_60@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч.Валиханова, 2024

© Абенова Б.С., Абенов Д.К., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются признаки и особенности института генерал-губернаторства в системе власти Российской империи. Анализируется совершенствование института генерал-губернаторства империи, необходимость его расширения в военно-политическую структуру. Широкие полномочия и неограниченная власть, предоставленные генерал-губернаторствам, открыли путь к колонизации национальных окраин. *Цель и задачи исследования* – охарактеризовать институт генерал-губернаторства на основе архивных и письменных источников, исторических исследований, показать его место и роль в административно-политической системе Российской империи. *Результаты.* В статье отражается создание и формирование, а также история совершенствования института генерал-губернаторства. Определены особенности института генерал-губернаторства и юридический, личный, военный, чрезвычайный, политический характер его власти. Созданным в казахской степи генерал-губернаторствам, также предоставлены широкие полномочия и неограниченная власть в управлении казахами. *Выводы.* Место и роль генерал-губернаторов, их статус в управлении национальными окраинами определены на законодательной основе. На генерал-губернатора возложена функция политического надзора и военно-политического управления местной администрацией. На основе административных реформ в казахской степи учреждены институты генерал-губернаторства, обладающие широким спектром прав и неограниченной властью.

Ключевые слова: Институт генерал-губернатора, губернатор, военный губернатор, империя, колонизация, административно-территориальное деление

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Структуры управления казахами Западной Сибири: конец XVIII в. – XIX век») (регистрационный номер AP23489137).

Для цитирования: Абенова Б.С., Абенов Д.К. Институт генерал-губернатора в Российской системе власти: признаки и особенности (XVIII-XIX вв.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 582-595. (на каз.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_582-595



Кіріспе. XVIII ғасырдың соңынан шекаралық өлке деп танылған қазақ даласы XIX ғасырдың ортасында империяның ішкі бөлігіне айналды. Бұл процесс ресейлік биліктің қазақтарды басқару жөніндегі бірнеше заңдық құжаттары мен саяси шараларының негізінде жүзеге асырылды. Өлкені отарлық иелену бағытында қабылданған әкімшілік шаралар барысында қазақ даласын бақылау мен басқаруды шын мәнінде өз қолына жинақтаған билеу органдары қалыптасты. Империяның аймақтарды басқару ісінде тәжірибеден өткен, сенімді, құзырлы органы генерал-губернатор институты болды. Бұл институттың Ресейдің билік жүйесінде пайда болу, қалыптасу, жетілу тарихын, оның заңдық негізін зерттеу империяның XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасыр бойы қазақтарды басқару құрылымдарын жасақтау бағытындағы саясатын ашып көрсету үшін маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақала архив деректерін, құжаттар жинақтарын саралауға негізделіп дайындалды. Негізгі дереккөздер ретінде Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінің, Орынбор облыстық Мемлекеттік Архивінің, Ресей мемлекеттік Әскери-тарихи Архивінің құжаттары пайдаланылды. Мәселені зерделеуде архивтер қорларындағы Ресей империясы заңдарының Толық жинағы, губернияларды басқаруға қатысты императорлардың Жарғылары мен заңдық актілері, революцияға дейін жарияланған құжаттар жинақтары, XIX ғасыр бойы қазақ өлкесін басқаруға қатысты енгізілген әкімшілік реформалардың түп мәтіндері қолданылды. Мақалада осындай деректерді зерделеу негізінде генерал-губернатор институтының белгілері мен ерекшеліктерін ашып көрсетуге әрекет жасалды.

Методологиялық тәсілдер ретінде тарихи зерттеудің диалектикалық тәсілдерімен тығыз байланыстағы тарихилық, объективтілік принциптер басшылыққа алынды. Мәселеге қатысты тарихи зерттеулердегі деректерді, мәліметтерді салыстыру, талдау, сипаттай баяндау әдістері қолданылды. Зерттеу мәселесінің барлық тұстарын жан-жақты талдау, қорытындылар жасау арқылы тарихи шындықтың объективті түрде бейнеленуіне әрекет жасалды.

Талқылау. XIX ғасыр тарихнамасында Ресейдің билік жүйесіндегі генерал-губернаторлық институттың қазақ даласында қалыптасуына, оның белгілеріне қатысты орыс зерттеушілері И. Крафттың, М.А. Терентьевтің, А.И. Левшиннің, М. Венюковтің, И.Ф. Бабковтың, П. Румянцевтің, В. Долинскийдің, Ф. Лобысевичтің еңбектері ерекше атап өтіледі. Мысалы, И. Крафттың еңбегінде (Крафт, 1898а: 88-503) Ресейдің қазақ қоғамын әкімшілік иеленуге, қазақ жерін отарлауға қатысты нұсқаулары, жарғылары, заңдары, ережелері талданған. М.А. Терентьевтің Орта Азияның жаулану тарихына қатысты еңбегінде (Терентьев, 2012, 360-423) Ресей империясының ұлттық аймақтарда жүргізген саясаты, отарлау барысы, қазақ жерінде «тыныштық орнату» мақсатында жүзеге асырған әскери-саяси шаралары туралы мол мәліметтер берілген. А.И. Левшин XIX ғасырдың басына дейін қазақ қоғамында «азаматтық құрылым» мен мемлекеттіліктің болмағанын (Левшин, 1996: 539) сөз етеді. Автор хан билігі, «халық» жиыны, жергілікті билік пен патша өкіметінің XVIII-XIX ғасырдың басындағы Орта Азияға қатысты саясаты туралы баяндайды.

Империялық Ресейдің XIX ғасырда қазақ өлкесінде жүргізген әкімшілік реформаларының жинағын (Материалы по введению русской политической системы управления в Казахстане, 1999: 11-252) зерделеу генерал-губернатор институтының құрылымын, қызметін күшейту бағытында енгізілген өзгерістерді бақылауға мүмкіндік берді.

Жалпы қазақстандық тарихнамада ресейлік билік жүйесіндегі генерал-губернатор институтының тарихына қатысты тұтас зерттеулер жоқ. Зерттеу нысанының кейбір тұстары және оның қазақтарды билеу жүйесіндегі орны ғана ішінара қарастырылады.



Атап айтатын болсақ, кеңестік кезеңде жарық көрген С. Зимановтың XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның саяси құрылымы жөніндегі монографиясында (Зиманов, 1960: 121-131) архив материалдары негізінде қазақ қоғамының саяси жүйесі мәселелері қарастырылады. Автор хандық билік жойылған уақыттан бастап өкіметтің қазақ даласында жүргізген солақай саясатының қызметіне сын пікірлерін білдіреді. Қазақ жерінде жүргізілген әкімшілік реформалардың жүргізілуін сыни тұрғыда баяндайды. Әкімшілік басқару жүйесінің қазақ даласындағы саяси дамуы және қызметі, өлкедегі генерал-губернаторлықтар қызметінің жетілдірілуі Б.С. Сүлейменовтің (Сүлейменов, 1963: 102-129), Г.С. Сапарғалиевтің (Сапарғалиев, 1966: 123-291) зерттеулерінде сөз болады. Еңбектердің империяның аймақтық саясатындағы жаңа кезеңді зерттеудегі тарихи-танымдық маңызы зор. Н.Е. Бекмаханованың (Бекмаханова, 1980: 202-233), К.А. Жиренчиннің ғылыми еңбектерінде Ресей үкіметінің әкімшілік және саяси шараларының зерттелуі мақалаға өзек болып отырған мәселені жете түсінуге ықпал етті. К.А. Жиренчин қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси, құқықтық өмірінде түбегейлі өзгерістер туғызған саяси-әкімшілік реформаларға толық талдау жасаған, генерал-губернаторлық институттың жаңа белгілерін (Жиренчин, 1996а: 111-113) сипаттаған.

Мәселе тәуелсіздік кезеңінде біршама авторлар тарапынан қарастырылды. Зерттеуші Б. Абдрахманова (Абдрахманова, 1998: 13-145) қазақ даласында ресейлік билік және басқару органдарының қалыптасуы мен қызметін саралайды. Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарының әрекетімен құрылған жергілікті басқарудың барлық буындарының құрылымын, қызметін, тұрғылықты халықты езіп-жаншу әрекетін жан-жақты ашып көрсетеді. Саяси жүйені трансформациялау және Ресей империясының ауқымының қалыптасуы мен ұлғаюы әкімшілік-территориялық өзгерістердің есебінен өскендігін көрсеткен авторлар пікірі (Центральная Азия в составе Российской империи, 2008: 298) де ерекше көңіл аудартады. Г.Е. Отепова Ресей империясының XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ жерін отарлау саясатын заңнамалық негізге тарихи талдау жасау арқылы қарастырады. Автор осы заңдардың қазақ қоғамында іске асырылу механизмдерін көрсету арқылы орыс өкіметі жүргізген саясаттың шынайы мәнін түсінуге (Отепова, 2015: 23-211) мүмкіндік береді. С. Акимбеков қазақ халқының Ресейге бодан болуы, оның басты мақсаттары, отарлық билік жүйесінің қалыптасу кезеңін қарастыра келе, толық отарына айналу процесін тың көзқарастармен ашып береді. Қазақ даласында құрылған генерал-губернаторлықтар құрамындағы өзгерістердің этникалық, экономикалық негіздерін (Акимбеков, 2018: 392-393) көрсетеді. Б.С. Абенованың еңбегінде генерал-губернаторлық биліктің Уақытша ережеге сай одан әрі күшейтілгені, оның жергілікті халықты қанауды жүзеге асыратын полицейлік-бюрократиялық күшке айналғаны (Абенова, 2019: 55) атап көрсетіледі.

Ресейлік тарихнамада генерал-губернаторлар институтының тарихы, қалыптасуы мен даму мәселелері кейбір еңбектерде арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Л.М. Дамешектің еңбегінде империяның маңызды саяси институттарының бірі - генерал-губернаторлар институтының құрылуы мен эволюциясы зерделенеді (Дамешек, 2011: 18-61), оның Азиаттық Ресейдегі қызметінің ерекшелігі ашып көрсетіледі. Сібірлік генерал-губернаторлардың биографиялық мәліметтері беріледі. Автор генерал-губернаторлықтар қызметі саяси ғана емес, әкімшілік себептерге негізделген, олардың негізгі мақсаты ұлттық мемлекеттік тұтастықты нығайту деген пікір білдіреді. Генерал-губернаторлар институты мәселесі Г.А. Рассоловтың кандидаттық диссертациясында қарастырылған. Автор мәселенің территориялық ауқымын анықтау қажеттігіне көңіл бөледі. Мұндай әкімшілік-территориялық басқару



жүйесі Ресейдің шет аймақтарында ғана қызмет еткенін (Рассолов, 2005: 29) атап көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Билеу институты ретінде генерал-губернатор институты Ресей империясының даму бағытына қарай әрдайым жетілдіріліп және өзгертіліп отырды. Генерал-губернатор институты, салыстырмалы түрде алып қарағанда, губернатор институтынан жасырақ.

I Петр билігінен II Екатеринаға дейінгі кезеңде бұл институт нақты құқықтық мәртебені иеленген жоқ және тарихи дәстүр бойынша құрметті титул ретінде қолданылды. Бірінші кезекте, құрметті титул Ресей империясының иеліктерін қарудың күшімен кеңейткен губернаторларға берілді (Законодательные акты Петра I, 1946: 17-81).

II Екатерина кезінде жергілікті билікті реформалау барысында генерал-губернатор институты негізгі құрылымға айналды және нақты мәртебені – наместниктіктерді немесе генерал-губернаторлықтарды құрушы және басқарушы мәртебесін иеленді. Елді әкімшілік-территориялық бөлуді толығымен қайта ұйымдастыруға, яғни наместниктіктердің құрылуына және жаңа губерниялық мекемелердің ашылуына орай, губернияларға жаңа «қожайын» қажет болды (Крафт, 1898b: 91-136).

Дегенмен, реформалар барысында-ақ, бір губернияның басына орталықтан екі өкілдің – генерал-губернатордың және губернатордың - тағайындалуы мүлдем негізсіз екені білінді. Сондықтан, жергілікті басқару құрылымы өзгертілді. Құрамына бірнеше губерниялар енген наместниктіктер (генерал-губернаторлықтар) құрылды. Осылайша, генерал-губернаторлар, бір жағынан, Император, Сенат, екінші жағынан, губерниялар мен губернаторлар арасындағы аралық басқышқа айналды. Сөйтіп, басқарудың екі буынды жүйесінің орнына үш буынды басқыш келді. Және, наместниктер мен губернаторлардың функциялары көбіне ұқсас болды.

Сонымен қатар, бұл кезең елді басқарудың жаңа деңгейіне өту кезеңі болды. Бір жағынан, реформалар барысында жергілікті басқарудың, сол кездегі еуропалық деңгейге сәйкес келетін, жаңа жүйесі құрылды. Ол XIX ғасырдың басында орталық басқару (министрлік жүйе) реформасымен толықтырылды, және, осылайша, Ресей абсолюттік режим үшін, әкімшілік басқарудың, орталықтан басқару және децентрализация, территориялық және салалық принциптеріне негізделген прогрессивтік жүйесін иеленді. Екінші жағынан, екатериналық реформалар барысында басқарудың «үш буынды жүйесі» (орталық–генерал-губернатор–губернатор) байқаудан өтті, әсіресе, бұл жүйе шет аймақтарда өзін жақсы байқатты және бұдан былай сол территорияларда белсенді жүзеге асырылды. II Екатерина кезінде-ақ империяның шет аймақтарында наместниктіктер ашылды және олар кейбір қайта құрулармен XX ғасырдың басына дейін өмір сүрді.

I Павел бұрынғы территориялық құрылымдар мен жергілікті губерниялық мекемелерді негізінен сақтай отырып, наместниктіктерді губернияларға айналдырды, «ірілендірілген» генерал-губернаторлықтар мен наместниктіктерді және генерал-губернаторлар мен наместниктер институтын жойды. Генерал-губернатор азаматтық пен әскери билікті қатар жүзеге асыратын қызмет болатын. Павел бұл биліктерді бөлді, губернияларда азаматтық губернаторларды қалдырды, ал «шет аймақтарда», оның ішінде, батыста және оңтүстік-батыста азаматтық пен әскери губернаторлар қатар билік етті. Сібірге әскери губернатор тағайындалған жоқ. Яғни жағдайы тұрақты емес, Ресей құрамына енгізу үшін белгілі бір өтпелі кезеңді қажет ететін аймақтарда император әскери де, азаматтық та басқару орнатты (Васильев, 2015: 87). Ол кезде әскери губернаторлар генерал-губернаторлар институтына жатты.



I Александр өзінен бұрынғы екі императордың да басқару жүйесін басшылыққа алды. Оның кеңесшілері Новосильцев пен Сперанский өздерінің жобаларында Ресейді 12 генерал-губернаторлыққа бөлуді, олардың басына генерал-губернаторларды қоюды ұсынды. Бұл жағдайда, генерал-губернатор жергілікті емес, мемлекеттік қызмет, «аймақтық министрлік» қызмет ретінде, мысалы, кезіндегі Сібір приказы сияқты қарастырылды. Екінші жағынан, өкіметтің басты міндеті «ұлыорыстық губернияларды дамыту» деп есептейтін Жасырын комитет те генерал-губернаторлықтарды империяның тек шет аймақтарында сақтауға ұсыныс жасады (Жиренчин, 1996b: 90).

Негізінен басқарудың губерниялық жүйесін сақтаумен қатар, I Александр тек шет аймақта ғана емес, орталықта да бірнеше генерал-губернаторлықтарды енгізді, тіпті қайта қалпына келтірді десек болады. Ол Сібірде генерал-губернаторларды қалпына келтірді, ішкі губернияларда 5 генерал-губернаторлық орнатты, А.Д.Балашевтің атақты эксперименті бойынша кейбір шет аймақтарда әскери губернаторларды қалдырып, оларға бірнеше губернияның азаматтық бөлігін де басқаруды тапсырды. Алайда, бұл ішінара жүргізілген шаралар болды.

Генерал-губернаторлардың орны мен ролі жөніндегі мәселе I Николай патшалық еткен кезеңде түпкілікті шешілді. Комитеттің 1826 жылдың 6 желтоқсандағы мәжілісінде, «ежелгі үлестер жүйесі» сияқты «мемлекетті федерациялауға» алып келуі мүмкін болғандықтан, генерал-губернаторлықтар жүйесін енгізудің пайдалы еместігі жөнінде қорытынды жасалды. Сонымен қатар, Комитет «империя құрамында генерал-губернаторларды тағайындау тіпті пайдалы болатын бөліктердің де бар» екенін мойындады, олар – «екі астана және басқару үшін айрықша ережелерді қажет ететін алыс губерниялар» деп көрсетілді. Мұндай губерниялар ретінде: Сібір, Орынбор, Кавказ губерниялары, Новоресей өлкесі, Лифляндия, Эстляндия және Курляндия аталды. Бұлардың бәрі, Комитеттің пікірінше, «ішкі мемлекетті күшейту үшін, жалпы тәртіптен босатылуы қажет» (Материалы Комитета 6 декабря 1826 года, 1891: 77) болды. Бұл тізімде сол кезде наместник немесе генерал-губернатор институты бар Польшаның, Финляндияның, Украинаның, Беларуссияның және Литваның аты аталмады.

Расында да, көп уақыт өтпей-ақ, I Николай, Ресей империясының шет аймақтарында бұл институт белсенді қолданылып, дамып жатса да, «ішкі» генерал-губернаторлықтардың барлығын жойды.

Осылайша, XIX ғасырдың 30-жылдарында Ресейде басқарудың жергілікті екі түрлі тұрақты жүйесі қалыптасты. Біріншісі – басқарудың «губернаторлық» формасы, бұл негізгі, жалпыимпериялық, тұрақты формаға айналды. Аталған форма Ресейдің орталық «ұлыорыстық» аудандарына және «бұрынғы» шет аймақтарға тән болды. Губернатор институты барлық генерал-губернаторлықтарда түгелге жуық қызмет етті, бірақ ол мұнда бағынышты роль атқарды.

Екіншісі – басқарудың «генерал-губернаторлық» формасы. Ол Ресей империясының шет аймақтарына тән болды. Сонымен қатар, бұл форма ішкі губернияларда да төтенше жағдай енгізілген кезеңде және соғыс кезінде жаулап алынған территорияларда уақытша генерал-губернаторлықтар ретінде қолданылды.

Заңдық тұрғыда Ресейдің билік жүйесіндегі генерал-губернаторлардың орны мен ролі алғаш рет II Екатерина кезінде 1775 жылы «Бүкілресей империясының губернияларын басқаруға арналған мекемелерді бекітулерде» (Учреждения для управления губерний Всероссийской империи, 1775: 8-23) анықталды. «Билеуші наместнигінің қызметі жөніндегі» IV тарауда (85-бап) билеуші наместнигі «...судья емес, өз губерниясының қожайыны» деп атап өтілген. Осылайша, «губерния қожайыны» ұғымынан басқа, бұл құжатта генерал-губернатордың мақсаты, міндеттері және қызметтік міндеттемелері анықталған. Ең бастысы, империялық



заңдардың чиновниктер мен мекемелер тарапынан орындалуын генерал-губернаторлардың бақылауы мен қадағалауы жөнінде айтылған.

Сонымен қатар, кейбір басқару функциялары, билік барысында асыра сілтеушілікке, қатыгездікке жол бермеу туралы айтылып кеткен (84-бап). Және де генерал-губернаторлар халыққа азық-түліктің жеткілікті болуын, салықтардың және рекруттардың дәл жиналуын бақылауы тиіс болды.

Төтенше жағдайларда шекаралық губерниялардың генерал-губернаторы әскери функцияларды да атқара алатыны (89-бап) айрықша атап өтілген.

«Бекітулерде» губернаторлардың (наместниктіктердің билеушілері) орны мен ролі туралы ешнәрсе айтылмайды. 2-бапта тек «губернияларға немесе наместниктіктерге наместниктіктер билеушілері немесе губернаторлар бекітіледі» деп қана көрсетілген. Егер 1764 жылғы Наказда губернатор «губерния қожайыны» деп аталып, оған барлық функциялар жүктелсе, «Бекітулер» бойынша ол функциялар енді генерал-губернаторға берілген.

Құжатта «генерал-губернатор губерндік басқарманың төрағасы болып табылады, онымен бірге екі кеңесшісімен губернатор мәжіліс құрады; генерал-губернатор немесе губернатор губерниядан тыс болған жағдайда, вице-губернатор губернаторды ауыстырады» (94-бап) деп көрсетілген. Бұл баптан, алғашқыда губернатор генерал-губернатордың орынбасары, яғни губерниядағы жоғарғы қызмет иесі жанындағы әкімшіліктің өзіндік басшысы ретінде есептелгенін білуге болады.

Генерал-губернаторлардың да, губернаторлардың да тағайындалу тәртібін «император ағзам анықтайды» (59-бап) деп көрсетілді.

Шенге қатысты айтатын болсақ, «Бекітулер» бойынша губернатор шені 4 кластан төмен болмауы тиіс (47-бап) болды, генерал-губернатор шені жөнінде құжатта ешнәрсе айтылмады.

Генерал-губернатор II Екатеринадан билік пен ықпалдың тағы да бір маңызды атрибутын – Сенатта, жалпы жиналыста және өзінің наместниктігінің істері қаралатын департаментте мәжіліс құру құқығын және шешуші дауыс құқығын иеленді (91-бап).

Генерал-губернатордың орны мен ролінің заңдық бекітілуі осындай болды, XIX ғасырда таралу аясы шектеулі болғанымен (астаналар, империяның шеткері және шекаралық аймақтары), олардың билігі нақты сақталды.

1837 жылғы губернаторларға арналған наказда жергілікті басқарудың негізгі институты ретінде губернатор институты (Общий наказ гражданским губернаторам, 1837: 21) көрсетілді. Онда генерал-губернатордың жергілікті биліктегі жоғарғы деңгейі мен орны да анықталды (210-бап); Генерал-губернатор патша билігі тарапынан ерекше сенімді иеленді... (232-бап); Генерал-губернатор «заңдардағы кейбір қолайсыздықтарға қатысты үкімет Сенатына ұсыныс жасау құқығын иеленді; алайда, Жоғары билік тарапынан бекітілген жағдайда оны дер кезінде және сөзсіз орындауы тиіс болды» (249-бап).

XIX ғасырдың ортасынан бастап генерал-губернаторлардың шет аймақтардағы жағдайы 1853 жылдың 29 мамырындағы «Генерал-губернаторларға арналған нұсқауда» (Общее губернское учреждение, 1853: 32-36) анықталған. Бұл генерал-губернатор институтына арналған жалғыз құжат болып табылады. Бұл нұсқауға сәйкес, генерал-губернатор қызметі губерниялық мекемелер мен министрліктер арасындағы аралық инстанция ретінде сипатталады, бұл инстанцияға берілген билік дәрежесі генерал-губернатордың Билеушінің толық сенімін иеленген және жоғарғы үкіметтің мүдделерін білетін тұлға ретінде ұсынылуымен анықталады, бұл қызметтің міндеттері генерал-губернаторға жүктелген саяси қадағалау және жергілікті әкімшілікті саяси басқару функциясымен сипатталады. Генерал-губернаторлар «патшалықтың жоғары құқықтарының бұзылмауының, мемлекеттің пайдасының және үкіметтің заңдары мен



өкімдерінің нақты орындалуының басты қадағалаушысына» (Ерошкин, 1968: 86) айналды.

Дегенмен, генерал-губернатордың құқықтары мен міндеттерінің бұлайша кеңейтілуі заңдық тұрғыдан көп нәрсе анықтамады. Николай I-нің патшалық ету дәуірінің шарықтау шегінде қабылданған бұл құжат XX ғасырдың басына дейін күшінде болды.

Десек те, генерал-губернаторлардың барлығына ортақ жарғыны жасақтау өте қиын болғанын да ескеру қажет, өйткені, империяның түрлі аймағында билік ететін олардың міндеттері мен қызметтік міндеттемелері де түрліше болды. «Шет аймақтардың» генерал-губернаторлары негізінде айрықша заңдық құжаттарға сәйкес әрекет етті.

Жоғарыда айтылғандардан, генерал-губернатор институтына тән белгілерді және олардың XIX ғасырдағы губернатор институтынан айырмашылығын көрсетуге болады.

Генерал-губернаторлық институтының басты ерекше белгісі оның билігінің құқықтық сипатында емес, жеке сипатында болды. Осы қызмет орнында отырған адамға император тарапынан білдірілетін жеке сенім дәрежесі генерал-губернатордың аймақтағы шексіз билігіне жағдай жасады. Осыдан барып, заңдық тұжырымдардың екіұштылығы мен жалпылығы, міндеттердің шамадан тыс ауқымдылығы, биліктің бір өзінің билеп-төстеуіне жағдай жасайтын төтеншелік сипаты, орталықтың бақылауының әлсіздігі күшейді. Генерал-губернаторлар императорға тікелей «шығып отырды», оларды император тағайындады және орнынан алды, ал шет аймақтар губернаторлары болса, тек Ішкі істер министрімен, онда да генерал-губернатор арқылы байланыс жасады.

Алайда, генерал-губернатордың шексіз билігі императордың жеке сеніміне негізделгенімен, оған орталықпен келіспей, міндеттелген қаулылар шығаруға, әскери күштерге қолбасшылық етуге, чиновниктердің штаттық кестесін өзгертуге, қаржы ресурстарын өз бетінше жұмсауға заңдық дербес құқық бермеді. Сондықтан, тіпті «таза» істер үшін аяқ-қолы байланған жергілікті басшылық заңды айналып өтуге мәжбүр болды. Генерал-губернаторлық биліктің дамуының парадоксі сонда, ол билік дербестігі емес, дербес билік болуында еді.

Генерал-губернатор институтының екінші ерекше белгісі оның төтеншелік сипатында болды. Генерал-губернаторлар жалпы тыныш аймақтарға тағайындалған жоқ. Олар жаңа жауланған және Ресей империясының құрамына енді енгізілген аймақтарға тағайындалды, өйткені, оларды жуасыту және мемлекеттің құрамына кіріктіру қажет болды, немесе, әлеуметтік-саяси қақтығыстар шиеленіскен және патшалық режимнің сақталуына қауіп төнген аймақтарға, немесе, жоғары патшалық өкімет орналасқан астаналарға тағайындалды.

Шет аймақтарда генерал-губернаторлықтың өмір сүру мерзімі ғасырға созылғанымен, билік пен басшылықтың төтенше және уақытша сипаты ешқайда жоғалған жоқ. Генерал-губернатор губернатормен салыстырғанда, аймаққа тұрақты басқару үшін келген жоқ, ол оны билеу үшін, оған үстемдік ету үшін, қандай да болмасын жолменен «шет аймақтың» (екінші сорттағы территорияның) немесе «шиеленіс ошағының» тыныш, бой ұсынған, бірыңғай, ішкі ресейлік губернияға айналуын тездету үшін келді. Және де оның қызметін анықтайтын заңдар саны аз болған сайын, оның императордың жеке сенімін жүзеге асыруы табысты бола берді.

Генерал-губернатор қызметінің келесі белгісі оның әскери сипатында болды. Қызметтің «губернатор» емес, «генерал-губернатор» деп аталуының өзі, бұл қызметті атқаруға тек жоғары әскери шендегі адамдар – генералдар мен одан да жоғары шендегілердің тағайындалатынын көрсетеді. Мысалы, генерал-губернаторлық тарихындағы 200 генерал-губернатордың тек 18-і ғана (оның өзі Екатерина дәуіріндегі



наместниктер) азаматтық шендегілер болды, ол екі жүз жылда қызмет еткен генерал-губернаторлардың 9 %-ын құрады.

XVIII ғасырда генерал-губернаторлар тікелей Ресей империясының иеліктерін кеңейтумен айналысты, және олардың әскери қызметі азаматтық қызметінен басым болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында генерал-губернаторлардың басты функциясы ретінде империя құрамындағы ұлт аймақтарды тыныштандыру және бағындыру жүктелді. Осы уақытта, Николай I кезінде генерал-губернатор қызметінің жаңа модификациясы пайда болды, яғни ол - жәй ұлттық аймақтарға емес, әскери жағдайда тұрған аймақтарға тағайындалған әскери генерал-губернатор қызметі. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана, генерал-губернаторлар қызметінде әскери емес, полицейлік функция басым бола бастады (ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 454-іс. 109-144-пп.; 490-іс. 6-п.). Полицейлік қызмет империяның шет аймақтарындағы, сонымен қатар, астаналар мен орталық аймақтардағы революциялық, ұлттық және сепаративтік бағыттағы қозғалыстарға қарсы күреспен байланыстырылды.

«Губернияларды басқару жөніндегі бекітулердің» 89-бабында генерал-губернатордың әскери функциялары сипатталды. Генерал-губернатор өз территориясында орналасқан арнаулы әскери басшылығы жоқ әскери күштерге қолбасшылық етті. Мысалы, XIX ғасырдың бірінші жартысында Кавказдағы жоғары билеушілер Айрықша кавказ корпусына қолбасшылық етті. 1863 жылы әскери округтер құрылғаннан кейін, генерал-губернаторлар өз территориясындағы әскери округтардың қолбасшылығын қоса атқарды. 1867, 1868 жылдардағы Уақытша ережелерге сай Түркістан генерал-губернаторы Түркістан әскери округі әскерлерінің Қолбасшысы атағын иеленді, Орынбор генерал-губернаторы Орынбор казак әскерлері мен Башқұрт әскеріне қолбасшылық етті, ал Батыс Сібір генерал-губернаторы Батыс Сібір әскери округінің қолбасшысы болды және Сібір казак әскерінің тағайындалған атаманы атағын иеленді (3-е ПСЗ, т. VI, № 3814). 1881 жылдан бастап, басқа да генерал-губернаторлар казак әскерлерінің тағайындалған атамандарына айналды.

Келесі ерекшелік генерал-губернатор қызметінің әкімшілік емес, саяси сипатында жатты. Генерал-губернаторлар қызметінің мұндай сипаты бірнеше жағдайлармен түсіндіріледі.

Біріншіден, XIX ғасырда олар бұрын тәуелсіз болған, немесе сондай мемлекеттердің бөлігі болған ұлт аймақтардың генерал-губернаторлығына басшылық етті. Сондықтан, олар кәдімгі әкімшілік функциялардан басқа, өзінің саяси автономиясын ерекше сақтап қалған бұл мемлекеттерде, Ресейдің осы территориядағы мүдделерін қорғаушы және өкілі ретіндегі саяси функцияларды да атқарды. Оған қоса, орталық өкімет оларға, осы шет аймаққа көршілес мемлекеттерге қатысты сыртқы саяси функцияларды да жүктеді. Басқаша айтқанда, олар империяның шет аймақтарындағы вице-патшалар болды.

Екіншіден, генерал-губернаторлар билігінің саяси сипатына самодержавиелік мемлекеттің саяси иерархиясындағы олардың жоғарғы орны жағдай жасады. Генерал-губернаторлар өзінің саяси салмағына қарай, министрлерге теңестірілді, Рангілер жөніндегі табель бойынша негізінен (70 %) 2-3 кластағы шендерді иеленді. Түрлі кезеңдерде генерал-губернаторлар империяның жоғарғы органдарына: Сенатқа, Мемлекеттік Кеңеске, министрлер Кеңесіне және Комитеті құрамына кірді. Империяда, тәжірибе жүзінде, губернаторлар генерал-губернатор қызметіне тағайындалған, ал генерал-губернаторлардың губернатор қызметіне тағайындалу жағдайы болмаған.

Үшіншіден, генерал-губернатор қызметінің өмір сүрген кезеңінде губернияда оның ролі әр уақытта екі айырылып отырған. Бастапқы, жергілікті басқару жүйесіне енген кезде, жоғарғы жергілікті бақылауды жүзеге асыру арқылы ол биліктің басында тұруы қажет болды.



Кейін генерал-губернатордың төмендегі инстанциялар мен чиновниктердің қызметін бақылауы мен қадағалау позициясы басым бола бастады да, тікелей басқару ісімен айналыспады. XIX ғасырдың ортасынан бастап, мұндай бақылау саяси сипат ала бастады. Генерал-губернатор билігі полициямен және жандармериямен бірге, самодержавиені құлатуға және империядан шығуға ұмтылған радикалды саяси және ұлттық күштердің жолында басты кедергі айналды.

Генерал-губернаторлықтарда жалпы империялық заңдылықтар толық көлемде жүзеге асырылған жоқ, генерал-губернаторлықтар өлкедегі қарым-қатынас жүйесін реттейтін жекелеген заңдық актілерді иеленді. Бұл басқарудың екі буынды (үкімет - губернатор) емес, үш буынды (император–генерал-губернатор–губернатор) жүйесі болды.

Генерал-губернаторлықтарда, басқарудың жалпы империялық органдарынан басқа, шет аймақты империяға қосқаннан кейін де өзінің қызметін тоқтатпаған жергілікті (дәстүрлі) басқару органдары, сонымен қатар, нормативтік және сот актілері болды. Оған қоса, кейбір шет аймақтарда наместниктің немесе генерал-губернатордың билігі жалпы империялық заңдармен ғана емес, жергілікті нормативтік актілермен де шектеліп отырды.

Міне, генерал-губернатор институтының негізгі белгілері, оның Ресей империясының әкімшілік-саяси жүйесіндегі орны мен ролі осындай болды.

Қорытынды. Тарихи жағдайларға және жоғарыда аталған заңдық құжаттар негізінде Ресей үкіметі жаулап алынған территориялардағы империялық билікті нығайту мақсатында қазақ даласында генерал-губернаторлықтар қызметін кеңейтті.

1865 жылы Ресей іргелес жатқан Қытай және Орта Азия хандықтары жерлерінің азаматтық және әскери құрылымын өзгерту қажет деп танып, Түркістан облысы мен Семей облысының кейбір бөлігінен Түркістан генерал-губернаторлығын құрды (2-е ПСЗ, отделение 1, №44831).

1870 және 1880 жылдары Ресейдің оңтүстік бағытта жалғастырған белсенді басқыншылық саясаты Түркістан генерал-губернаторлығының территориялық жағынан ұлғаюына және жаңа әкімшілік бірліктердің құрылуына алып келді.

1881 жылы 1850 жылы қайта ұйымдастырылған Орынбор генерал-губернаторлығы жойылды (Крафт, 1898с: 418).

Аймақтарды жаулау кезеңінің аяқталу жағдайында Ресей қосылған территориялардың әкімшілік құрылымын түпкілікті рәсімдеуді жүзеге асырды. 1882 жылы қазақ даласында Дала генерал-губернаторлығы құрылды. 1886 жылы Александр III императордың Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Жарғысы жарияланды. Жарғыға сай оның құрамына Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары енді.

XIX ғасырдың соңында Ішкі істер министрлігі Дала генерал-губернаторлығын одан әрі сақтап қалу қажеттігі мәселесіне байланысты генерал-губернатор билігіне былайша сипаттама берді: «Генерал-губернатор - үкіметтің жоғарғы жергілікті органы, ол жергілікті жерлерді басқару ісінде оқшауланғандарды бірте-бірте біріктіру және оларды, азаматтықтың даму деңгейіне қарай, ортақ белгіленген басқару ісіне жақындату бағытындағы үкіметтің ұмтылысы мен шараларын жүзеге асырады. Бұл жағынан алғанда, ол өлкедегі ұйымдастырушы, біріктіруге қызмет ететін бастамалардың инициаторы: ол үкіметтің шараларын шұғыл және мақсатты жүзеге асыруға жағдай жасайды. Осылайша, ол үкіметтің тапсырмаларын жеткізуші ғана инстанция емес, жеткізуші инстанция генерал-губернатор мекемесінің түпкі мақсатына қызмет етуі қажет. Жергілікті халықты басқарудың жалпы бастауларын қабылдауға дайындау нәтижелеріне қарай, генерал-губернаторлық басқаруды жою қажеттілігі жөнінде мәселе көтеріледі» (Жиренчин, 1996с: 79).



1897 жылы Дала генерал-губернаторлығы құрамындағы Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығына қайта берілді. Ал Дала генерал-губернаторлығына Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстары кірді. Осылайша, XIX ғасырдың соңына қарай қазақ даласын Ресей үкіметі екі генерал-губернаторлық арқылы басқарды.

Бұл генерал-губернаторлықтар жалпы империялық билік жүйесінде азаматтық билік, әскери күштерге қолбасшылық ету және сыртқы саяси мәселелерді шешу бағыттарындағы қызметін күшейтті. Өзінің сансыз көп өкілеттік міндеттерін генерал-губернаторлар толып жатқан органдар мен мекемелердің көмегімен жүзеге асырды. Олар өлкеде тұтас әкімшілік аппаратты құрып алды және құрамы жағынан күрделі бюрократиялық мекемелерге айналды.

Генерал-губернаторлықтар өлкені отарлық бағындыруды одан әрі күшейту мақсатымен қабылданған шаралар барысында қазақ даласын бақылау мен басқаруды шын мәнінде өз қолына жинақтаған билеу органдарына ұласты.

Дереккөздер

ҚР ОМА – ҚР Орталық Мемлекеттік архиві
ОрОМА – Орынбор облыстық мемлекеттік архиві
РМӨТА – Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
SAOR – State Archive of the Orenburg Region
RSMHA – Russian State Military Historical Archive

Әдебиеттер тізімі

Абдрахманова, 1998 – *Абдрахманова Б.* История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998. 132 с.

Акимбеков, 2018 – *Акимбеков С.* Казахстан в Российской империи. Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2018. 562 с.

Әбенова, 2019 – *Әбенова Б.С.* Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891). Монография. Алматы: Эпиграф, 2019. 388 б.

Бабков, 1912 – *Бабков И.Ф.* Воспоминание о моей службе в Западной Сибири. СПб., 1912. 245 с.

Басин, 1971 – *Басин В.* Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. Алма-Ата: Наука, 1971. 275 с.

Бекмаханова, 1980 – *Бекмаханова Н.Е.* Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. Последняя четверть XVIII – 60-е годы XIX в. М., Издательство «Наука», 1980. 279 с.

Венюков, 1877 – *Венюков М.* Россия и Восток. СПб., 1877. 49 с.

Дамешек, 2011 – *Дамешек Л.М.* Институт генерал-губернаторов Азиатской России и его особенности. Иркутск: Оттиск, 2011. 128 с.

Долинский, 1865 – *Долинский В.* Об устройстве Киргизской степи. СПб., 1865. 167 с.

Ерошкин, 1968 – *Ерошкин Н.П.* История государственных учреждений дореволюционной России. М.: Высшая школа. 1968. 368 с.

Жиренчин, 1996 – *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX – начала XX веков. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. 352 с.

Зиманов, 1960 – *Зиманов С.* Политический строй Казахстана конца XVIII - I половины XIX веков. Алма-Ата: Издательство АН Каз.ССР, 1960. 296 с.

Крафт, 1898 – *Крафт И.И.* Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. 532 с.

Левшин, 1996 – *Левшин В.В.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 654 с.

Лобысевич, 1872 – *Лобысевич Ф.* Главные начальники Оренбургского края // *Военный сборник.* 1872. №5.

Материалы по введению..., 1999 – *Материалы по введению* русской политической системы управления в Казахстане /Сост.: С.К. Жакыпбек, А.А. Бельбаева. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 257 с.

Материалы по истории ..., 1960 – *Материалы по истории* политического строя Казахстана. Т.1. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1960. 442 с.

Материалы по истории..., 1994 – *Материалы по истории* государства и права Казахстана (вторая половина XIX-начало XX веков). Алматы: Атамұра, 1994. 284 с.



Отепова, 2015 – *Отепова Г.Е.* История Казахстана в законодательных источниках Российской империи: монография. Павлодар: ПГПИ, 2015. 258 с.

Рассолов, 2005 – *Рассолов Г.А.* Институт генерал-губернаторства в Российской империи (1775 г. – конец XIX в.). Автореферат на соискание ученой степени кандидата исторических наук. М., 2005. 27 с.

Румянцев, 1910 – *Румянцев П.П.* Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910. 66 с.

Сапаргалиев, 1966 – *Сапаргалиев Г.С.* Карательная политика царизма в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1966. 375 с.

Сулейменов, 1963 – *Сулейменов Б.С.* Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начала XX века (1867-1916). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. 411 с.

Терентьев, 1906 – *Терентьев М.А.* История завоевания Средней Азии. Т.1,2. СПб., 1906. 122 с.

Царская колонизация, 1995 – *Царская колонизация в Казахстане.* Алматы: Рауан, 1995. 368 с.

References

Abdrakhmanova, 1998 – *Abdrakhmanova B.* Istorija Kazakhstana: vlast, Sistema upravlenya, territorijalnoe ustroystvo v XIX veke [History of Kazakhstan: power, management system, territorial structure in the xix century]. Astana, 1998. 132 p. (In Rus.)

Abenova, 2019 – *Abenova B.S.* Reser imperiasynyñ qazaq ólkesindegi amaqtyq saijasaty [Regional policy of the Russian Empire in the Kazakh region]. Monografiya. Almaty: Epigraph, 2019. 388 p. (In Kaz.)

Akimbekov, 2018 – *Akimbekov S.* Kazakhstan v Rossiskoi imperii [Kazakhstan in the Russian Empire]. Almaty: TOO «Institut Aziatskih issledovaniy», 2018. 562 p. (In Rus.)

Babkov, 1912 – *Babkov I.F.* Vospominanie o moei sluzhbe v Zapadnoi Sibiri [Memoirs of my service in Western Siberia]. St. Petersburg, 1912. 245 p. (In Rus.)

Basin, 1971 – *Basin V.* Rossiya i Kazahskie khanstva v XVI-XVIII vv. [Russia and the Kazakh Khanates in the XVI-XVIII centuries]. Alma-Ata: Nauka, 1971. 275 p. (In Rus.)

Bekmakhanova, 1980 – *Bekmakhanova N.E.* Mnogonatsionalnoe naselenie Kazakhstana i Kirgizii v epohu kapitalizma. Poslednyaya chetvert XVIII – 60-e gody XIX v. [Multinational Population of Kazakhstan and Kyrgyzstan in the Era of Capitalism]. M., Nauka. 1980. 279 p. (In Rus.)

Dameshek, 2011 – *Dameshek L.M.* Institut general-gubernatorov Azijatskoi Rossii i ego osobennosti [Institute of Governor-Generals of Asian Russia and Its Features]. Irkutsk: Ottisk, 2011. 128 p. (In Rus.)

Dolinsky, 1865 – *Dolinsky V.* Ob ustroystve Kirgizskoi stepi [On the Structure of the Kirghiz Steppe]. SPb., 1865. 167 p. (In Rus.)

Eroshkin, 1968 – *Eroshkin N.P.* Istorija gosudarstvennyh uchrezhdenii dorevoljtzionnoi Rossii [History of State Institutions of Pre-Revolutionary Russia]. M: Vysshaya shkola, 1968. 368 p. (In Rus.)

Kraft, 1898 – *Kraft I.I.* Sbornik uzokonenii o kirgizakh stepnykh oblastei [Collection of Laws on the Kirghiz of the Steppe Regions]. Orenburg, 1898. 532 p. (In Rus.)

Levshin, 1996 – *Levshin V.V.* Opisanie kirgiz-kazachi ili kirgiz-kaysakskikh ord i stepei [Description of the Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaysak Hordes and Steppes]. Almaty: Sanat, 1996. 654 p. (In Rus.)

Lobysevich, 1872 – *Lobysevich F.* Glavnye nachalniki Orenburgskogo kraja [Main Chiefs of the Orenburg Region] // Voennyi sbornik, 1872. № 5. (In Rus.)

Materialy po istorii, 1960 – *Materialy po istorii Politicheskii stroi Kazakhstana* [Materials on the History of the Political System of Kazakhstan]. Т. 1. Alma-Ata: Izdatelstvo AN Kaz.SSR, 1960. 442 p. (In Rus.)

Materialy po istorii, 1994 – *Materialy po istorii gosudarstva i prava Kazakhstana (vtoraja polovina XIX-nachala XX vekov)* [Materials on the History of the State and Law of Kazakhstan (Second Half of the 19th - Early 20th Centuries)]. Almaty: Atamura, 1994. 284 p. (In Rus.)

Materialy po vvedenij, 1999 – *Materialy po vvedenij russkoi politicheskoi sistemy upravlenija v Kazakhstane (Materials on the History of the State and Law of Kazakhstan (Second Half of the 19th - Early 20th Centuries) / Sost.: S. Zhakypbek, A. Belbaeva.* Almaty: Qazaq university, 1999. 257 p. (In Rus.)

Отепова, 2015 – *Отепова Г.Е.* Istorija Kazakhstana v zakonodatelnyh istochnikah Rossiskoi imperii [History of Kazakhstan in the Legislative Sources of the Russian Empire]. Monografiya. Pavlodar: PGPI, 2015. 258 p. (In Rus.)

Rassolov, 2005 – *Rassolov G.A.* Institut general-gubernatorstva v Rossiskoi imperii (1775 g. – konec XIX v.) [Institute of General Governorship in the Russian Empire (1775 – the end of the XIX Century)]. Abstract for the degree of Candidate of Historical Sciences. Moscow, 2005. 27 p. (In Rus.)

Rumyantsev, 1910 – *Rumyantsev P.P.* Kirgizskii narod v nastojashem i proshlom [Kirghiz People in the Past and Present]. Spb., 1910. 66 p. (In Russ.)

Sapargaliyev, 1966 – *Sapargaliyev G.S.* Karatelnaja politika tzarizma v Kazakhstane [Punitive Policy of Tsarism in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1966. 375 p. (In Rus.)

Suleimenov, 1963 – *Suleimenov B.S.* Agrarnyi vopros v Kazakhstane poslednei treti XIX-nachala XX veka [Agrarian Issue in Kazakhstan in the Last Third of the XIX - Early XX Centuries]. Alma-Ata: Izdatelstvo AN Kaz.SSR, 1963. 411 p. (In Rus.)



- Terentiev, 1906 – *Terentiev M.A.* Istorija zavojavanie Srednej Azii [History of the conquest of Central Asia]. T. 1,2. SPb., 1906. 122 p. (In Rus.)
- Tzarskaja kolonizazija, 1995 – *Tzarskaja kolonizazija v Kazakhstane* [Tsarist colonization in Kazakhstan] Almaty: Rauan, 1995. 368 p. (In Rus.)
- Venyukov, 1877 – *Venyukov M.* Rossija i Vostok [Russia and the East]. SPb., 1877. 49 p. (In Rus.)
- Zhirenchin, 1996 – *Zhirenchin K.A.* Politicheskoe razvitie Kazakhstana v XIX – nachala XX vekov [Political Development of Kazakhstan in the XIX – Early XX Centuries]. Almaty: Zheti Jargy, 1996. 352 p. (In Rus.)
- Zimanov, 1960 – *Zimanov S.* Politicheskii stroi Kazakhstana konets XVIII - I poloviny XIX vekov [Political System of Kazakhstan at the End of the XVII - I Half of the XIX Centuries]. Alma-Ata: Izdatelstvo AN Kaz.SSR, 1960. 296 p. (In Rus.)



Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 3, pp. 596-609, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_596-609

THE CITY AS A PROBLEM IN FOREIGN AND SOVIET HISTORIOGRAPHY

Aksunkar Tursunovna Abdulina¹, Altyn Slyamkaidarovna Ualtayeva²,
Aida Serikovna Margulan³

¹Candidate of historical sciences, associate professor, leading researcher
Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0001-8556-3432>. E-mail: abd_aksunkar@mail.ru.

²Candidate of historical sciences, associate professor, leading researcher
Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0001-9530-352X>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

*Correspondent author

³PhD-student, researcher
Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>. E-mail: aida.1@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Abdulina A.T., Ualtayeva A.S., Margulan A.S., 2024

Abstract. *Introduction.* The article presents foreign and Soviet historiography on the problem of the city as a certain historically formed political, administrative, industrial, socio-cultural, architectural populated space accumulating advanced practices, technological achievements, and the spiritual potential of society. *The aim and objectives* is to study the scientific heritage, which was developed by scientists on urban processes in retrospect; identification of similarities and differences in the theories of the origin of cities. *Materials and methods of research.* Typological, systematic, and comparative methods were used in this study. At the same time, the causal relationships and patterns of historical movement were analyzed. *Results.* The study of diverse historiographical material allowed researchers to consider the stages of formation of large cities from a small settlement to a large mega center, along with those that have suspended their development. *Conclusions.* The concept of an ideal city-state was laid down in Ancient Greece. In modern times, theories are being developed and concepts related primarily to the role of the city in economic development are being applied in practice. Soviet scientists studied cities mainly from the point of view of settlement and planning of total employment of the population.



Keywords: City, polis, settlement, sociology of the city, urbanization, pre-revolutionary urbanism, foreign historiography, settlement

Acknowledgements. The article was carried out within the framework of the AP23488712 project «Everyday life of small and single-industry towns of Independent Kazakhstan (on the example of the Eastern region)».

For citation. Abdulina A.T., Ualtayeva A.S., Margulan A.S. The city as a problem in foreign and soviet historiography // Otan tarihy. 2024. Otan tarihy. 2024. Vol. № 3. Pp. 596-609. (in Eng.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_596-609

ГОРОД КАК ПРОБЛЕМА В ЗАРУБЕЖНОЙ И СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Абдулина Аксункар Турсуновна¹, Уалтаева Алтын Слямкайдаровна²,
Маргулан Аида Сериковна³

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова
(ул. Шевченко, д. 28. 050010. Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент, ведущий научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0001-8556-3432>. E-mail: abd_aksunkar@mail.ru.

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова
(ул. Шевченко, д. 28. 050010. Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент, ведущий научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0001-9530-352X>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова
(ул. Шевченко, д. 28. 050010. Алматы, Республика Казахстан)
PhD-докторант, научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>. E-mail: aida.1@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Абдулина А.Т., Уалтаева А.С., Маргулан А.С., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье представлена зарубежная и советская историография по проблеме города как определенного исторически сформировавшегося политико-административного, производственного, социокультурного, архитектурного населенного пространства, аккумулирующего передовые практики, технологические достижения, духовный потенциал общества. *Цель и задачи статьи* состоят в исследовании научного наследия, которое было разработано учеными по урбанизационным процессам в ретроспективе; определении сходств и отличий в теориях возникновения городов. *Материалы и методы исследования.* В настоящем исследовании были использованы типологический, системный, сравнительный методы. В то же время были проанализированы причинно-следственные связи и закономерности исторического движения. *Результаты.* Изучение многообразного историографического материала позволило исследователям рассмотреть стадии формирования крупных городов от небольшого поселения к крупному мега центру, наряду с теми, которые приостановили свое развитие. *Выводы.* Концепция идеального города-государства была заложена в Древней Греции. В Новое время разрабатываются теории и применяются на практике концепции, связанные прежде всего с ролью города



в развитии экономики. Советские ученые изучали города в основном с точки зрения расселения и планирования тотальной занятости населения.

Ключевые слова: Город, полис, поселение, социология города, урбанизация, дореволюционная урбанистика, зарубежная историография, расселение

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации проекта AP23488712 «Повседневность малых и моногородов Независимого Казахстана (на примере Восточного региона)».

Для цитирования: Абдулина А.Т., Уалтаева А.С., Марғулан А.С. Город как проблема в зарубежной и советской историографии // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 596-609 (на Англ.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_596-609

ҚАЛА ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАДАҒЫ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы¹, Уалтаева Алтын Слямқайдарқызы²,
Марғулан Аида Серікқызы³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0001-8556-3432>. E-mail: abd_aksunkar@mail.ru.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0001-9530-352X>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

PhD-докторант, ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>. E-mail: aida.1@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024

© Абдулина А.Т., Уалтаева А.С., Марғулан А.С., 2024

Андатпа. *Kіріспе.* Мақалада озық тәжірибелерді, технологиялық жетістіктерді және қоғамның рухани әлеуетін жинақтаған нақты тарихи қалыптасқан саяси-әкімшілік, өндірістік, әлеуметтік-мәдени, сәулет құрылысы дамыған тұрғылықты мекен ретіндегі қала проблемасы бойынша шетелдік және кеңестік тарихнамасы баяндалған. *Мақаланың мақсаты мен міндеті* – ғалымдардың урбанизация процестері бойынша жасаған ғылыми мұрасын ретроспективті түрде зерттеу; қалалар пайда болу теорияларының ұқсастығын және айырмашалағын анықтау. *Зерттеу материалдары мен әдістері.* Бұл зерттеуде типологиялық, жүйелік және салыстырмалы әдістер қолданылды. Осы орайда тарихи қозғалыстың себеп-салдарлық байланыстары мен заңдылықтары талданды. *Нәтижелер.* Әртүрлі тарихнамалық материалдарды жан-жақты қарастыру зерттеушілерге үлкен қалалардың шағын тұрғылықты мекеннен ірі мегаорталыққа дейінгі қалыптасу кезеңдері мен олардың дамуын тоқтатқан кезеңдерімен қатар қарастыруға мүмкіндік берді. *Қорытынды.* Идеал қала-мемлекет ұғымы Ежелгі Грецияда пайда болған. Қазіргі заманда ең алдымен экономикалық дамудағы қаланың рөліне байланысты теориялар жасалып, концепциялар тәжірибеде



қолданылуда. Кеңес ғалымдары қалаларды негізінен қоныстандыру және халықты жалпы жұмыспен қамтуды жоспарлау тұрғысынан зерттеді.

Түйін сөздер: Қала, полис, елді мекен, қала әлеуметтануы, урбанизация, революцияға дейінгі урбанистика, шетелдік тарихнама, қоныстану

Алғыс айту: Мақала AP23488712 «Тәуелсіз Қазақстанның шағын және моноқалаларының күнделікті өмірі (Шығыс өңірінің мысалында)» жобасын іске асыру шеңберінде орындалды.

Дәйексөз үшін: Абдулина А.Т., Уалтаева А.С., Марғұлан А.С. Қала шетелдік және кеңестік тарихнамадағы мәселе ретінде // *Отан тарихы*. 2024. Т. 27. № 3. Б. 596-609. (Ағылш.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_596-609

Бүгінгі отандық тарихнамада большевиктер жүргізген түрлі саяси-экономикалық бастамалардың зардаптарын әшкерелейтін зерттеулер баршылық. Алайда бұл еңбектердің ешқайсысында қорғансыз балалар мен оларды тәрбиелейтін арнайы үйлердің пайда болуы мәселесі арнайы қарастырылмаған. Тақырып 1920–1930 жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелер әсіресе, аштық пен қылмысқа қарсы күрес аспектілері тұрғысында жанама түрде қарастырылды. Отандық тарихнамада балалар үйінің пайда болуы мен дамуына әсер еткен себептер мен олардың барысын хронология бойынша жүйелеу мен нақты ғылыми тұжырым әлі де болса толық қалыптаспаған. Статистикалық мәліметтер бойынша талданған, аймақтық сипаттағы жекелеген ғылыми мақалалар жарияланған. 1920–1930 жж. Қазақстанда балалар панасыздығы және балалардың іргелес елдерге босқын болуы тарихының шынайы әрі кешенді түрде зерттелуі архивтік құжаттардың ғылыми айналымға енуіне тәуелді болып отыр. Балалар үйінің пайда болуының өзі мемлекеттің ішкі саясатының даму бағыттарының келеңсіз тұстарын көрсетеді. Сол себепті аталған тақырып көлемінде жаңа ғылыми-зерттеу бағыттары пайда болуы тиіс. Балалар үйінің тарихын ашу арқылы кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани және адам құқығы ауқымында жүргізген әрекеттерінің бет-бейнесі ашыла түспек. Осы орайда,



Тәуелсіз Қазақстан жағдайында кеңестік кезеңдегі большевиктік биліктің панасыз балаларды мемлекеттік қолдау аясында қабылдаған декреттері негізінде нәтижелі жұмыс жасау жүйесін құрудағы мақсаты мен іске асырылу механизмдерін көрсету өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың деректік қорын негізінен 1920-1930 жж. балалардың панасыздық мәселесіне арналған тарихшы және қоғамтанушы ғалымдардың еңбектері және соңғы жылдары жарық көріп жатқан 1920-1950 жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандарды толық ақтау бойынша жүзеге асырылып жатқан шаралардың аясында шыққан құжаттар жинақтарының материалдары болып табылады.

Ғылыми зерттеудің методологиясы қоғамдық құбылыстағы даму мен өзгерісті өзара байланыс пен ықпалдастықта әрі оны барынша фактілерді толық жинастыра қарастыру мен талдауды талап ететін қағидаларға негізделеді. Мақаланы жазуда тарихилық, объективтілік, жүйелілік, логикалық қағидаттар кеңестік қоғамды модернизациялау жағдайында, мемлекеттің экономикалық саясаты мен әлеуметтік жүйесін қалыптастырудағы реформасын объективті талдауға септеседі. Сонымен қатар, зерттеуде ғылыми және арнайы тарихи әдістер: талдау, синтез, тарихи және ретроспективті, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістері қолданылды.

Талқылау. 1920–1930 жж. Қазақстанда балалар панасыздығы тарихы үстірт зерделенсе да жекелеген тарихнамалық зерттеулердің бағыты мен мағынасына қарай мәселенің зерттелу деңгейін: кеңестік, посткеңестік отандық (тәуелсіздік жылдары) және шетелдік тарихнама деп шартты түрде үш топқа бөліп қарастырдық. Кеңестік тарихнама бойынша балалар үйінің қызметінің оң нәтижелеріне басымдық берушілік айқындалады. 1920 жылдардың соңындағы Қазақстандағы бала мен ана құқығын қорғаудың кейбір аспектілерін талдаған Н.В. Мананникованың «Охрана материнства и младенчества в Казахстане» атты еңбегінде балалар үйіне қатысты статистикалық мәліметтер келтіріп (Мананникова, 1938: 276), біржақты көзқарасқа ие пайымдаулар, яғни балалар үйінің арқасында жан сақтаған балалардың тағдырына қатысты оң мәліметтерді жинақтаған. Жоғарыда аталған еңбекке ұқсас көзқараста А.Б. Бисенованың еңбектері 1960 жылдары жарық көрді. А.Б. Бисенова зерттеулерінің негізгі нысаны 1960 жылдардағы балалардың өмірін сақтауға арналған денсаулық сақтау шаралары болып табылады. Азамат соғысы мен одан соңғы қазақ қоғамындағы ұлттық құрамның қалыптасуы туралы талдаулар жасалынған (Бисенова, 1960: 48). Оның зерттеу еңбектері құнды болып табылады. Автордың 1920–1930 жылдардағы кеңестік реформаларға қатысты зерттеу еңбектерінде балалар үйінің құрылуына қатысты фактілер келтірілген. Ф. Базанованың «Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект» (Базанова, 1987: 154), «Формирование национального состава населения Казахстана в годы Гражданской войны и восстановление народного хозяйства» (Базанова, 1979: 59) атты еңбектерінде балалар үйінің құрылуына алып келген қоғамдық-әлеуметтік теріс құбылыстарды жанамалап айта отырып, мемлекеттің балаларды қамқорлығына алуда прогрессивтік рөл атқарғандығына баса назар аударады.

Кеңестік саясаттың теріс тараптары туралы сыни көзқарасқа ие зерттеулер 1980 жылдардың соңында «қайта құру» кезеңімен байланысты жандана түсті. Әсіресе, ресейлік авторлардың аштық, балалар, қарттар үйінің құрылуы мәселелері арнайы зерттеу нысанына айналды. Осы кезде Л.А. Гордон, Э.В. Клоповтың зерттеулерін ал отандық зерттеушілерден Ж.Б. Абылхожин, А.Н. Алексеенконың еңбектері жарық көрді.

Кеңес Одағының құлауымен ғылыми цензураның алынуына орай, жаңа идеялар мен көзқарастарға сүйенген еңбектер пайда болды. Ж.Б. Абылхожиннің тікелей зерттеу нысаны балалар үйі болып табылмаса да, автор оның құрылуына алып келуші



саяси-экономикалық және әлеуметтік бастамаларға жіті тоқталып өткен. Саяси, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың зардаптарын айқындап, қоғам дамуына тигізген ықпалын саралаған (Абылхожин, 1991). Сонымен қатар голощекиндік асыра сілтеу туралы М.Қ. Қозыбаев (Қозыбаев, 1992), Т.О. Омарбеков (Омарбеков, 2001) сынды ғалымдардың еңбектері алапат аштық салдарының балалар тағдырына тигізген қасіретін ашуға септігін тигізеді. 1931–1933 жж. демографиялық нәубеттің себеп-салдары статистикалық мәліметтер негізінде дәлелденген М.Х. Асылбеков, М. Тәтімов, Ә.Б. Ғалиев т.б. зерттеулері панасыз балалар мәселесін жан-жақты негіздеуге мүмкіндік береді (Асылбеков, Ғалиев, 1991: 185).

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы үлкен аштық кезіндегі қазақтардың қайғылы тарихын баяндаған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі 1999-шы жылы жарық көрген М. Малышева мен В. Познанскийдің «Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934)» атты еңбегі. Мұнда аштықтан қазақтардың Батыс Сібірдің оңтүстігіне ағылып жан сауғалуы, оларды жаңа аумаққа орналастыру мәселелері баяндалған. Авторлар этносаралық қатынастар мәселелерін және аштықтан зардап шеккен қазақтарды құтқару шараларын қарастырған (Малышева, Познанский, 1999).

Аштықтың салдарынан панасыз қалған қазақ балаларының өмірін қорғау, балалар үйлеріне орналастыру, оларды тамақтандыру, киіндіру, медициналық көмек сынды шараларды ұйымдастыру туралы көмек көрсету фактілеріне тоқталды.

Посткеңестік кезеңде отандық тарихнамада КСРО аймағын қамтыған 1921–1923 жылдардағы ашаршылық салдары және балалардың жаппай індетке шалдығуы З.Г. Сактаганова, Г.Б. Карсакованың «Ақмола губерниясында 1920 жылдардағы ашаршылық әсерінен панасыз балалар санының өсуі» атты мақаласында талданады. Партиялық-мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың осы індетке ұшыраған балаларды құтқару үшін жасалған қызметтері, істері баяндалып, «панасыздық» ұғымы, оның пайда болу салдарына анықтама жасалынады. Архив деректеріне сүйене отырып, республика мен аймақтардағы панасыз балалардың саны анықталған. Авторлар балалар үйіндегі санитарлық жағдай, елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай, соғыс, аштық т.б. жағдайларды қорытындылайды (Сактаганова, Карсакова, 2017: 4-10).

1920–1930 жылдардағы панасыз қалған балаларды мемлекеттік қорғау ісіндегі түбегейлі өзгерістер мен балалар мекемелерінің құрылу тарихы туралы жекелеген мәселелер Г.К. Кемелжанованың «Становление и развитие детских домов в 1920–1940-е годы в Казахстане» атты мақаласына арқау болған. Еңбекте 1920–1940 жылдардағы балалар мекемелері жүйесі балалардың панасыздығымен және қараусыздығымен күресу жағдайында дамыды деген тұжырым жасалады. Сондай-ақ, қамқорсыз жасөспірімдер мен балалар үйінің тәрбиеленушілерінің күнделікті өміріне қатысты зерттеу жұмысын қорытындысында, аталған институттық құрылымның өмір сүруіне елдегі сол кезеңде күрделі ахуалдың ықпал еткендігін ескеру қажеттігін алға тартады. Әрине, панасыздықты толығымен жою, балалардың ауылдардағы жағдайын түбегейлі жақсарту мүмкін болмады, бірақ экономикалық жағдайды ескере отырып елде көп нәрсе жасалды (Кемелжанова, 2020).

Г.Б. Сүгірәлімованың 2006 жылы даярланған «Қазақстандағы панасыз балалар: мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар)» атты диссертациясында балалар панасыздығы мәселесінің тарихы зерттеліп, оларды әлеуметтік қорғауда кеңестік жүйенің іске асырған саясаты мен оның қызметінің негізгі бағыттары сипатталған. Кеңес үкіметінің 1920-шы жылдардың соңында ауыл шаруашылығында жүргізген реформалардың (ұжымдастыру) барысындағы панасыз балалар мәселесі, яғни ауылдағы түбегейлі өзгерістер нәтижесінің балалар өміріне тигізген зардабы, босқыншылыққа ұшыраған қазақ балаларына көмек көрсету



шаралары баяндалады. Сондай-ақ Қазақстандағы панасыз балалар мәселесімен айналысқан Өлкелік балалар комиссиясы жұмысының нәтижелері қарастырылып, қазіргі замандағы панасыз, жетім балалар мәселесіне басымдық берілген. Керісінше, панасыздықты жоюмен айналысқан мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің құрылымдық жүйесі, олардың қызметі, санитарлық жағдайы, ол жердегі психологиялық ахуал, әлеуметтік-педагогикалық факторлар үстірт қарастырылған. Сонымен қатар зерттеу жұмысында республикадағы көптеген облыстық архив қорларының және шетел архиві қорларының материалдары ғылыми айналымға енген (Сүгірәлімова, 2006: 32).

Тақырыбымызға қатысты қызығушылық тудыратын келесі зерттеу мақаласының нәтижелері Г.Б. Қарсақова, З.Г. Сақтағанова, К.К. Әбуов, Б.Г. Буканова және Ж.С. Мажитованың бірлескен зерттеу жұмысында көрсетілген (Karsakova, et al, 2018). Мақалада 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтың Қазақ АКСР-нің көптеген аймақтарын қамтыған және жаппай індеттерді тудырып, олардың балаларға әсер еткен зардаптары баяндалады. Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысында партиялық-мемлекеттік органдары мен балаларды құтқару қоғамдық ұйымдардың қызметі талданады. Авторлар архивтік деректерге сүйене отырып, республикадағы, аймақтардағы панасыз балалардың саны туралы мәліметтерді келтірген. Қарастырылған міндеттердің бірі балалар арасындағы панасыздықтың негізгі себептерін ашуға бағытталған. Бұл ретте оған тек әлеуметтік-экономикалық факторлар ғана емес, сонымен қатар Кеңес мемлекетінің отбасылардың жаппай ойрандалуына, ашаршылыққа, жоғары өлім-жітімге және т.б. әкелген саясаты да келтірілген. Мақала авторлары балалардың баспанасыздығы соғыс, ашаршылық және күйреушіліктен туындаған республикадағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нәтижесі деген қорытындыға келді (Karsakova et al: 2018, 46).

1930 жылдардағы қазақстандағы балалар үйлерінің құрылу тарихы туралы атты мақалада З. Сақтағанова, Қ. Әбдірахманова, Ж. Мәжитова және С. Қадырбаевалар Орталық Қазақстанның материалдары негізінде 1930 жылдардағы Кеңестік балалар үйлерінің тарихын талдайды (Saktajanova et al, 2024). Авторлар 1930 жылдардағы балалар үйлерінің және ондағы тәрбиеленушілер санын Қарағанды облысы бойынша қарастыра отырып, жалпы Қазақстан бойынша да анықтауға тырысқан. Архив материалдары негізінде балалар үйінің күнделікті тыныс-тіршілігінің тұтас бейнесін қайта қалпына келтіруге тырысқан. Авторлар 1930 жылдардың басында Қазақстанда балалар үйлері мен панасыздардың санының артуы аштықтан зардап шеккендер санының күрт өсуінен, ал 1930 жылдардың ортасынан бастап – арнайы қоныс аударушылар мен саяси қуғын-сүргін құрбандарының көптеп келуімен байланысты деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар, балалар үйлерінің мемлекет тарапының қараусыз қалуы ондағы тәрбиешілердің жұмыс орнын қалдырып кетуіне әкеліп соқтырғанын және бұл өз кезегінде қараусыз қалған панасыз балалар санының одан сайын артуына ықпал еткен деген тұжырым жасайды (Saktajanova et al, 2024: 965). Зерттеудің артықшылығы тақырып бойынша бұрындары жарияланбаған архив құжаттары пайдаланылған.

2023 жылы жаңа архивтік және жазбаша дереккөздерге негізделген «XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары» атты ұжымдық монография жарық көрді. XX ғ. 20-шы жылдарындағы ашаршылық туралы жазылған еңбектің 1 тараушасы аштық кезіндегі балалардың панасыздығымен күресу мәселесіне арналған. Мұнда Ресей Федерациясы және отандық архивтердің қорларынан алынған материалдары зерделеніп, ашыққандарға көмек (помгол) органдары балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру және балалардың панасыздығына қарсы күрес мәселелері бойынша есепті ақпарат пен статистикалық



деректер келтіреді. 20-шы жылдардың бас кезеңіндегі ашаршылық барысындағы Орталық балалар комиссиясы мен балалар үйлерінің қызметі, ондағы балалар саны, олардың санитарлық жағдайы және балаларды құтқару мақсатында жүргізілген эвакуациялық жұмыстар жайлы қарастырылады. Зерттеушілер өз тұжырымдарын негіздеуде Орталық балалар комиссиясының жүзеге асырған шаралар жайлы мәліметтерге сүйенеді. Орталық балалар комиссиясының міндеттерінің қатарында: аштыққа ұшыраған балаларға кезең-кезеңімен көмек көрсетуді ұйымдастыру, жергілікті аштыққа қарсы көмек ұйымдарымен байланыста әрекет ету, балаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету және аштыққа шалдықпаған аймақтарға эвакуациялау, сондай-ақ жалпы аштыққа ұшыраған балаларға көмек көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру бойынша қаржылық мәселелерді шешу болды.

Еңбекте аштыққа ұшыраған балаларға көмекті ұйымдастыруда бұрынғы алаш қайраткері А. Кенжиннің қызметі жоғары аталып өтіледі. Ол КАССР Халық ағарту комиссары қызметін атқара отырып, 1921 жылдың 2-ші жартысында Орталық балалар комиссиясының төрағасы қызметін де қоса атқарады. А. Кенжин комиссияның жүйелі жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Оның комиссия төрағасы барысында «балаларға көмек көрсету» апталықтары өткізіліп, ай сайынғы есептің үлгісі және «балаларды КСРО-дан эвакуациялаудың жалпы ережелері», «балаларды КСРО-дан Түркістан Республикасына эвакуациялау жоспары», «ақпараттық бюро ұйымдастыру туралы ереже» сынды ережелер әзірленді, эвакуацияланатын балаларға карточкалар жасау бойынша санитарлық пойыз өкілдерімен эвакуациялау бойынша кеңестер өткізілген (XX ғасырдың, 2023а: 150).

Монография авторлары балаларға көмек жолға қойыла бастағанымен өзге көрші, аштыққа ұшыраған аймақтарға қарағанда Қазақстандағы аштыққа ұшыраған балаларға көмек көрсету ісінде де артта қалушылық орын алғандығын атап өтеді. А. Кенжин егіндігі өнім бермеген басқа аймақтарға шетелдік көмек ұйымдарының жұмысы артқан кезде, Қазақстан үшін бұл мәселе енді ғана қойылып жатқанын және тек жақын арада ғана Қазақстан балаларына көмек көрсету ісінде «АРА» ұйымының алғашқы қадамдары күтілуде» деп, орталыққа шағымданады. Ол өзінің баяндамасында көмекке мұқтаж балалардың саны – 630 000 адам туралы мәлімет берді, оның деректері бойынша 1921 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша балалар мекемелерінің саны – 465, мектептер саны – 5438 (XX ғасырдың, 2023а: 152). Әрине елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдай мектептер мен оқушылардың санының қысқаруына алып келді. Бұл жағдайдың тікелей себептері аштық пен эпидемияға байланысты балалар өлімінің жоғары болуында еді. Зерттеушілердің мәліметінше тырысқақ эпидемиясынан қайтыс болғандардың саны көп болғандықтан, есеп жүргізу қиынға соққан. Аурулардың жалпы санына шаққанда өлім-жітім 70 %-ға өскен. Әсіресе, Қостанай губерниясында барлық ауруханалар бойынша аптасына орташа өлім саны 135, оның ішінде балалар саны – 100. Және ең көп адам шығыны яғни, – 435 адам, балалар үйінде тіркелгендігі аталып өтіледі.

Аштыққа ұшыраған адамдардың саны артқан сайын, панасыз қалған балалардың да саны өскен. 1921-1923 жылдардағы Еділ бойындағы жаппай аштық баспанасыздық жағдайын одан әрі ушықтырды. Қазақстанға ашаршылықтан зардап шеккен Еділ бойы аудандарының балалары бар эшелондарды жөнелткен. Балаларды қабылдайтын бос орындар болмағанымен, аш балаларды балалар үйіне қалдырып кетіп отырған. Зерттеушілердің айтуынша 1921 жылы 1 желтоқсанда ҚАКСР-да 128 мыңға жуық панасыз бала болса, 31 желтоқсанда – 158 мың адам, 1922 жылы қаңтарда қараусыз қалған балалар саны 333 043 адамға өскен екен, ал 1922 жылдың наурызында 408 022 адам болғаны анықталған (XX ғасырдың, 2023а: 150).



Панасыздықтың өсуі соншалық, алғашында балалар үйлерінің жарамсыздығына байланысты және ақша мен басқа да қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты балалардың балалар үйінде қалуы қауіпті болды. Себебі, олар балалар үйінде аштықтан жиі өліп жатты. Балалар үйлерінде төсек-орын, киім, аяқ киім жетіспеді. Іш сүзегі, тырысқақ, дизентерия, қышыма көптеген балалардың өмірін қиды. Бірақ аурудан гөрі балалар азық-түліктің жетіспеушілігінен арып-азып, өліп жатты. Әсіресе, Қостанай қаласы мен Орынбор губерниясының Орск қаласындағы балалар үйлеріндегі балалардың жағдайы тым мүшкіл болды. Қостанай губерниясында ауруханалардағы балалардың өлімі 50 % және одан да жоғары болды. Орск қаласында аштықтан балалардың өлімі 75 % - ға жеткен. 1921 ж. 20 желтоқсанындағы жағдай бойынша Орынбордағы «Степная правда» газеті мәлімдеуінше Орынборда күн сайын балалар үйлері мен ауруханаларында 100-ге жуық бала аштық пен аурудан қайтыс болған.

1921 жылдың аяғынан бастап балалардың панасыздығымен күресудің бір әдісі оларды аштыққа ұшырамаған аймақтарға эвакуациялау болды. Балалар үйіндегі балалар санының көбеюі балалар үйлерінің ауру ошақтарына айналуы мүмкін болғандықтан, Орталық балалар комиссиясы балаларды эвакуациялау үшін санитарлық пойыздарды жіберу мәселесін көтерді. Орталық балалар комиссиясы 24 санитарлық пойызда 15 111 баланы негізінен Түркістан Республикасына, Бұхараға, РСФСР Орталық губернияларына және Украинаға эвакуациялады.

Тек 1923 жылдың басында ғана балалар үйлерін азық-түлікпен қамтамасыз ету біршама жақсарды және бұл көп ретте ашаршылықты жою жөніндегі шетелдік қайырымдылық ұйымдарының қызметімен байланысты болды. Қазақстандағы балалардың тамақтануын ұйымдастыруда АРА ерекше рөл атқарды. 1923 жылғы 15 наурыздағы жағдай бойынша АРА қызметімен 277 елді мекен қамтылды, оның 223 – і Орынбор КАССР губерниясында болды. Осы кезеңде Орынбор губерниясында барлығы 298 асхана ашылып, онда 67180 бала тамақтанды. АРА-дан басқа, басқа Католиктік миссия, «Джойнт», Межрабпом сынды шетелдік ұйымдар да балалардың аштық нәубетінен аман қалуында үлкен рөл атқарды.

Қарастырылған зерттеу еңбегі аштық пен қараусыз қалған балаларға қатысты статистикалық мәліметтердің молдығымен ерекшеленетіндіктен, 1920-шы жылдардағы Қазақстандағы панасыз балалар мен балалар үйлерінің тарихын зерттеуде құнды еңбек саналады. Осы еңбектің авторлары 20-шы жылдардағы аштық бойынша Архив құжаттары мен материалдар жинағын да жарыққа шығарды (XX ғасырдың, 2023b).

Сондай-ақ, осы бағыттағы Е. Сыдықовтың 2010 ж. Батыс Сібірге босқан қазақтар жөнінде шыққан «Гонимые голодом» атты құжаттар жинағы (Сыдықов, 2010: 693) және 2021 жылы жарық көрген «Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника» 3 томдық (Ашаршылық, 2021) құжаттар жинақтарының бұрын-соңды болмаған экономикалық катаклизмдерді, әлеуметтік-демографиялық сілкіністерді талдауда және қазақ балаларының панасыз қалу динамикасын қалыптастыруда ғылыми маңызы зор. Осы еңбектердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсек. Е.Б. Сыдықовтың 2010 жылы жарық көрген «Гонимые голодом» атты құжаттар жинағында XX ғ. 30-жылдардың басындағы аштық қыспағынан Сібірге жөңкіле көшуге мәжбүр болған он мыңдаған қазақтардың тағдыры туралы құжаттар жинақталған. Құжаттар жинағын құрастырушылар алғысөз бөлімінде қолдағы бар материалдарды саралай келе, 30-шы жылдардың басында Сібірге Қазақстаннан қазақтардың сол кездегі құжаттарда көрсетілгеннен 30-40 %-ға артық яғни, қазақтың 100 мыңға жуығы көшіп кеткен деген, болжам жасайды. Батыс және Шығыс Сібірге негізінен орта және ішінара ұлы жүз қазақтары көшкен.

Әрине, аштық нәубеті салдарынан жаппай Сібірге бас сауғалаған қазақтардың балаларының да жағдайы аса мүшкіл болды. Аталмыш жинақта 50-ге жуық архив



құжаттары – қараусыз қалған, жетім қазақ балаларының жағдайы, оларды балалар үйіне орналастыру немесе балалар үйін ашу сынды мәліметтер Батыс Сібір өлкелік балалар комиссиясының қатынас құжаттарында көрсетілген. Сол сияқты Батыс Сібір аудандарында орналасқан балалар үйіне қатысты құжаттардың дені келесідей: Аудан тарапынан балалар үйіне көңіл бөлмеушілік; жабдықтаушы ұйымдар тарапынан, балалар үйін жабдықтауға толық жауапсыздық танытушылық; балалар үйінің асханасына жүйелі түрде нан берілмеуі, берілетін нан мөлшерінің басқа мақсаттарға жұмсалыуы; балалар үйінің тәрбиеленушілеріне киім мен аяқ киімнің жетіспеушілігі; балалар үйінің ғимараттарының уақтылы жөнделмеуі; балалар үйін ұзақ уақыт қаржысыз қалдырылуы және т.б.

Батыс Сібір өлкесіне бас сауғалаған қазақтардың қараусыз қалған балаларының көптігі және олардың тараған аймақтардың ауқымдылығы жергілікті атқарушы биліктің оларға арнайы балалар үйін салуға мәжбүр етеді. Мысалы, құжаттар жинағында осындай мәліметтерді куәлік ететін келесідей құжат бар: Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің 20 сәуір 1933 жылы өткізілген отырыс материалдарында балалар мекемелерінің желісінде казактардың жетім балаларын толық қамту мақсатында 33 жылдың 25 мамырына қарай 480 адамға арналған 5 жаңа балалар үйін ашу ұсынылады: Ново-Омскіде 120 адамға, Славгородта – 100 адамға, Бийскіде – 100 адамға, Алейскіде – 100 адамға, Прокопьевскіде - 60 адамға. Аудандық атқару комитеттерінің төрағаларына балалар үйлерін ұйымдастыруға шұғыл кірісу және ол үшін тиісті ғимараттарды бөліп, жөндеу жұмыстарын жүргізу тапсырылады. Сонымен қатар, қазақ балалар үйлерінің ескі желісі бойынша балалар санын 375 адамға кеңейту тапсырылады: Барнаулда – 75 адамға, Омбыда – 60 адамға, Новосибирскіде – 92 адамға, Ключевскіде – 40 адамға, Волчихада – 25 адамға, Тюменцевода – 75 адамға. Аталған аудандық және қалалық Атқару комитеттерінің төрағаларына 25 мамырға дейін осы қаулының орындалуын қамтамасыз ету тапсырылады (Гонимые голодом, 2010: 329-330). Дегенмен келесі құжаттардың мазмұны қазақ балалары үшін ашылатын үйлердің кешіктіріліп, орындалмай жатқанын көрсетеді (Гонимые голодом, 2010: 355-356).

Сонымен қатар, құжаттар жинағында Батыс Сібір өлкесінің өз аумағында жағдайының ауырлығын және қазақ тілін білетін тәрбишілердің жоқтығын ескере отырып, жергілікті аудандық атқару комитеті балалар үйлеріндегі қазақ балаларын Қазақстанға қайта көшіру мәселесін көтеретін құжаттар келтіріледі. Құжаттың мазмұны Қазақстанның Павлодар ауданынан Батыс Сібірдің Славгород ауданына жан сауғалаған қазақтардың балалар үйіндегі 52 қазақ баласын қайта еліне көшіру жөніндегі қатынас хат. Қатынас хатта Павлодар аудандық атқару комитетінің 2 жыл бойы балаларды қайта көшіріп аламыз деген уәделерінің орындалмай отырғанына шағымдана отырып, өз тарапынан 1933 ж. 16 сәуірінде өз өкілін қоса отырып балаларды көшіретіндігін мәлімдейді. Алайда, Павлодар аудандық атқару комитеті ауданда тәрбиеленушілердің жалпы саны 1300 адам 8 балалар үйі бар екенін және олардың басым бөлігі өзге аудандардан жиналған балалар екенін айта отырып, көшіргелі отырған 52 баланы 1933 жылдың қазанына дейін Славгород ауданында тұрақтай тұруын сұрайды (Гонимые голодом, 2010: 305-306).

Көріп отырғанымыздай Е.Б. Сыдықовтың шығарған бұл құжаттар жинағы 30-шы жылдардағы аштық салдарынан Сібірге бас сауғалаған қазақтардың балалары, олардың сондағы балалар үйіндегі жай-күйі туралы, Сібірдің қазақ балалары орналасқан аудандары мен қалалары туралы мол мәліметтер беретін бірден-бір еңбек болып табылады.

Е.Б. Сыдықовтың шығарған бұл құжаттар жинағы Батыс Сібір мен Шығыс Сібірдегі қазақ балалары жайлы мәліметтер берсе, 2021 жылы Б. Әбдіғалиұлының



редакторлығымен шыққан «Ашаршылық. 1928-1934. Документалды хроника» атты құжаттар жинағында еліміздің батысына іргелес облыстарға (Орта Еділ өлкесі) бас сауғалаған қазақтардың балалары, олар орналасқан балалар үйлері туралы аз да болса, маңызды құжаттар келтіреді. Мұндағы құжаттардың көрсетуінше, 1931-1933 жылдары Орал және Ақтөбе облыстарының ең шалғай аудандарында және Каспий жағалауының аштыққа ұшыраған қазақтардың 50 мыңнан астамы Орта Еділ өлкесінің 11 ауданына жан сауғалап, босып кеткен. БОАК жанындағы Балалар комиссиясының мәліметтерінен Орта Еділ өлкесіне бас сауғалаған 50 мың қазақтың 30 %-ы балалар екендігі анықталған. Қазақтардың Орта Еділ өлкесіндегі тұрақтаған негзгі аудандар: Орынбор қаласы мен Орынбор ауданы, Сольилецк, Елек, Бөрті, Павловский және Ор аудандары. Мұндағы қазақтардың аз бөлігі ғана совхоздарға, колхоздарға, орман шаруашылығына орналасып жұмыс істеуде, ал олардың басым бөлігі тамақ іздеп, бір ауданнан екінші ауданға өтіп, кезіп жүр. Және бұл қазақтардың аштық жайлаған өлкеден ағыны саябырса да тоқтаған жоқ деген мәліметтер келтіреді (Ашаршылық, 2021: 549).

Құжаттар жинағында БОАК жанындағы Балалар комиссиясының Орынбор және Сольилецк аудандарын тексеру нәтижелері ондағы қазақ балаларының жәй-күйінің аса мүшкіл фактілері анықталғандығы туралы мәліметтер келтіреді. Орынбор ауданының Қарашы ауылына барған қазақтардың балаларының санитарлық-тұрмыстық жағдайы ауыр, олардың бір бөлігі қираған жерлерде тұрады, жылуы жоқ, күн сәулесі түспейтін, ылғал, 10 шаршы метр жерде 11-ден 17 адамға дейін тұрған. Киімге қатысты – жартылай киінген және жалаңаш, жалаң шүберекпен жабылған жағдайы өте нашар балалар бар. Денсаулық жағдайы – бәрі азып кеткен, ұзақ уақыт тамақтанбау салдарынан ісініп кеткендері де бар. Балалардың денелерін қотыр, темірткі мен сыздауық басып кеткен. Барлық балалар биттеп кеткен. Мұнда 6 жасқа дейінгі де балалар бар, ешқайсысы шешекке қарсы егілмеген. Медициналық көмектің жоқтығынан балалар арасындағы өлім өршіп тұр. Тексеріс нәтижесінде БОАК жанындағы Балалар комиссиясы жергілікті өлкелік, аудандық ұйымдар мен Қазақстан тарапынан арнайы жіберілген бригадалар дер кезінде көмекті ұйымдастыра алмаған деген қорытынды шығарады (Ашаршылық, 2021: 550). Жалпы аталмыш құжаттар жинағы 30-шы жылдардағы ашаршылық кезінде, аман қалу үшін Орта Еділ өлкесін паналаған қазақтар, олардың балалары жайлы, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін ашатын құнды деректермен қамтылған.

Шетелдік тарихнамада Р. Конквестің еңбектерінің маңызы ерекше. Себебі, автор 1930 жылдардағы кеңестік солақай реформалар мен әлеуметтік бастамалардың нәтижелерін жаңа қырынан талдап, әлеуметтік салдарын өткір сынға алған. Р. Конквест зерттеулерінің Қазақстандағы балалар үйіне қатысы аз болса да теориялық-әдіснамалық тұрғыдағы маңызын жоғалтпайды. Кеңестік қоғамның теріс құбылыстарын зерттеу мен оның ішкі белгілерін анықтау бойынша теориялық негіздеме қалыптастырып берді (Конквест, 1988). Сол сияқты Вальдемар Шмидт «Трагедия Казахстана 1921–1922 годов: голод и его последствия» атты зерттеуінде (Вальдемар, 2018) аштықтың салдары мен соның нәтижесінде өмірге келген балалар үйінің тарихына жан-жақты баға беруге ұмтылған. Осы тарапта Сара Кэмеронның «Аштық жайлаған дала: Ашаршылық, Зорлық және кеңестік Қазақстанды орнату» (The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan) атты еңбегінде де коммунистік индустрияландыру тудырған әлеуметтік құбылыстардың бірі ретінде балалар үйі, қарттар үйі институтын атап өтеді (Кэмерон, 2018). Іргелес елдерден тақырыпқа қатысты зерттеулерде Саипова Камоланың 2021 жылы шыққан «История национальных меньшинств Узбекистана (1917–1990 гг.)» (Саипова, 2021) атты еңбегінде Қазақстанның аштыққа ұшыраған аудандарынан эвакуацияланған балалар



мен өз бетінше ауған қазақтар, панасыз қалған балалар жайында мол мәліметтер қамтылған.

Қарастырылған зерттеулердің негізгі бағыттары келесідей: Балалар үйінің даму тарихы, 1920-шы және 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі панасыз балалар, Батыс Сібірге босқан қазақтардың балалары, Қазақстандағы белгілі бір аумақ аясындағы панасыз балалардың жағдайы. Әрине біз қарастырған зерттеушілер еңбегінде панасыз балалар жөнінде елеулі жұмыстар атқарылғанымен хронологиялық кезеңімізге сәйкес тарихымыздағы панасыз қалған балалар өткерген тауқыметті толық зерделеу үшін, мәселенің уақытын және қамтыған аумағын тұтас сомдайтын зерттеулерді жүргізу қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері. Сонымен, бүгінгі таңда Қазақстанның тарих ғылымында 1920-1930 жылдардағы еліміздегі және көршілес елдердегі панасыз балалар мен балалар үйі туралы тарихы бойынша бірқатар монографиялық зерттеулер мен құжаттар жинақтарына:

- деректік негіздеріне талдау жасалды;
- талқыланған ғылыми жұмыстардың әрқайсысының мазмұны мен ерекшеліктеріне сипаттама жасалып, негізгі бағыттары анықталды;
- берілген тақырыпқа тарихнамалық шолу нәтижесі ХХ ғ. 20-шы және 30-шы жылдардағы ашаршылықтар Қазақстанда балалар панасыздығы мәселесінің туындауына әсер еткен негізгі факторлар болғандығы айқындалды;
- 1920–1930 жж. КСРО-ның ішкі өміріндегі шиеленісті жайттардың қоғам мүшелеріне, әсіресе балаларға кері әсері, яғни отбасылық институт құндылықтарына тигізген ауыр салдары анықталды;
- ашаршылық салдарынан іргелес елдерге мәжбүрлі көші-қон кезеңіндегі қазақ балаларының орналасу ерекшеліктері және олардың тағдырлары зерделенді;

Жалпы, соңғы жылдары балалар панасыздығы тарихын зерттеуде бірқатар жетістіктер бар екенін көруге болады: ғылыми айналымға жаңа архивтік құжаттардың кең көлемі енгізілді; зерттеу мәселесі айқындалып, қалыптасты; арнайы монографиялар жарияланбағанымен, аштыққа арналған монографиялар мазмұнында қатар айтылып, кейде арнайы тараулар арналды. Дегенмен, біздің қарастырған монографиялық зерттеулер мен құжаттар жинақтарында келтірілген мәліметтер әртүрлі дәрежеде ұсынылған және толымсыз. Мұның барлығы қазақ балаларының панасыздығы мен олар тұрған балалар үйлерінің жай-күйінің, ондағы балалардың жағдайының тұтас бейнесін сомдау мақсатында тақырыпты толыққанды зерттеудің қажеттілігін талап етеді. Сонымен қатар, зерделенген еңбектерде Ресей аумағындағы қазақ балаларының панасыздығы зерттеушілер назарына ілінсе де, оңтүстігіміздегі көршілес елдердегі қазақ балаларының панасыздығы, олар орналастырылған балалар үйлерінің жағдайы зерттеушілер назарынан тыс қалған. Осыған байланысты 1920-1930 жылдардағы балалар панасыздығын зерттеушілердің алдында тақырып бойынша арнайы құжаттар жинақтарын құрастыру, арнайы монографиялық еңбектер жазу міндеттері тұр. Және бұл құжаттар жинақтарына іргелес елдердің архив қорларындағы құжаттары енгізілуі шарт, сәйкесінше осы тақырыпқа арнайы жазылатын монографияларда елдегі 1920-1930 жылдардағы балалар панасыздығы мәселесі іргелес елдердегі қазақ балаларының панасыздығы мәселесімен тұтас қарастырылып зерттелуі де шарт. Сол сияқты қарастырылатын мәселелер қатарында Қазақстандағы және іргелес елдердегі балалар үйлерінің азық-түлікпен қалыпты қамтамасыз етілмеуі 30-шы жылдардың ортасынан асқанша жалғасып келуі, балалар үйлерінің жай-күйінің және ондағы балаларға қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмеуі, балалардың қажетті киім-кешегінің жетіспеушілігі немесе мүлдем қамтамасыз етілмеуі, медициналық және



тәрбиелеуші кадрларының болмауы және т.б. сияқты мәселелер қамтылуы қажет деп білеміз.

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы балалар панасыздығы тарихын зерттеуде елдегі және көрші елдердегі жазылған тарихи зерттеулердегі дереккөздерге негізделген зерттеу жасаудың нәтижелері, жаңа әдістер пайдалану арқылы тарихтың көмескі беттерін тың тұжырымдамалармен сипаттау қоғамдық сананың отарсыздануына ықпал етеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, отандық және іргелес елдер тарихнамасындағы балалар панасыздығының тарихы тақырыптарының аясы шектеулі болғандықтан да аталған мәселенің тұтас бейнесін, панасыз қазақ балаларының таралу аймағын толық көрсете алмағандығын көреміз. Сондықтан да балалар панасыздығы мәселесі кең аумақта қарастырылып, кешенді, терең әрі шынайы зерттеу, осы тақырыпта жазылған еңбектерді зерделеумен қатар, архив қорларында жатқан құжаттарды ғылыми айналымға енгізу арқылы жаңа, тың көзқарастағы зерттеулерді талап етеді. Сонымен қатар балалар панасыздығының Қазақстанмен іргелес елдерінен көрініс тапқандығын талдау отандық тарих ғылымында тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми-зерттеу жұмыстарында XX ғасырдың алғашқы ширегінде балалар үйінің пайда болуы – большевиктер жүргізген солақай саясаттың салдары сынды тұжырымдар орнығуы тиіс.

Кеңестік жүйеден мұраға қалған балалар үйлеріндегі жағымсыз жайттар қазіргі күннің өзінде де жойылмай отыр. Панасыз қалған балаларды қамқорлыққа алу әлемдік тәжірибенің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекет тарапынан соңғы жылдары жетім балаларды әлеуметтік қорғау және оларды толыққанды отбасыларда (патронаттық) тәрбиелеу сынды бастамаларын негіздейтін зерттеулер аса қажет.

Әдебиеттер

Абылхожин, 1991 – *Абылхожин Ж.Б.* Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации традиционной структуры Казахстана. Дисс. д.и.н. – Алма-Ата, 1991. 240 б.

Асылбеков, Галиев, 1991 – *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.* Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). Алматы, 1991. 185 с.

Ашаршылық, 2021 – *Ашаршылық.* Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т. 4. 1928–1929 / Отв. Редактор Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021.

Базанова, 1987 – *Базанова Ф.Н.* Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект. – Алма-Ата: Казахстан Казахстан, 1987. 154 с.

Базанова, 1979 – *Базанова Ф.Н.* Формирование национального состава населения Казахстана в годы Гражданской войны и восстановление народного хозяйства // Вестник АН Казахской ССР. 1979. № 1. 59 стр.

Бисенова, 1960 – *Бисенова А.Б.* Материнство и умственный труд / Пер. с нем. М. Кучинского. ... Здоровье женщины и материнство. М.: Знание, 1960. 48 с.; А.Б. Бисенова. Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1965. 208 с.

Камерон, 2020 – Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана. Издательство: Новое литературное обозрение, Серия: Historia Rossica. 2020. 360 с.

Кемелжанова, 2020 – Кемелжанова Г.К. Становление и развитие детских домов в 1920–40-е годы в Казахстане // Молодой ученый. 2020. № 23(313). с. 616-620. URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> (дата обращения: 30.05.2023).

Конквест, 1988 – *Конквест Роберт.* Жатва скорби (Совесткая коллективизация и террор голодом) [Robert Conquest. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine]. London, 1988. 620 p.

Қозыбаев, 2001 – *Қозыбаев М.* Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, 1992. Т.О. Омарбеков. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001. 404 б. ISBN 9965-468-43-5

Мальшева, Познанский, 1999 – Мальшева М. П., Познанский В. С. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934 гг.). Алматы, 1999. 536 с.

Мананникова, 1938 – *Мананникова Н.В.* Охрана материнства и младенчества в Казахстане. Охрана материнства и младенчества в Союзе ССР. 1918–1938. М. 1938. 276 с.



Саипова, 2018 – Саипова К. «История национальных меньшинств Узбекистана (1917–1990 гг.)». Ташкент: Turon-Iqbol, 2021. 277 с.

Сактаганова, Карсакова, 2017 – Сактаганова З.Г., Карсакова Г.Б. Влияние голода на рост числа беспризорных детей в Акмолинской губернии в 1920-е гг. // Вестник КазГУ. Серия историческая. 2017. № 3(86). с. 4–10. ISSN 1563-0269

Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K., Mazhitova Zh.S., Uderbayeva S.K. On the History of the Formation of Orphanages in Kazakhstan in the 1930s. *Bylye Gody*. 2024. 19(2). 965-975 p.

Сүгірәлімова, 2006 – Сүгірәлімова Г.Б. Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. Караганда, 2006. 32 с.

Сыдыков, 2010 – Сыдыков Е.Б. Гонимые голодом. Сборник документов. / составитель: Е.Б. Сыдыков. Семей, 2010. 693 с.

Шмидт, 2018 – Шмидт В. Трагедия Казахстана 1921–1922 годов: Голод и его последствия // Восточный архив. 2018. – №. 1. с. 40–50.

XX ғасырдың, 2023a – XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде)/ Ұжымдық монография. Жауапты ред. М.М. Қозыбаева. Алматы: «Мадияр», 2023. 264 с.

XX ғасырдың, 2023b – XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары. Архив құжаттары мен материалдар жинағы / Құраст. М.М. Қозыбаева, С.А. Асанова, Л.А. Гривенная, А.И. Құдайбергенова, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: «Мадияр», 2023. 504 б.

Karsakova et al, 2018 – Karsakova G.B., Saktaganova Z.G., Abuev K.K., Bukanova B.G., Mazhitova Zh.S. // The Struggle of the Soviet Government against Famine and the Increase of the Homeless Children in the Akmola Governorate in 1921–1923. *Space and Culture, India* 2018, 6:2. Pp. 6-54.

References

Abylkhozhin, 1991 – *Abylkhozhin Zh.B.* Sotsial'no-ekonomicheskie aspekty funktsionirovaniya i transformatsii traditsionnoi struktury Kazakhstana [Socio-economic aspects of the functioning and transformation of the traditional structure of Kazakhstan]. Diss. PhD. Alma-Ata, 1991. 240 p. (In Rus.)

Asylbekov, Galiev, 1991 – *Asylbekov M.Kh., Galiev A.B.* Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917–1980) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917-1980)]. *Almaty*, 1991. 185 p. (In Rus.)

Asharshylyk, 2021 – Asharshylyk. Golod. 1928–1934. Dokumental'naya khronika. Sb. dok. T. 4. 1928–1929 [Hunger. 1928–1934. A documentary chronicle. Collection of documents Vol. 4. 1928-1929] Responsible Ed. B. Abdigaliyly. *Almaty: Atamyra*, 2021. (In Rus.)

Bazanova, 1987 – *Bazanova F.N.* Formirovanie i razvitie struktury naseleniya Kazakhskoi SSR: natsional'nyi aspekt. [Formation and development of the population structure of the Kazakh SSR: a national aspect.] *Alma-Ata: Kazakhstan*, 1987. 154 p. (In Rus.)

Bazanova, 1979 – *Bazanova F.N.* Formirovanie natsional'nogo sostava naseleniya Kazakhstana v gody Grazhdanskoi voyny i vosstanovlenie narodnogo khozyaistva [Formation of the national composition of the population of Kazakhstan during the Civil War and restoration of the national economy] *Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. 1979. № 1. 59 p. (In Rus.)

Bisenova, 1960 – *Bisenova A.B.* Materinstvo i umstvennyi trud / Per. s nem. M. Kuchinskogo. ... Zdorov'e zhenshchiny i materinstvo [Motherhood and mental labor / Translated from German by M. Kuchinsky. ... Women's health and motherhood]. M.: Znanie, 1960. 48 p.; Bisenova A.B. Ocherki razvitiya okhrany materinstva i detstva v Kazakhstane [Essays on the development of maternal and child health in Kazakhstan]. *Alma-Ata: Kazakhstan*, 1965. 208 p. (In Rus.)

Kameron, 2020 – *Kameron S.* Golodnaya step'. Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana [The hungry steppe. Famine, violence and the creation of Soviet Kazakhstan]. Publishing house: New Literary Review, Series: Historia Rossica. 2020. 360 p. (In Rus.)

Karsakova et al, 2018 – *Karsakova G.B., Saktaganova Z.G., Abuev K.K., Bukanova B.G., Mazhitova Zh.S.* //The Struggle of the Soviet Government against Famine and the Increase of the Homeless Children in the Akmola Governorate in 1921–1923. *Space and Culture, India* 2018, 6:2. 46-54.

Kemelzhanova, 2020 – *Kemelzhanova G.K.* Stanovlenie i razvitie detskikh domov v 1920–40-e gody v Kazakhstane [The formation and development of orphanages in the 1920s and 40s in Kazakhstan] *Molodoi uchenyi*. 2020. № 23 (313). 616-620. URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> (accessed: 30.05.2023). (In Rus.)

Konkvest, 1988 – *Konkvest Robert.* Zhatva skorbi (Sovetskaya kollektivizatsiya i terror golodom) [The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine]. London, 1988. 620 p. (In Rus.)

Kozybaev, 2001 – *Kozybaev M.* Aqtandaktar aqiqaty [The truth about the gaps]. *Almaty*, 1992. (In Kaz) Omarbekov T.O. XX gasyrdagy Kazakstan tarikhynyn ozekti maseleleri [Actual problems of the history of Kazakhstan in the twentieth century] *Almaty: QAZAqparat*, 2001. 404 p. (In Kaz.)



Malysheva, Poznanskii, 1999 – Malysheva M.P., Poznanskii V.S. Kazakhi-bezhentsy ot goloda v Zapadnoi Sibiri (1931–1934 gg.) [Kazakhs are refugees from famine in Western Siberia (1931-1934)]. Almaty, 1999. 536 p. (In Rus.)

Manannikova, 1938 – *Manannikova N.V.* Okhrana materinstva i mladenchestva v Kazakhstane. Okhrana materinstva i mladenchestva v Soyuze SSR. 1918–1938 [Protection of motherhood and infancy in Kazakhstan. Protection of motherhood and infancy in the USSR. 1918-1938]. M.: 1938. 276 p. (In Rus.)

Saipova, 2018 – *Saipova K.* Istoriya natsional'nykh men'shinstv Uzbekistana (1917–1990 gg.) [The history of national minorities of Uzbekistan (1917-1990)]. Tashkent: Turon-Iqbol, 2021. 277 p. (In Rus.)

Saktaganova, Karsakova, 2017 – *Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.* Vliyanie goloda na rost chisla besprizornykh detei v akmolinskoi gubernii v 1920-e gg. [The impact of famine on the growth of the number of street children in Akmola province in the 1920s.] Bulletin of KazGU: A Historical Series, 2017. No. 3(86). Pp. 4–10. ISSN 1563-0269

Saktaganova et al, 2024 – *Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K., Mazhitova Zh.S., Uderbayeva S.K.* On the History of the Formation of Orphanages in Kazakhstan in the 1930s. Bylye Gody, 2024. No. 19(2). Pp. 965-975.

Sugiralimova, 2006 – *Sugiralimova G.B.* Kazakstandagy panasyz balalar: Maseleni sheshu tarikhy, tazhiribesi, korytyndysy (1920–1940 zhyldar) [Homeless children in Kazakhstan: history of problem solving, experience, conclusion (1920-1940)] Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Karaganda, 2006. 32 p. (In Kaz.)

Sydykov, 2010 – *Sydykov E.B.* Gonimye golodom. Sbornik dokumentov [Driven by hunger. Collection of documents]. Compiled by: E.B. Sydykov. Semei, 2010. 693 p. (In Rus.)

Shmidt, 2018 – *Shmidt V.* Tragediya Kazakhstana 1921–1922 godov: Golod i ego posledstviya [The tragedy of Kazakhstan in 1921-1922: Famine and its consequences]. Oriental Archive. 2018. No. 1. Pp. 40–50. (In Rus.)

XX gasyrdyn, 2023 – XX gasyrdyn 20-zhyldarynyn basyndagy Kazakstandagy asharsylyk zhane onyn saldary (zhana arkhivtik zhane zhazbasha derekkozder negizinde) [Famine in Kazakhstan in the early 20s of the XX century and its consequences (based on new archival and written sources)] Collective monograph. Responsible Ed. Kozybaeva M.M. Almaty: Madiyar, 2023. 264 p. (In Kaz., Rus.)

XX gasyrdyn, 2023 – XX gasyrdyn 20-zhyldarynyn basyndagy Kazakstandagy asharsylyk zhane onyn saldary. Arkhiv kuzhattary men materialdar zhinagy [Famine in Kazakhstan in the early 20s of the XX century and its consequences. Collection of archival documents and materials] Compiled by: Kozybayeva M.M., Asanova S.A., Grivennaya L.A., Kudaibergenova A.I., Baidaly R.Zh. Almaty: Madiyar, 2023. 504 p. (In Kaz. Rus.)



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 3, pp. 680-691, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 811.512.1-04
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_680-691

МӘМЛҮК СҰЛТАНАТЫН ЗЕРТТЕУ ТУРАЛЫ ЖАЗБАША ДЕРЕККӨЗДЕР

Назым Нұрболатқызы Қоңқабаева¹, Күлсін Халыққызы Абдрахманова²,
Арайлым Нұрболатқызы Қоңқабаева³

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының PhD докторы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
<https://orcid.org/0000-0001-5161-2232>. E-mail: haia89@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
<https://orcid.org/0000-0002-6484-059X>. E-mail: agulsum@mail.ru

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, ғылыми қызметкер, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
<https://orcid.org/0000-0001-5543-1172>. E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

© Ш.Ш.Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024

© Қоңқабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х., Қоңқабаева А.Н.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мәмлүктер ортағасыр жылдары Мысыр мен Сирияны басқарған Орта Азиядан шыққан тұлғалар еді. Бала кездерінде құлдыққа сатылып, кейіннен өздерінің зеректілігі мен ержүректілігімен көзге түсіп, билеуші тап өкілдеріне айналған. Мақалада мәмлүктік билік кезеңдері қамтылған түрлі деректер қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері.* XIII ғасырда Мысыр, Сирия елдерін басқара бастаған билік XVI ғасырға дейін созылған. Осман империясының құрамына кіргенімен, мәмлүктер билік басында XIX ғасырға қала берген. Осы кезеңдер туралы мәліметтер толық зерттеуді қажет ететіндіктен, мәмлүктер туралы жазылған дереккөздерді тізбесін беру, Мысырдағы қыпшақ тілінің мәртебесін зерделеу мақсатын қойдық. *Әдістер мен материалдар.* Материалдар ретінде араб, орыс, ағылшын тілдеріндегі тарихи-дерекнамалық қолжазбаларды, архив материалдары пайдаланылды. Зерттеуде сипаттау, жинастыру, топтастыру, дерекнамалық, факторлық талдау және аударма, сынды әдіс-тәсілдер қолданылды. *Зерттеу нәтижелері.* Мақалада араб, орыс, батыс тілдеріндегі деректерге талдау жасалды. Зерттеуді қажет ететін араб тіліндегі дереккөздер тізбесі анықталды. Ортағасырлық қолжазба негізінде мәмлүктер кезінде қолданыста болған тіл мәртебесі де зерделенді. *Қорытынды.* Мәмлүктердің ресми түрде билік басынан кеткенімен, Мысыр және Сирия елдеріндегі саяси, әскери мәртебелерін жоғалтпаған.

Түйін сөздер: Мәмлүк, ортағасыр, қолжазба, Осман империясы, дереккөз, қыпшақ, Мысыр



Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ортағасыр ескерткіштер тіліндегі этномәдени және лингвистикалық парадигма» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі AP19175804).

Дәйексөз үшін: Қоңқабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х., Қоңқабаева А.Н. Мәмлүк сұлтанатын зерттеу туралы жазбаша дереккөздер // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. Б. 680-691. (Қаз.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_680-691

ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИЗУЧЕНИЮ МАМЛЮКСКОГО СУЛТАНАТА

Назым Нурболатовна Конкабаева¹, Кульсын Халыккызы Абдрахманова²,
Арайлым Нурболатовна Конкабаева³

¹PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кафедра восточной филологии и перевода, г. Алматы, Республика Казахстан
<https://orcid.org/0000-0001-5161-2232>. E-mail: haia89@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доцент кафедры восточной филологии и перевода, г. Алматы, Республика Казахстан
<https://orcid.org/0000-0002-6484-059X>. E-mail: agulsum@mail.ru

³Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, научный сотрудник, г. Алматы, Республика Казахстан
<https://orcid.org/0000-0001-5543-1172>. E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х., Конкабаева А.Н.

Аннотация. *Введение.* Мамлюки были выходцами из Центральной Азии, которые правили Египтом и Сирией в средние века. В детстве их продали в рабство, а позже они стали представителями правящего класса благодаря своему уму и храбрости. В статье рассматриваются различные данные, охватывающие периоды правления мамлюков. *Цель и задачи.* Власть, начавшая править Египтом и Сирией в XIII веке, просуществовала до XVI века. Хотя он был частью Османской империи, мамлюки оставались у власти до 19 века. Поскольку сведения об этих периодах требуют полного изучения, мы поставили перед собой цель привести список источников, написанных о мамлюках. Статус кыпчакского языка в Египте нуждается в изучении. *Методы и материалы.* В качестве материалов использовались исторические и документальные рукописи, архивные материалы на арабском, русском и английском языках. В исследовании использовались описание, сбор, группировка, документирование, факторный анализ и перевод, критические методы. *Результаты исследования.* В статье проанализированы данные на арабском, русском и западных языках. Определен список арабоязычных источников, нуждающихся в исследовании. На основе средневековых рукописей изучен также статус языка, использовавшегося при мамлюках. *Заключение.* Хотя мамлюки официально вышли из власти, они не потеряли своего политического и военного статуса в Египте и Сирии.

Ключевые слова: Мамлюк, средневековье, рукопись, Османская империя, источник, кыпчак, Египет



Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Этнокультурная и лингвистическая парадигма в языке средневековых памятников» (регистрационный номер AP19175804).

Для цитирования: Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х., Конкабаева А.Н. Письменные источники по изучению мамлюкского султаната // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 680-691. (на каз.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_680-691

WRITTEN SOURCES ON THE STUDY OF THE MAMLUK SULTANATE

Nazym Nurbolatovna Konkabayeva¹, Kulsyn Halykkyzy Abdrakhmanova²
Arailym Nurbolatovna Konkabayeva³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, (Kazakhstan, Almaty).
PhD of Department of Oriental Philology and Translation
<https://orcid.org/0000-0001-5161-2232>. E-mail: haia89@mail.ru

²Abai Kazakh National Pedagogical University, (Kazakhstan, Almaty)
Associate professor of Oriental philology and translation department
<https://orcid.org/0000-0002-6484-059X>. E-mail: agulsum@mail.ru

³Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Research Associate
<https://orcid.org/0000-0001-5543-1172>. E-mail: konkabayeva.arailym@mail.ru

© Valichanov, 2024

© Konkabayeva N.N., Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva A.N., 2024

Зерттеу нәтижелері. Алдымен, Түркістан Республикасындағы ашаршылыққа келсек. Аштық Түркістан жерінде 1917 ж. қысы мен 1918 ж. көктемінде ерекше күшейе түсті. Түркістанда отырықшы шаруашылықпен айналысатын Ферғана, Самарқанд облыстарының, көшпелі малшаруашылығы негізгі кәсібі болып табылатын Жетісу мен Сырдария облыстарының халқы ашаршылықтан ерекше зардап шекті.

Алғашында бұл ашаршылыққа көңіл бөлмеген кеңестік билік өкілдері, тіпті экономикалық әлсіз халық ретінде қазақтарға көмек беруді қажет деп есептемей, майдан қажеттігін қамтамасыз ету негізгі мәселеміз болуы керек деп шешті (ӨҰА, 1318 қ. 1 т. 197 іс).

1917 ж. аяғында Түркістандағы уездер бойынша айтсақ, онда: Ақмешіт уезінде 24810, Түркістан уезінде - 12296, Шымкент уезінде – 33618, Әулиеата уезінде – 44307 шаруашылық ашықты (Стефан Куртуа ..., 1999: 226).

I дүниежүзілік соғыс жылдарына қуаңшылыққа ұшырап, егістігі күйреген аймақтарда астық тапшы болып, мал басы кеміді. Түркістан өлкесіне Солтүстік Кавказдан, Ресейден, Сібірден әкелінетін астық I дүниежүзілік соғыс кезіндегі қиын жағдай мен теміржол көлігі жұмысының жүйесіздігінен мүлдем тоқтады. Аймақтағы астық дайындау шаралары нәтижесіз болды. 1918 ж. ортасында Түркістандағы азық-түлік жағдайы мүлдем қиындады. Нәтижесінде Республиканы сұрапыл аштық жайлап, халық қырылды. Көшпелілер арасында ересектердің үштен бірі қырылды, тіпті кей аудандарда тұрғындардың төрттен үшіне дейін өлім-жітімі кездесті.

Мысалы, Әулиеата уезінің төрт ауылында 1917 ж. басына қарай 300 мың адам есептелінген болса, 1917 ж. мен 1918 ж. 1 жартысында аштықтан алпыс мыңдай түземдіктер өлген. Ал 1918 ж. 30 қыркүйегінде қалған адамдар саны шамамен 200 мыңдай болды» [Насильственная коллективизация, 1998: 21].



Ал халқы қырылған Әулиеата уезінің бірнеше болыстықтарынан бір ғана болыстықтың адамы қалған.

Бүкілодақтық Орталық атқару комитеті ашаршылықпен күрес мақсатында 1918 ж. 9 мамырда астығын жасырғандарды халық жауымен теңестіріп, он жылға түрмеге тоғытатын арнайы Декрет қабылдайды. Соның аясында аштыққа күрес жанданғандай. Сонымен бірге, астықтарын сатып, өзінің пайдасына асырып жүрген адамдардың ісін революциялық соттың трибуналымен соттайтынын ескерткен Қаулы қабылданады. Алайда, жергілікті жерлерде бұл құжаттардың орындалуына жауапты қызметкерлердің өздері ашыққан халыққа көмектің орнына, көмекке деген қаражатты жеке пайдасына пайдаланып, тағамдарды сатып, қаражатты иемденіп кету (Ахмедов, 1993), тіпті шаруалардың бар малын тартып алу оқиғалары кездескен (Мырзахмет, 2021: 202-212).

1917–1918 жж. қысы өте қиын болды. 1917 ж. күзінде басталып, 1918 ж. қысында үдеген ашаршылыққа негізінен көшпелі халық өкілдері душар болды, ал отырықшыл орыс шаруалары басына ауыртпалық түскен жоқ. Керісінше, республика халқы нан таппай ашаршылыққа ұшырап жатқан кезде, орыс шаруаларының қоймаларында сатуға арналған астық сақталған. Мысалы, Гродеково селосының орыс шаруаларын тексеріс кезінде 84 отбасыдан (653 адам) 5.185 пұт бидай, 533 пұт ұн сақталғаны анықталды. Ашыққан көшпелі халықтың өкілдеріне беруге тиісті азық-түлікті орыстар мен әскери адамдарға таратып отырған оқиғалар да көп болған. Индет пен аштықтан өлгендер саны есепсіз көп болды. «Аштық пен індеттен өлген адамдардың денесі айдалада шашылып қалды. Оларды жинап, жерлеуге үкімет мекемелерінің күш-қуаты жетпеді, әрі қырсыздық мүмкіндік бермеді» (Қойшыбаев, 1990).

1917 ж. 26-27 қарашада Қоқанда IV мұсылмандар съезі болып, онда Түркістан Мұхтарияты жарияланады. М. Шоқай осы съездің ұйымдастырушыларының бірі болды. Съезде М. Шоқай ашаршылық қаупі туралы ескертеді (Бөкір, Тайман, Қыдыр, 2023: 62.)

М. Шоқайдың «Вольный горец» газетінің 1918 ж. 19 шілдедегі нөмерінде «Хакімжан» деген бүркеншік атпен жариялаған мақаласында кеңестік биліктің қол астындағы Түркістанның жағдайына тоқталады. Ол ашаршылықтан қашып Ташкентке босып келген қазақ-босқындарға базарларда нанның сатылмағанын, көшкен өзбектерге азық алатын карточкалардың таратылмағанын, халық қырылып жатқанда Орынбор-Ташкент теміржолының бойында жүздеген вагондарға тиелген бидай мен ұнның белгісіз жағдайда жоғалып отырғанын жазды (Шоқай, 12 том (II), 2012: 325-329 бб.).

Грузияда жүргенде 1920 ж. «Вольный горец» газетінің №57 санында Түркістан жайлы ақиқатты жазады. Онда ол аштықтың кеңес өкіметі саясатының нәтижесі екенін, реквизиция мен тәркілеуден соң, қазақ даласының босап қалғанын жазады. Қоқан мен Гянжадағы қырғын жайлы айта отырып, Орта Азиядағы басмашылықтың пайда болуын халықтың билікке қарсылығы деп көрсетеді.

Сондай-ақ, қазақ саяси эмиграциясының көшбасшысы болған М. Шоқайдың өткір қаламынан шыққан ашаршылық туралы шындық еуропалық баспасөз беттерінде таралып отырды.

Берлинде жарық көретін «Новый мир» деген газеттің 1921 жылғы 16 қарашасындағы № 244 санында А. Байтұрсыновтың атынан көшіріп басылған хабарлама жарияланады. Жарияланымда осы жылғы Қазақстандағы аштықтың негізгі себебі жұт, қыстың ерте түсуі, алдыңғы қуаңшылық жылдарда жем-шөп қорының жиналмауы болғаны түсіндіріледі. Осы мақала авторының аштықтың нақты себептеріне байланысты пікіріне қарсы өз ойын көрсеткен М. Шоқайдың 1921 ж. 26 қарашада «Последние новости» газетінде мақаласы шығады. Саяси полемикада саясаткер өзі куә болған большевиктік жүйенің алғашқы жылдарындағы өктем саясаты



туралы мағлұматтарды ортаға салады. М. Шоқай бұл аштықтың қолдан жасалғанын негіздеген. Қазақстандағы Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен шаруалардың күнкөріс көзі болып табылатын малын реквизициялауы мал басының күрт кемуіне әкелгенін айтады. Оған себеп болатын жайт осының алдындағы 1920 жылы жазылған «Қазақтардың Ленинге хатында» алдағы жылдан қауіп күтпегендігін көрсеткен (Шоқай, 12 том (II), 2012; 284).

XX ғ. 20-шы жылдардың басындағы Қазақстандағы ашаршылық кезінде М. Шоқай халыққа көмекті ұйымдастыру шараларын жүргізеді: 1921 ж. Парижде Ресейдегі ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету үшін құрылған комитетке мүше болады. Ол мұсылман елдерінен, Америка көмек көрсету әкімшілігінен көмек сұрайды. Түрік халқының азаттығы қозғалысы атынан көмек сұраған үндеулер жазып, таратады (Смағұлова, 2019: 112). «Дни», «Последние новости» атты газет беттерінде Қазақстандағы ашаршылыққа қатысты мәліметтермен бөліседі. Аштыққа кінәлілердің жазаланбауының себептерін сұрайды (Bibliothèque des langues, 53: 4).

Түркістандық жергілікті мерзімді басылымдар мәліметтері негізінде зерттеу жүргізген Мұстафа Шоқай аштан қырылғандар санын анықтауға күш салған. Ташкенттің «Түркістан» газетінің (1922 ж. 13 қыркүйегінен бастап «Қызыл Байрақтың» орнына шығып тұрған) 1922 жылғы 16 желтоқсандағы нөмірінде келтірілген қысқаша сандар дерегін пайдаланған М. Шоқай 1921 жылғы Ферғана жеріндегі ашаршылықтың көлемін анықтайды. Сондай-ақ, тек қана Наманған уезі тұрғындарының саны көрсетілген статистикалық деректерді таразылаған қайраткер аштан қырылуы мүмкін адамдар санын есептейді. Наманған уезіндегі халық саны 1920 ж. 230880 адам (1914 ж. – 303 790 адам) деп есептелінген болса, ал 1922 ж. барлығы 190675 ғана адам есепте тұрды. Сонда екі аралықта тұрғындар саны 40205 адамға кеміген.

1923 ж. 4 қарашада «Дни» газетінде шыққан «Түркістанды кеңестендіру» (Советизация Туркестана) атты мақаласында ол ТүркОАК төрағасы ХыдырАлиевтың «Известия» газетіне берген сұхбатындағы мәліметтерді көрсетеді. Онда соңғы алты жылдағы өлкенің экономикалық жағдайы сөз болып, өндіріс пен ауыл шаруашылығының жайларынан мәліметтер келтірілген. Жалпы мал саны 70%-ға кемігендігі, тұрғындардың қиын жағдайы айтылады. 1919 ж. Түркістан Республикасында 970900 адам ашықты деп: Сырдария облысында 328300 адам, Ферғана облысында 283000 адам, Жетісуда 226000 адам есепке алынды (Рахматов, 2019: 101).

«Түркістандағы аштыққа қатысты кеңестік саясат (Советская политика голода в Туркестане)», «Түркістан аштық құрсауында (Туркестан охватил голод)», «Ұлттық мәселе туралы (О национальном вопросе)» және т.б. мақалаларында (Туякбаев, 2012. 64) М. Шоқай ашаршылықты жаңа советтік билік саясатынан туындағанын көрсетеді (Шоқай, 2011; Асанова, 2021: 86; Шоқай. 12 том, 2012: 449-450).

Оның «Аштық - Голод» («Дни» газеті, 1924. 5 шілде), тұрғындар, салықтар мен олардың мөлшері туралы мағлұматтарды тілге тиек еткен «Түркістан кедейлерімен астасу – Смычка с Туркестанской беднотой» («Последние новости» газеті, 1925, 28 қаңтар) және т.б. мақалалары да аштықпен күресін көрсетеді (Туякбаев, 2012).

Эмиграциялық баспасөздің белсендісі саналған «Дни» газетінің 1924 жылғы 5 шілдедегі № 503 санында М. Шоқай Ақмола уезіндегі аштық туралы хабар жариялайды. Мұндағы аштыққа ұшырағандар мөлшерін 30-40 мыңдай деп есептейді. Онда өлмес үшін мыңдаған тұрғындардың атамекенінен сыртқа босуға мәжбүр болып кеткені айтылады. Еуропада тұрып жатса да, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жіті бақылап отырған қайраткер Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезін ашаршылық қамыты құрсаған 1921-1922 жж. ашаршылықтың алдыңғы кезінде өмір сүруге анағұрлым жайлырақ деп



есептелінген Ақмола мен Семей губернияларындағы жағдайдың күрт өзгеруін, 1921 ж. аштықтың құрығына ілінгенін, ал кеңестік билік өкілдерінің аштарға көмек көрсету орнына, сайлау сияқты саяси науқандарға баса назар аударып отырғанын сынайды.

1917-1923 жылдардағы ашаршылықтың зардабынан Ферғана облысының экономикасы құлдырады. Сонымен қатар, диқандардың басым бөлігі «басмашылар» қозғалысының жағына өтті. Басмашылармен күресті жүргізу үшін Түркістан майданында 15 мың мен 40 мыңдай аралықта әскер ұсталса, олардың азығы ферғаналық диқандардың мойнына түсті.

Ашаршылықтың салдарынан кейбір аудандардың халқы жаппай қырылды. Мысалы, Самарқан облысы Жизақ уезі 70 % тұрғынынан айрылды. Прогрессивті жадидтер, Кеңес өкіметі органдары, түрлі қайырымдылық мекемелері жасаған әрекеттердің нәтижесінде аштықтың салдары аздап жеңілдетілгенімен, нәтижесі бәрібір қайғылы болды.

Аштық пен індет бүкіл Түркістанды жайлады.

Кеңес өкіметі аштықты жеңу үшін өте қатаң шаралар қабылдады, бірақ бұл шаралар оны шеше қоймады. Мысалы, Ферғана облысында 1920 жылы ақпанда азық-түлік отрядтары құрылды. Бірақ олардың көмектескенінен көрі зияны да болды, ішінде алыпсатарлар, бұзақылар және маскүнемдікпен айналысатындар көп болды (Яковенко, 1974: 69).

Мұстафа Шоқай қысқа хабарлардың негізінде 1921 жылғы ол өңірдегі аштықтың жайынан өзбек тілінде шығатын «Түркістан» газетінің 1922 жылғы 16 желтоқсандағы 102 санында Наманган уезіндегі жағдайлардан мәліметтер берілген. Бұл ашаршылық 1922 жылға жалғасқан. Мұның себебі егін егетін жерлердің азайып кетуімен, мал басының кемуімен түсіндірілген. «Қызыл Байрақ» газетінде берілген қысқа ғана мақалада Ферғанада егін егу 50 пайызға ғана орындалған. Ашыққандарға Ресей тарапынан еш көмек жоқ, жергілікті жерлерде мүмкіндігінше асханалар ашылып, көмек көрсетілуде. Алайда бұл мардымсыз. Мақала соңында егістік жерлердің елеулі қысқаруы, егіннің егілмей қалуы, су жүйелерінің жарамсыздығы, мал басының кемуі, тұқымның жетіспеуі, мұның үстіне өте жоғары салық, міне мұның барлығы келер, яғни 1923 жылы да аштықтың жалғасатынын байқатады деп есептеген (Шоқай, 12 т. (II), 2012: 403-406; Бәкір, Тайман, Қыдыр, 2023: 102)

М. Шоқай баспасөз материалдары мен статистикалық мәліметтер негізінде Наманган уезінде 1920 ж. -73100 адам мен 1921 ж. - 40205 адам өлген деп көрсетеді (Асанова, 2021: 87).

Қазақ АКСР-н аштық жайлаған 1921-1922 жылдарында Түркістанның ішкері аймақтарында ашаршылық әлі де күшінде болды. Мысалы, 1922 ж. бір ғана Ташкент қаласында тіркелген 22 мың сүзекпен ауырғандардың күніне бір жарым мыңы өлген (В. Чайкин – М. Шокаю, 2021: 26.)

Ал аштарға көмек 1922 ж. көктемінен бастап қолға алына бастады.

Алдыңғы 1917-1918 жж. қарағанда 1921-1923 жж. Ферғана алқабында аштық одан да ауқымды болды. Аштықтан өлген адамдардың денесін жинауға адам табу қиын болды. Мысалы, 1921 ж Ферғана облысында 227059 адам, 1922 ж. 64336 адам өлген. Жалпы 1917-1923 жж. бұл облыс 1 млн аса адамынан айрылды (Рахматов, 2019: 102). Самарқанд облысында 20000 мыңдай адам өлді.

Ал, М. Шоқай «Дни» газетінің 1924 ж. 5 шілдеде жарияланған «В «Лаборатории национального вопроса» (Из туркестанского опыта)» деген мақалада Түркістанда 1917 ж. 1 маусымда 8 084 700 адам болса, 1922 ж. бұл көрсеткіш 5 029 512-ке төмендеп (Бәкір, Тайман, Қыдыр, 2023: 105), өлке халқы 38 %-ға кеміген. Жалпы айтқанда ашаршылық кезінде көшпелілер арасында ересектердің 30 %-ы өлсе, бұл көрсеткіш кей жерлерде 75 %-ға жеткен.



М. Шоқай Түркістан Республикасындағы ашаршылықтың мерзімін 1918–1922 жж. аралығы деп көрсетті. Сонымен бірге «1918-1922 жж. ашаршылық Совет үкіметінің Түркістандағы мұсылман жұртшылығымен күресіне көмектесті» (Бәкір, Тайман, Қыдыр, 2023: 105) деп тұжырымдайды.

Босқыншылық өлкенің жағдайын одан әрі ушықтырды. Оларды ең қажетті өмір сүру құралдарымен қамтамасыз ету: тұрғын үй, азық-түлік және киім-кешек жергілікті халықтың иығына қайта жүктелді. Бұхара және Хорезм республикаларынан Түркістан АКСР-не жіберілген азық-түлік өнімдері негізінен осы адамдарды қамтамасыз ету үшін пайдаланылды. 1923 жылдан бастап босқындар мен қоныс аударған адамдарды өз өлкесіне қайтару процесі басталды (Пасилов, 2021: 40-44).

Айта кететін жайт, ХХ ғ. 20-30 жылдары Қазақстанда болған ашаршылықтар кезіндегі халықтың күн-көріс үшін, аштан өлмес үшін орныққан жерлерін тастап, сырт аймақтарға көшін қазіргі тарихи ғылымда «босқыншылық», ал көшкен халықты «босқындар» деп атауда. Бұндай атау тарихи терминологияда енді ғана толыққанды қолданылып жатса, аштықтан қашқан халықты М. Шоқай сол кезде-ақ босқын деп атағанын айта кету керек. Сондай-ақ, 1926 ж. қазақтардың шаруашылық жүргізу және тұрмыстық жағдайға бейімделген өмір сүру ерекшелігін көрсетпек болған С.П. Швецовтың редакциялығымен жарияланған жинақта да 1921 ж. ашаршылық пен оның салдары болған қазақ босқындары туралы айтылады. Бұл жинақта мал-жанымен сыртқа кеткен сол жақта өмірін жалғастырушы босқындарды эмигранттар ретінде қабылдамай, екі елде көшіп, өмір сүру салтына орай туыстықтары мықты біртұтас халық деп қабылдау керектігін көрсеткен (Казахское хозяйство, 1926: 66).

Европадағы эмиграция өкілдері назарынан да Қазақстаннан кетіп жатқан босқындар мәселесі тыс қалмады. Мұстафа Шоқайдың шамамен 1928 жылы жазылған «Түркістан босқындарының қасіреті» атты мақаласында діни сенімге қарсы саясатты халықтың босқыншылығының негізгі себебінің бірі деп атап көрсетті. Ол түркістандықтар үшін тұтас мемлекеттің қарулы күштерімен күресу қиындық туғызғанын, шекара маңындағылардың соңғы мүліктерінің қалдықтарын көтеріп, шет ел асқанын суреттейді (ӨҰА. Р-17 қ. 1 т. 947 іс). Советтер еліндегі қарулы көтеріліске қатысқаны үшін Иранға босқан түркістандықтар тағдырына алаңдаған М. Шоқай, бұл туралы Иран шахына өтініш хат жолдап, көмек сұрайды (РФ ӘА. 461 к-қор, 1 т. 417 іс, 99-п).

Түркістан Республикасындағы ашаршылықтың салдары көрінетін халық санының өзгерістеріне назар аударалық. Ол үшін 1924 ж. шыққан статистикалық жинақ пен 1925 ж. ағымдық мәліметтерді салыстырамыз.

Кесте 1. Түркістан Республикасынан Қазақ КСР құрамына енген уездердегі халық динамикасы (1897-1925 жж.) (Статистический ежегодник, 1924; Зарубин, 1925: 11).

Уездер	1897 ж.	1920 ж.	1925 ж.	1897-1920 жж.		1920-1925 жж. өсім	
				Абс	%	абс	%
Сырдария обл.				Абс	%	абс	%
Қазалы	140263	86709	84964	-53554	-38,2	-1745	-2,0
Ақмешіт	133476	102772	102771	-30704	-23,0	-1	-0,1
Түркістан және Шымкент	284709	278221	279260	-6488	-2,3	1039	+0,4
Жетісу обл.				Абс	%	абс	%
Алматы	221700	233690	232358	11990	+5,4	-1332	-0,6
Жаркент	120340	84402	86334	-35938	-29,9	1932	+2,3
Лепсі	180316	129647	131529	-50669	-28,1	1882	+1,5
Талдықорған	136148	164554	166394	28406	+20,8	1840	+1,1



1-кестеден көретініміз, 1897-1920 жж. аралығында Қазалы (38,2 %-ға), Ақмешіт (23,0%-ға), Жаркент (29,9%-ға), Лепсі (28,1 %-ға) уездерінің халқы кеміген. Алматы (+5,4%-ға) мен Талдықорған (+20,8 %-ға) уездерінің халқы, керісінше өскен.

Енді халқы өскен Алматы уезіне қатысты мәліметтерді талдайық (ҚРПМ. 666 қ. 1-т., 76 іс., 18-п.). 1920 ж. санақта Жетісу облысының Алматы уезінде 40250 шаруашылық есептелінді. Бұл 1917 ж. санақта тіркелген шаруашылық санынан 4812 шаруашылыққа кем еді. 3 жылдың ішінде бір ғана уезде 4812 шаруашылық жойылған. Бұл жалпы мәлімет. Ал, енді оны ұлттарға байланысты бөліп көрсетсек, онда қазақтар шаруашылығы көшпелі және отырықшы деп есепке алынған. Соның ішінде, қазақтарда 1917 ж. 31616, 1920 ж. 24654 көшпелі шаруашылық есептелініп, шаруашылық саны 22 %-ға (6962-ге) кемігені тіркелді.

Екі санақ арасында уездегі отырықшылықпен айналысатын қазақ шаруашылықтары 1192-ге өсіп, 5 еседей көбейген (1917 ж. – 312, 1920 ж. – 1507). Бірақ, отырықшысы мен көшпелісін қосқанда қазақтар шаруашылығы екі санақ арасында (1917 ж. – 31928, 1920 ж. – 26161) 5767-ге кеміген (Статистический ежегодник, 1924).

Малынан айрылып, ашаршылыққа ұшыраған қазақтардың аман қалғаны отырықшылардың қатарына қосылғанымен, 1920 ж. қазақ шаруашылықтары 1917 ж. деңгейінің 81,9 %-ы ғана болған еді. Басқа этнос өкілдерінің шаруашылықтарының динамикасына келсек, ұйғырлар (тараншы) шаруашылығы 1920 ж. 4420 болып, 1917 ж. салыстырғанда 2147-ге кем есептелінді. Ал, дүнгендер шаруашылықтарында екі санақ арасында өзгеріс байқалмады (Статистический ежегодник, 1924).

Екі санақ арасында шаруашылықтар мен тұрғындары өскен орыс ұлты өкілдері болды - 3/1 есеге өсті. Орыстар шаруашылығы 1917 ж. – 6428, 1920 ж. - 9505 болды деп тіркелді (Статистический ежегодник, 1924).

Халық санының өзгерістеріне келсек, 1920 ж. санақ кезінде Алматы уезінде 194,6 мың адам (100,6 мың ер және 94 мың әйел) тіркеліп, 1917 ж. қарағанда 28,4 мың адамға (21,4 мың ер адам, 7 мыңдай әйел) немесе (17 %-ға) кем адам есептелінді. Соның ішінде қазақтардың, ерекше көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар санының күрт кеміп, орыстардың күрт өскені көрінеді.

1917-1921 жж. қазақтарда ер адамдар 33 %-ға, әйелдер 26%-ға немесе 47,7 мың адамға кеміген.

Ал, орыс ұлты өкілдерінің саны екі санақ арасында 42,2 %-ға (ерлер 34,9 %-ға, әйелдер 50,5 %-ға) немесе 16,2 мың адамға көбейген. Бұндай өсім уезге орыстардың көші-қоны есебінен жүзеге асты. Бұл бір ғана Алматы уезі бойынша мәлімет (ҚРПМ. 666 қ.1-т., 76 іс, 18-19 пп.).

Жалпы, 1917 ж. ауылшаруашылық санағы мен 1920 ж. халық санағы мәліметтерін салыстыру Түркістан республикасында болған, кейіннен Қазақ АКСР құрамына кірген жерлерді мекендеген қазақтардың үштен бірге кемігенін көрсетті.

2 кесте – Түркістан республикасында болған, кейіннен Қазақ АКСР құрамына кірген жерлерді мекендеген қазақтар саны(1917-1920 жж.)

(Зарубин, 1925: 24; Материалы Всероссийской переписи 1920, 1923)

Уездер	1917 ж.	1920 ж.	1917-1920 жж. өсім	
			абс.	%
Алматы	160529	128313	-32216	- 20,1
Лепсі	129876	74789	-55087	-42,1
Талдықорған	167478	123584	-43894	-26,2
Жаркент	46592	52804	6212	+13,3
Әулиеата	195899	110013	-85886	- 43,8



Шымкент	277598	124951	-152647	- 39,0
Түркістан	-	44214	44214	
Перовск	151458	92740	-58718	- 38,8
Қазалы	122644	73436	-49208	-40,1
Барлығы	1252074	824844	-427230	-34,1

2 кестеден Түркістан Республикасынан Қазақ АКСР құрамына кірген жерлерді мекендеген қазақтар 1917-1920 жж. 34,1 пайызын немесе 427 230 адамды жоғалтқанын көреміз. Қазағы көп кеміген уездер – Әулиеата (43,8 %-ға) және Лепсі (42,1 %-ға) уездері болды, жартысына жуық халқынан айрылды.

Сондай-ақ, Қазақ АКСР құрамында болған жерлердегі халық санының өзгерістерін салыстырайық.

3 кесте – Қазақ АКСР құрамына кірген жерлер халқының 1916-1922 жж. санының динамикасы (Сборник статистических, 1925: 4, 5, 18, 19.)

Жылдар	1916	1917	1920	1921	1922	1920–1922 (+/-)
Қазақ АКСР құрамына кірген жерлерде, Орынбор губерниясымен бірге	4712181	4611926	4610278	3596999	3795963	-814315
Орынбор губерниясы	1038171	940058	770044	676604	566054	- 203 990
Қазақ АКСР құрамына кірген жерлерде, Орынбор губерниясынсыз	3674010	3671868	3840234	2920395	3229876	- 610 358

3 кестеден көріп отырғандай, республикаға осы жылдары сырттан ерекше славян халықтарының көптеп орналасуына қарамастан, Қазақ АКСР халқы 610 358 адамға кеміген. Алайда, осы статистикалық мәліметтердің жиынтығы қазіргі Қазақстанның аумағын толық қамтымайтын болғандықтан, оларды жинақтап көрсетуге әлі ерте. Сол себепті бұл бағытта зерттеулерді жалғастырамыз деп сенемін.

Сондай-ақ, Қазақстанда 1931-1933 жж. болған алапат ашаршылық та шетелдегі ұлт жанашырларының назарынан тыс қалмағаны белгілі.

Ашаршылықтардың халық санының динамикасына тигізген әсерін нақтылау жұмысы тереңірек жүргізілген жағдайда М. Шоқайдың сандық мәліметтерінің нақты маңызын анықтарымыз сөзсіз.

Қорытынды. Түркістанның азаттығын аңсап, саяси күреске түсіп, елде большевиктік биліктің қудалауына түскен елжанашыры, саяси қайраткер М. Шоқайдың Қазақстандағы ашаршылықтарға қарсы күресі халықаралық деңгейде бағаланып, кеңестік биліктің аштыққа қарсы күресін жандандыруға түрткі болды. Ол, өзінің баспасөздерде жарияланған мақалалары арқасында отанындағы оқиғаларға әсер етіп отырды. М. Шоқай, Т. Рысқұлов (Қоңыратбаев, 1994) сынды ұлтшыл тұлғаларымыз ХХ ғ. 20-30 жылдардағы қазақ даласын жалындай жалмаған ашаршылыққа қарсы, кеңестік биліктің саяси, экономикалық саясатының ұлттың сақталып қалуына, зиянын тигізген зардаптарына қарсы күресін тоқтатпағаны белгілі. М. Шоқайдың қызметі мен күресі әлі де зерттеуді қажет етеді.

Бұл тақырыптың толық және жан-жақты зерттелуі әлі де болашақтың ісі.



Деректер

ҚРПА – Қазақстан Республикасы Президентінің архиві
 ӨҰА – Өзбекстан Ұлттық архиві
 РФ ӨА – Ресей Федерациясының әскери архиві

Sources

KRPA – Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin arhivi (Archive of the President of the Republic of Kazakhstan)
 OUA – Ozbekstan Ulitlyk arhivi (National Archives of Uzbekistan)
 RF AA – Resei Federaciyasynyn askeri arhivi (Military Archive of the Russian Federation)

Әдебиеттер

Асанова, 2021 – *Асанова С.А.* Социальная политика советской власти в условиях голода 1921-1922 гг. в Казахстане / Вестник Кыргызского национального университета имени Жусупа Баласагына. 2021. №2 (106). С. 83-90.

Ахмедов, 1993 – *Ахмедов Ф.* Сол бір ауыр жылдарда. Қызылдар қырғыны. Құрастырушылар: З. Қыстаубаев, Б.Хабдина., Алматы: Өнер, 1993. 256 б.

Бәкір, т.б., 2023 – *Бәкір Ә.Қ., Тайман С.Т., Қыдыр Т.Е.* Мұстафа Шоқай (зерттеулер). (Алаштың алыбы Мұстафа Шоқай). Монография. Қызылорда: Жиенай баспаханасы, 2023. 268 б.

В эмиграции, 2021 – *В эмиграции:* Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941 / Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. Алматы: Полиграфия сервис и К, 2021. 488 с.

Есмағамбетов, 2008 – *Есмағамбетов К.Л.* Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). Алматы: Дайк-Пресс, 2008 504 б.:

Есмағамбетов, 2015 – *Есмағамбетов К.* Мұстафа Шоқайдың Қазақстандағы 1932-33 жылдардағы аштықты жоюға қосқан үлесі зор - / «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі, 2015. https://kaz.inform.kz/news/mustafa-shokaydyn-kazakstandagy-1932-33-zhyldardagy-ashytyky-zhoyuga-koskan-ulesi-zor-k-esmagambetov_a2833826/

Зарубин, 1925 – *Зарубин И.И.* Список народностей Туркестанского края. Ленинград, 1925. 23 с.

Казахское хозяйство, 1926 – *Казахское хозяйство* в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской Автономной Советской Социалистической Республике. Под редакцией С.П. Швецова. Ленинград, 1926, 186 с.

Қара, 2004 – *Қара А.* Мұстафа Шоқай Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. Алматы: Арыс, 2004. 320 б.

Қойшыбаев, 1990 – *Қойшыбаев Б.* Жазықсыз жапа шеккендер. Алматы: Қазақстан, 1990. 168 б.

Қоңыратбаев, 1994 – *Қоңыратбаев О.* Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 444 б.

Қыдыралиев, 2007 – *Қыдыралиев Д.* Мұстафа Шоқай. – Астана, 2007. – 287 б.

Материалы Всероссийской переписи 1920, 1923 – *Материалы Всероссийской переписи* 1920 г. Перепись населения в Туркестанской Республике. Ташкент: Изд-во ЦСУ Туркестанской Республики, 1923. Ч. 2. Вып. III. 142 с.

Мырзахмет, 2021 – *Мырзахмет Ф.К.* Әулиеата өңіріндегі ашаршылық зардаптары // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат.-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. Алматы: Литера-М, 2021. 296 б. Каз., рус.

Насильственная коллективизация, 1998 – *Насильственная коллективизация* и голод в Казахстане 1931-1933гг. Сб. документов и материалов . Алматы.: ХХІ век, 1998. 263 с.

Пасилов, 2021 – *Пасилов Б.А.* Голод в Туркестане в 1917-1923 годы. // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат.-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. Алматы: Литера-М, 2021. 296 б. (40-44).

Раджабов, 2023 – *Раджабов К.* Мұстафа Шоқай и джадидское движение в Туркестане // «Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихи тағылым мен сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. 17 қараша 2023 ж., Қызылорда, 2023. 334 б.

Рахматов, 2019 – *Рахматов М.Г.* Тұрар Рысқұлов о голоде в Туркестанской АССР и о его последствиях // *Qazaqtanu.* 2019. № 4(4). С. 98-102.

Сборник статистических, 1925 – *Сборник статистических* сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с.



Смағұлова, 2019 – Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті / С. Смағұлова. 1-кітап. Алматы: «Елтаным», 2019. 272 б.

Статистический ежегодник, 1924 – *Статистический ежегодник*. 1917-1923 гг. Ташкент: Издание ТЭС-а, 1924. 115 с.

Стефан Куртуа, т.д., 1999 – *Стефан Куртуа, Никола Верт, Жан-Луи Панне, Анджей Пачковский, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен*. Черная книга коммунизма. Преступление, террор, репрессии. Перевод с французского. Москва «Три Века Истории» 1999. 708 с.

Туякбаев, 2012 – *Туякбаев Г.А.* Казахская эмигрантская журналистика. // Путь науки, 2012. № 11(33). С. 61-66.

Тұрсын, 2023 – *Тұрсын Х. Мұстафатану және Көшім Есмағамбетов // Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихи тағылым мен сабақтастық»* атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. 17 қараша 2023 ж., Қызылорда, 2023. 334 б.

Чайкин, 2021 – *Чайкин В. – М. Шокаю // В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941 / Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исакан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай.* Алматы: Полиграфия сервис и К°, 2021. 488 с.

Шокай, 2011 – *Шокай М.* Туркестан наша общая колыбель (Туркестан в документах личного архива М. Шокая 1920-1940 гг.) Алматы: 2011. Т. 1. 400 с.

Шокай, 2012 – Шокай М. Шығ. толық жинағы: 12 томдық. II том. Алматы: Дайк Пресс, 2012. 640 б.

Шокай, 2006 – *Шокай Мұстафа* Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. Алматы: «СаГа» баспасы, 2006. 1-том. 270 б.

Яковенко, 1974 – *Яковенко Л.И.* Продовольственная политика Коммунистической партии и ее осуществление в Туркестане (1918-1924 гг.). Душанбе. Ирфон, 1974. 288 с.

References

Ahmedov, 1993 – *Ahmedov G.* Sol bir auyr zhyldarda. Kyzylдар kyrgyny[In those difficult years. The Reds' reprisal]. Kurastyrushylar: Z. Kystaubayev, B. Habdina., Almaty: Oner, 1993. 256 p. (In Kaz.)

Asanova, 2021 – *Asanova S.A.* Social'naya politika sovetsoj vlasti v usloviyakh goloda 1921-1922 gg. v Kazakhstane [Social policy of the Soviet government in the conditions of famine of 1921-1922 in Kazakhstan] / Vestnik Kyrgyzskogo nacional'nogo universiteta imeni Zhusupa Balasagyna, 2021. No. 2 (106). Pp. 83-90. (In Rus.)

Bakir, et al., 2023 – *Bakir A.K., Tajman S.T., Kydyr T.E.* Mustafa Shokaj (zertteuler). (Alashtyn alyby Mustafa Shokaj)[Mustafa Shokaj (research). (Alash giant Mustafa Shokaj)]. Monografiya. Kyzylorda: Zhienj baspahanasy, 2023. 268 p. (In Kaz.)

Chajkin, 2021 – *V. Chajkin – M. Shokayu // V emigracii: Epistoljarnoe nasledie Mustafy Shokaya. 1919-1941 / Red. G.K. Kokebaeva; sostaviteli: G.T. Isahan, G.K. Kokebaeva, S.K. Shildebaj.* Almaty: Poligrafija servis i Ko, 2021. 488 p. (In Rus.)

Esmagambetov, 2008 – *Esmagambetov K.L.* Alem tanygan tulga (Mustafa Shokajdyn dunietyany men kajratkerlik bolmysy) [World famous personality (worldview and personality of Mustafa Shokaj)]. Almaty: Dajk-Press, 2008 504 p. (in Kaz)

Esmagambetov, 2024 – *Esmagambetov K.* Mustafa Shokajdyn Kazakstandagy 1932-33 zhyldardagy ashtykytj zhoyuga koskan ulesi zor [Mustafa Shokaj made a great contribution to the eradication of famine in Kazakhstan in 1932-33] / «KazAqparat» Halykaralyk akparat agenttigi. 2015 zh. 29 kazan. https://kaz.inform.kz/news/mustafa-shokajdyn-kazakstandagy-1932-33-zhyldardagy-ashtykytj-zhoyuga-koskan-ulesi-zor-k-esmagambetov_a2833826/ (In Kaz.)

Kara, 2004 – *Kara A.* Mustafa Shokaj Omiri. Kuresi [Life of Mustafa Shokaj. Struggle. Creativity]. Shygarmashylygy. Almaty: Arys, 2004. 320 p. (In Kaz.)

Kazahskoe hozyajstvo, 1926 – *Kazahskoe hozyajstvo v ego estestvenno-istoricheskikh i bytovyh usloviyakh*[Kazakh economy in its natural-historical and everyday conditions]. Materialy k vyrobotke norm zemel'nogo ustrojstva v Kazahskoj Avton. Sovestkoj Socialisticheskoy Respublike. Pod redaekciej S.P. Shvecova. Leningrad, 1926, 186 p. (In Rus.)

Kojshybaev, 1990 – *Kojshybaev B.* Zhazyksyz zhapa shekkender [Innocent victims]. Almaty: Kazakstan, 1990. 168 p. (In Kaz.)

Konyratbayev, 1994 – *Konyratbayev O.* Turar Ryskulov: kogamdyk-sayasi zhane memlekettik kyzmeti [Turar Ryskulov: social, political and state activities]. Turkistan kezeni. Almaty: Kazakstan, 1994. 444 p. (In Kaz.)

Kydyraliev, 2007 – *Kydyraliev D.* Mustafa Shokaj. Astana, 2007. 287 p. (In Kaz.)

Materialy Vserossijskoj perepisi 1920, 1923 – *Materialy Vserossijskoj perepisi 1920 g.* Perepis' naseleniya v Turkestanskoj Respublike [Population census in the Turkestan Republic]. Tashkent: Izd-vo CSU Turkestanskoj Respubliki, 1923. Ch. 2. Vol. III. 142 p. (In Rus.)

Shokaj, 2006 – *Shokaj Mustafa* Epistoljarylyk murasy [Epistolary heritage.]. 2 tomдық. Almaty: «SaGa» baspasy, 2006. 1-tom. 270 p. (In Kaz., Rus.)



Myrzahmet, 2021 – *Myrzahmet G.K.* Aulieata onirindegi asharylyk zardaptary [Consequences of famine in the Aulieata region] // «Kazakstandagy XX gasyrdyn 30-shy zhzh. basyndagy asharylyk zhane kazaktardyn korshiles aumaktarga mazhburli koshi-kony: zertteu maseleleri» = «Golod nachala 30-h gg. XX veka v Kazahstane i vynuuzhdennye migracii kazahov na sopredel'nye territorii: problemy issledovaniya»: resp.-tazhirb. Konf. Mat-ry. / Kurast. A.I. Kudajbergenova, M.M. Kozybaeva, R.Zh. Bajdaly. Almaty: Litera-M, 2021. 296 p. (In Kaz., Rus.)

Nasil'stvennaya kollektivizaciya, 1998 – *Nasil'stvennaya kollektivizaciya i golod v Kazahstane 1931-1933gg.* [Forced collectivization and famine in Kazakhstan 1931-1933]. Sb.dokumentov i materialov. Almaty.: XXI vek, 1998. 263 p. (In Rus.)

Pasilov, 2021 – *Pasilov B.A.* Golod v Turkestane v 1917-1923 gody. [Famine in Turkestan in 1917-1923] // «Kazakstandagy XX gasyrdyn 30-shy zhzh. basyndagy asharylyk zhane kazaktardyn korshiles aumaktarga mazhburli koshi-kony: zertteu maseleleri» = «Golod nachala 30-h gg. XX veka v Kazahstane i vynuuzhdennye migracii kazahov na sopredel'nye territorii: problemy issledovaniya»: resp.-tazhirb. konf. mat-ry. / Kurast. A.I. Kudajbergenova, M.M. Kozybaeva, R.Zh. Bajdaly. Almaty: Litera-M, 2021. 296 p. (In Rus.)

Radzhabov, 2023 – *Radzhabov K.* Mustafa Shokaj i dzhadidskoe dvizhenie v Turkestane [Mustafa Shokai and the Jadid Movement in Turkestan] // «Mustafa Shokajdyn memleketshildik muraty: tarihi tagylym men sabaktastyk» atty halykaralyk gylymi-tazhirbelik konferenciyanyn gylymi enbakter zhinagy. 17 karasha 2023 zh., Kyzylorda, 2023. 334 p. (In Rus.)

Rahmatov, 2019 – *Rahmatov M.G.* Turar Ryskulov o golode v Turkstanskoj ASSR i o ego posledstviyakh [Turar Ryskulov about the famine in the Turkstan Autonomous Soviet Socialist Republic and its consequences] // Qazaqtany. 2019. No. 4(4). Pp. 98-102. (In Rus.)

Sbornik statisticheskikh, 1925 – *Sbornik statisticheskikh svedenij o dvizhenii naseleniya, skota i urozhaev s 1880 po 1922 g.* Orenburg: 5-ya Gos. Tip. Orenpoligr., 1925. 97 p. (In Rus.)

Shokai, 12 t. (II), 2012 – *Shokai M.* Shyg. tolyk zhinagy: 12 tomdyk. II tom. Almaty: Dajk Press, 2012. 640 p.

Shokai, 12 t., 2012 – *Shokai M.* Shyg. tolyk zhinagy. 12 tomdyk, 1 t. Almaty: Dajk Press, 2012. 544 p.

Shokai, 2011 – *Shokai M.* Turkestan nasha obshchaya kolybel' (Turkestan v dokumentakh lichnogo arkhiva M. Shokaya 1920-1940 gg.) [Turkestan is our common cradle (Turkestan in the documents of the personal archive of M. Shokaya 1920-1940)]. Almaty: 2011. T. 1. 400 p. (In Rus.)

Smagulova, 2019 – *Smagulova S.* Asharylyk kasireti [The tragedy of hunger] / S. Smagulova. 1-kitap. Almaty: «Eltanym», 2019. 272 p. (In Kaz.)

Statisticheskij ezhegodnik, 1924 – *Statisticheskij ezhegodnik* [Statistical Yearbook]. 1917-1923 gg. Tashkent: Izdanie TES-a, 1924. 115 p. (In Rus.)

Stefan Kurtua, et al., 1999 – *Stefan Kurtua, Nikolaya Vert, Zhan-Lui Panne, Andzhej Pachkovskij, Karel Bartoshek, Zhan-Lui Margolen.* Chernaya kniga kommunizma. Prestuplenie, terror, repressii. Pervod s francuskogo. Moskva «Tri Veka Istorii». 1999. 708 p. (In Rus.)

Tursyn, 2023 – *Tursyn H.* Mustafatanu zhane Koshim Esmagambetov [Mustafavedenie and Koshim Esmagambetov] // Mustafa Shokajdyn memleketshildik muraty: tarihi tagylym men sabaktastyk» atty halykaralyk gylymi-tazhirbelik konferenciyanyn gylymi enbakter zhinagy. Kyzylorda, 2023. 334 p. (In Kaz.)

Tuyakbaev, 2012 – *Tuyakbaev G.A.* Kazakhskaya eh migrantskaya zhurnalistika [Kazakh emigrant journalism]. // Put' nauki. 2012. No. 11(33). Pp. 61-66. (In Rus.)

V emigracii, 2021 – *V emigracii: Epistolyarnoe nasledie Mustafy Shokaya* [In Exile: The Epistolary Legacy of Mustafa Shokai]. 1919-1941 / Red. G.K. Kokebaeva; sostaviteli: G.T. Isahan, G.K. Kokebaeva, S.K. Shildebaj. Almaty: Poligrafiya servis i Ko, 2021. 488 p. (In Rus.)

Yakovenko, 1974 – *Yakovenko L.I.* Prodovol'stvennaya politika Kommunisticheskoy partii i ee osushchestvlenie v Turkestane [Food Policy of the Communist Party and its Implementation in Turkestan] (1918-1924 gg.). Dushanbe. Irfon, 1974. 288 p. (In Rus.)

Zarubin, 1925 – *Zarubin I.I.* Spisok narodnostej Turkestanskogo kraja [List of nationalities of the Turkestan region]. Leningrad, 1925. 23 p. (In Rus.)



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 3, pp. 706-720, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_706-720

SOME ASPECTS OF DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE REPUBLIC OF TURKEY (1991-2021)

Olzhas Kuanbay¹, Timur Apendiyev², Ayana Ushkurbayeva³

¹PhD doctoral student of the Ankara University
(Sihkiye, Altyndag, 06100 Ankara, Republic of Turkey)
Advisor to the Director of the Sh. Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology,
PhD student at Ankara University
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>. E-mail: olkube89@gmail.com

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(Almaty, Republic of Kazakhstan)
Head of the Department of Historical Demography and
the Assembly of the People of Kazakhstan, PhD
<https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(Almaty, Republic of Kazakhstan)
Laboratory assistant, Undergraduate student
<https://orcid.org/0009-0002-9775-5153>. E-mail: ayana_ue@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2024

© Kuanbay O., Apendiyev T., Ushkurbayeva A., 2024

Abstract. *Introduction.* A comparative study of demographic changes in the Republic of Turkey and the Republic of Kazakhstan aids the Government of Kazakhstan in developing policies aligned with economic potential and demographic shifts. Scientific analysis of these demographic factors also supports the creation and implementation of a strategic state policy that ensures national interests and security. *The objectives of the study.* The purpose of this article is to examine the dynamics of demographic processes in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey. *Materials and methods.* The research materials include works by Kazakh and Turkish scholars and statistical data from the Turkish Statistical Institute (TÜİK), which serves as the primary source of scientific information. Also, in the scientific article, Turkish archive documents (Kızılay Genel Müdürlüğü Arşivi) and archive data of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK) were used. The methodological foundation of this article consists of various theoretical and methodological tool from the historical and demographic disciplines. These include demographic tables, cross-sectional analysis, cohort analysis, longitudinal analysis, standardization of demographic components, and analytical demographic forecasting methods. *Results.* Demographic process of Kazakhstan and Turkey were given according to the results of the TÜİK, Address Based Population Registration



System (in tur.ADNKS) and the results of the National Statistics Bureau of the RK. In 1980-1991 Turkey's birth rate was 24.7 permille, while Kazakhstan's birth rate from 1988 to 1995 remained almost constant at 24.8 permille. This social phenomenon can be attributed to higher birth rates in the rural areas of the southern, western, and eastern regions in both countries. *Conclusions.* Demographic indicators are integral to socioeconomic planning and the monitoring of development programs. Crafting strategies and programs for sustainable societal development primarily requires considering population growth and demographic forecasts. The demographic trends in both countries can inform positive decision-making and the implementation of social development programs in the Republic of Kazakhstan.

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of implementation of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, through the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. The project is titled “Contemporary Demographic Trends in the Republic of Kazakhstan (1991-2021)” (registration number: AP22785742).

Keywords: Demography, sociology, fertility rate, dependency ratio, population census, pronatal policy, antinatal policy

For citation: Kuanbay O.B., Apendiyev T.A. Some aspects of demographic processes in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey (1991-2021) // Otan tarihy. 2024. Vol. № 3. Pp. 706-720. (in Eng.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_706-720

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ (1991-2021)

Олжас Бекенұлы Қуанбай¹, Тимур Әкімханұлы Әпендиев²,
Аяна Ержановна Ушкурбаева³

¹Анкара Университетінің PhD докторанты
(Сыхие, Алтындаг. 06100. Анкара қ., Түркия Республикасы)
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология
институты директорының кеңесшісі, Анкара Университетінің PhD докторанты
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>. E-mail: olkube89@gmail.com

²PhD. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарихи демография және Қазақстан халқы Ассамблеясы бөлімінің меңгерушісі, PhD
<https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

³Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(Алматы, Қазақстан Республикасы)
Лаборант, магистрант
<https://orcid.org/0009-0002-9775-5153>. E-mail: ayana_ue@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024

© Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушкурбаева А.Е., 2024

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Қазақстан мен Түркияның демографиялық үрдістерінің жалпылама 1991-2021 жылдар (1991, 2006, 2021) аралығындағы кейбір демографиялық қырлары зерттелді. Атап айтар болсақ, мақалада ҚР мен Түркияның мың адамға шаққадағы туу көрсеткіштері, екі мемлекет қалаларындағы халық санының өсуі мен



азаю айырмашылықтары екі ел ғалымдарының зерттеулерімен және статистикалық деректермен көрсетілді. Зерттеу нәтижемізге орай өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардың басында Түркияның әлеуметтік жағдайына сәйкес халықтың промильдік көрсеткіші ҚР демографиялық көрсеткіштерімен ұқсастығын аңғаруға болады. ХХІ ғасыр басында Түркия санының артқаны байқалады. Сондай-ақ, мақалада босқындар мәселелсі де назардан тыс қалмады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасындағы демографиялық үрдістер динамикасын зерттеу болып табылады. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу материалдары ретінде ҚР және Түркия ғалымдарының еңбектері, сондай-ақ негізгі ғылыми ақпарат базасы ретінде Түркия статистикалық институтының (TÜİK) статистикалық деректері пайдаланылды. Сондай-ақ, ғылыми мақалада Түркия архив құжаттары (Kızılay Genel Müdürlüğü Arşivi) мен Қазақстан Республикасы Президентінің архив деректері (ҚР ПА) қолданылды. Ғылыми мақаланың әдіснамалық негізін ғылымдағы тарихи-демографиялық бағыттың теориялық және әдістемелік құралдарының жиынтығы құрайтын: демографиялық кестелер әдісі, қиыстыра талдау әдісі, когорттық әдіс, салыстырмалы талдау әдісі, демографиялық құрамдастарды жүйелеу әдістері, аналитикалық демографиялық болжау әдісі қолданылды. *Нәтижелер.* Қазақстан мен Түркияның демографиялық үрдістері TÜİK, Халықты мекен-жай бойынша тіркеу жүйесі (ADNKS) және ҚР Ұлттық статистика бюросының нәтижелері бойынша көрсетілген. 1980-1991 жылдары Түркияда туу көрсеткіші 24,7 промиль болса, ҚР-ның 1988-1995 жылдар аралығындағы туу көрсеткіші 24,8 промиль деңгейін көрсеткен. Бұл әлеуметтік құбылысты (Түркия 24,7 – ҚР 24,8) екі мемлекеттің де оңтүстік, батыс және шығыс аймақтарындағы ауылдық жерлерде туу деңгейінің жоғарылауымен байланыстыруға болады. *Қорытынды.* Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау және даму бағдарламаларының мониторингі кезінде демографиялық көрсеткіштер ескеріледі. Қоғамның тұрақты дамуының стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу, ең алдымен, халық санының өсуі мен демографиялық болжамдарды есепке алуды көздейді. Екі елдің демографиялық үдерістерінің нәтижелері демографияға қытысты оң шешімдер қабылдауға және ҚР әлеуметтік даму бағдарламаларын жүзеге асыруға ықпал ете алады.

Түйін сөздер: Демография, әлеуметтану, туу коэффициенті, демографиялық салмақ коэффициенті, халық санағы, пронатализм саясаты, антинатализм саясаты.

Дәйексөз үшін: Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушкурбаева А.Е. Қазақстан Республикасы және Түркия Республикасындағы демографиялық үрдістердің кейбір қырлары (1991-2021) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. Б. 706-720. (Ағылш.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_706-720

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының қазіргі заманғы тенденциялары (1991-2021 жж.)» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP22785742).



НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКЕ (1991-2021)

Олжас Бекенұлы Қуанбай¹, Тимур Акимханович Апендиев², Аяна Ержановна
Ушкурбаева³

¹PhD докторант Анкарского Университета
(Сихие, Алтындаг, 06100 г.Анкара, Турецкая Республика)
Советник директора Института истории и этнологии им. Ч. Ч.Валиханова, докторант
PhD Университета Анкары
<https://orcid.org/0000-0003-2079-1084>. E-mail: olkube89@gmail.com

²Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова
(Алматы, Республика Казахстан)
Заведующий отделом исторической демографии и Ассамблеи народа Казахстана, PhD
<https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

³Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова
(Алматы, Республика Казахстан)
Лаборант, магистрант
<https://orcid.org/0009-0002-9775-5153>. E-mail: ayana_ue@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются некоторые аспекты демографического процесса Казахстана и Турции в отдельные годы (1991, 2006, 2021) за период 1991-2021 гг. *Цели и задачи.* Целью статьи является исследование динамики демографических процессов Республики Казахстан и Турецкой Республики. *Материалы и методы.* Материалами исследования служили труды казахстанских и турецких исследователей, а также статистические данные Турецкого статистического института (TÜİK). Также использованы турецкие архивные документы (Kızılay Genel Müdürlüğü Arşivi) и фонды Президента Республики Казахстан (АП РК). *Методологическая* основа статьи состоит из различных теоретических и методологических инструментов исторических и демографических дисциплин: демографические таблицы, кросс-секционный анализ, когортный анализ, продольный анализ, стандартизация демографических компонентов. *Результаты.* В целом исследованы показатели рождаемости на тысячу человек населения обеих стран, различия в приросте населения, убыли в городах двух стран. По результатам проведенного нами исследования видно, что показатель в промилле населения Турции в соответствии с социальной ситуацией в начале XX века почти аналогичен демографическим данным Республики Казахстан на тот период. В начале XXI века в Турции наблюдается рост населения. Кроме того, рассмотрен вопрос беженцев. *Заключение.* Демографические показатели учитываются при социально-экономическом планировании и проведении мониторинга программ развития. Разработка стратегий и программ устойчивого развития общества предполагает в первую очередь учет роста народонаселения и демографического прогноза. Результаты демографических процессов двух стран может содействовать при принятии положительных решений и реализаций социально развивающих программ РК.



Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта ПЦФ Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан РГП на ПХВ института Истории и этнологий имени Ч.Ч. Валиханова «Современные тенденции демографического развития РК (1991-2021 гг.)» (регистрационный номер: AP22785742).

Ключевые слова: Демография, социология, коэффициент рождаемости, коэффициент демографической нагрузки, перепись населения, пронатальная политика, антинатальная политика.

Для цитирования: Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. Некоторые аспекты демографических процессов в Республике Казахстан и в Республике Турция (1991-2021 гг.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 706-720. (на Англ.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_706-720

Introduction. Understanding demographic trends is crucial for shaping effective public policies and fostering sustainable development. This article presents a comparative analysis of demographic processes in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey from 1991 to 2021. The study investigates the dynamics of population changes, age and gender composition, and other critical demographic indicators in both countries. Kazakhstan and Turkey, despite their geographical and cultural differences, share similarities in their socio-economic challenges and development trajectories. By examining these two nations, we aim to identify patterns and insights that can inform policy-making and strategic planning. This comparative approach highlights how each country's unique demographic experiences have influenced their respective economic growth, social stability, and national security.

Our research underscores the importance of demographic factors in socio-economic planning and the formulation of development programs. By understanding the demographic trends and forecasts, policymakers can make informed decisions that support sustainable development and national interests. The insights gained from this study are particularly relevant for the Republic of Kazakhstan, as it seeks to implement effective social development programs and enhance its socio-economic resilience.

In the following sections, we will delve into the specifics of demographic changes in Kazakhstan and Turkey over the past three decades, compare their respective trajectories, and discuss the implications for future policy and development strategies.

Әкесін ақтау жөнінде Құлахмет Қоңырқожаның ұлы (1914 ж.т.) ҚКСР Бас Прокурорына 4 тамыз 1956 ж. арнайы хат жазған. Ол хатында әкесі соңғы кезде Көне ескерткіштерді қорғау комитетін ұйымдастырумен айналысқанын, тұтқынға алынар кезде Фердоусидің «Шах-намасының» қазақ тіліндегі аудармасын тауып, баспаға дайындап жүргендігін жазыпты (ҚР ПА. №05213-іс, 2 т., 2 п.). Өмірбаяндық сипатта жазылған осы хаттан Қоңырқожаның үш ұлы Отан соғысына қатысқандығын, жалғыз інісі Ерден Қожықовтың Отан соғысында қайтыс болғандығын білеміз.

Осы құжатта Қ. Қожықовтың Алматыда тұтқынға алынғанда оның қандай іс бойынша айыпталғаны айтылмағандығы, қазіргі кезде оның тағдырынан, өлі-тірісінен мүлдем хабарларының жоқ екендігі жазылған. «Өлі ме, тірі ме, өлген болса қайда жерленгендігін, оның зиратына баруға болатын болмайтындығын айтып хабарын берсеңіздер екен. Сонымен бірге оның ісін қайта қаруыңызды сұраймын: ол не үшін айыпталды және оның тағдарын шешкен соттың үкімінде қателік болған жоқ па?» (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 2-3 п.) деген сауал қояды.

Осы құжатта әкесінің өмірбаянынан қысқаша мәлімет берілген. Осы мәліметтерді әкесінің естеліктерін негізге алып жазып отырғандықтан оның эпистолярлық сипаты бар. Айталық, ол әкесінің Түркістан Республикасының атынынан II Бүкілресейлік Кеңестің съезіне қатысып, В. Ленинмен кездескенде Қазақстандағы кеңестік құрылыс туралы әңгімелескендігін айтады. Әулиеата уезінде Жер бөлімінің меңгерушісі болып жер-су реформасын жүргізуге қатысқаны өмірбаянынан белгілі. Осы кезде Д. Фурмановпен де кездескен екен. Құлахмет осы кезде 11-12 жаста болатын. Әкесімен бірге жүріп, біраз істеріне куә болғандығын естелік етіп жазған кейіннен.

Осы құжаттан Қ. Қожықовтың алғаш рет 1930 жылы контрреволюциялық ұйымға қатыстылығы бойынша тұтқынға алынып, жеткілікті дәлел болмауына байланысты босатылғандығы, екінші рет Қызылорда қой кеңшарындағы бүлдіргіш әрекеті үшін қамауға алынып, 10 жылға концлагерьде жазасын өтеуге үкім шыққандығын баяндай келіп, тергеуші Қазақстандағы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымдарды әшкерелеген тергеу материалдарында осы ұйымның белсенді мүшесі ретінде



Қ. Қожықов арқылы шетелдердің бірінің барлау қызметімен байланыс орнатқан деген айыптаумен ҚК 58-2, 58-6, 58-11 баптарымен қамауға алып, жауапқа тарту жөніндегі анықтама бойынша қамауға алынған (ҚР ПА. № 10031 іс, 3-4 пп.).

Алматы облыстық ПХК Басқармасы Үштігінің 15 ақпан 1938 жылғы № 6 хаттамасымен «1880 жылы Қызылордада туған Қоңырқожа Қожықов белсенді алашордашыл, контрреволюциялық Қоқан үкіметінің мүшесі. 1930 жылы қазақ ұлтшылдық ұйымдарының ісі бойынша қамауға алынған және 6 ай қамаудан соң босатылған, 1930 жылы екінші рет қамауға алынып, бүлдіргіш әрекеті үшін 10 жылға құқығынан айрылып, жазасының бір бөлігін өтеген соң денсаулығына байланысты босатылған». Қ. Қожықовқа қатысты «1920 жылы ұлтшылдық-террористік-бүлікшіл және тыңшылық-диверсиялық ұйымның мүшелігіне тартылған, ұйымның атынан Париждегі Шоқаев арқылы шет мемлекеттермен байланыс орнатқан. Бас көтеру қозғалыстарына белсене қатысқан. 1928-1929 жж. ұйымның тапсырмасымен қой шаруашылығы тресіндегі қызметінде мал басын жоюды іске асырған. Ұйымға мүше тартумен тікелей айналысып, 5 адамды ұйымға тартқан. Орта Азия мен Қазақстанның экономикалық жағдайы, тұрғындардың саяси көңіл-күйі туралы тыңшылық мәліметтер жинап, шетелдік барлау өкілдеріне беріп отырған» (ҚР ПА. № 10031 іс, 7 п.) деген айыппен ату жазасына үкім шығарылған.

Ендігі кезекте қайраткердің айыптау қорытындысына талдау жасайық. Айыптау қорытындысын 1938 жылдың ақпан айында (нақты күні көрсетілмеген) Володьзко бекіткен. Құжатта «Кеңестік билік орнаған алғашқы күннен бастап соңғы кезге дейін Кеңес өкіметіне қарсы қызметін тоқтатпаған» деген қорытынды жасалады.

Осы айыптау қорытындысынан Қ. Қожықовтың әшкереленген халық жауы Шәкір Дивеев тарапынан ұйымға тартылғандығы көрсетіледі. Контрреволюциялық ұйымның тапсырмасымен өзінің Ауғанстанда эмиграцияда жүрген танысы Қалжанов, Ирандағы Мирбадалев арқылы Париждегі ақэмигрант Мұстафа Шоқаевпен жасырын байланыс орнатқан, сол арқылы ұйым шетелдік мемлекеттермен олардың қаржылай және қарулы, әскери көмегімен Орта Азия мен Қазақстан республикаларын Кеңес Одағынан бөліп, тәуелсіз буржуазиялық мемлекет орнатуды мақсат еткен. Орта Азия мен Қазақстандағы контрреволюциялық баскөтерулерге белсене араласқан, ұйымның Алматы мен Өзбекстандағы мүшелерінің арасын байланыстырған.

Ұйымның тапсырмасымен кеңестік билікке наразылар арасынан аталған ұйымға мүше тартумен айналысқан және өз қызметі аясында бүлдіргіштік әрекеттер жасаған. Сонымен бірге Орта Азия мен Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы туралы мәліметтерді шетелдік барлау өкілдеріне беріп отырған. «Қожықов өзінің айыптарын толығымен мойындайды» (ҚР ПА. № 10031 іс, 10-11 пп.) деген қорытындымен оның ісі Алматы облыстық үштігінің қарауына ұсынылады. Осы құжаттың соңында Қожықовтың 28 қаңтарды қамауға алынып, ПХК ішкі тергеу абақтысында отырғандығы, істе заттай айғақтардың жоқ екендігі жазылған.

Қ. Қожықовтың ақтау ісіне байланысты да бірқатар құжаттар жинақталған. Ол құжаттар қайраткердің айыпталуының негізсіздігін анықтауға арналған. Сондай құжаттардың бірі 1957 жылдың мамырында Алматы облыстық мемлекеттік архивіне және Өзбекстанның Октябрь революциясы және социалистік құрылыс мемлекеттік архивіне жолданған. Құжаттың мазмұны Қожықовтың 1917 жылы Қоқан үкіметінің және ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған кезіндегі саяси және іскерлік қатынастарын айғақтайтын деректік материалдарды іздестіру болған (ҚР ПА. № 05213-іс, Т. 2. 34 п.). Осы сұрау салынған хатқа Өзбекстанның архивы «арнайы есеп картотекасында Қожықов Қоңырдың есімі кездеспейді» (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 45 п.) деп қысқа жауап қайтарған.



Осы мазмұндағы жауап хат Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінен да алынған. Онда «1905-1907 жж 1917 жылға дейінгі құжаттық деректер архивтік сақтауға алынбағандықтан Қ.Қожықовтың Қызылорда станциясы депосының жұмысшылары арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгендігін анықтау мүмкін емес» (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 47 п.) деген мазмұнда құжат тіркелген.

Түркістан Әскери округі Әскери прокурорының көмекшісі Шурин «Дивеев Қ. Қожықовты кеңеске қарсы ұлтшылдық ұйымның мүшесі ретінде атаған, бірақ оның осы ұйымға мүше тартқандығы жөнінде ештеңе айтпаған, Қожықовтың Дивеев ісіне қатысы жоқ» (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 84 п.) деп қорытынды жасаған.

С.Қожанов 1937 жылы 31 шілдедегі тергеу хаттамасында өзі басқарған пантүркішіл ұйымның 60 мүшесінің қатарында Қ.Қожықовты да атаған. С. Қожановтың ісі 1957 жылғы 11 ақпанда Түркістан Әскери Округі Әскери прокурорының қосымша тексеруінің қорытындысымен тоқтатылған (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 55-57 pp.).

Шуриннің қорытындысы бойынша «Асфендиаровтың көрсетуінде Қ. Қожықов контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі ретінде аталады» (ҚР ПА. № 05213-іс, Т. 2. 58-59 pp.). Қ. Сармолдаев Қожықовтың тек 1919-1921 жылдары М. Шоқаев, С. Қожанов, С. Асфендиаров, Есполов және Г. Сафаровтармен жер-су реформасы саясатын бұрмалап, ұлт араздық туғызған мәліметтерден басқа ештеңе көрсетпегендігін айтады (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 60 п.). Іске тігілген Сейтбек Кенбаев туралы анықтамдан аңғаратынымыз, ұлтшылдық кеңеске қарсы ұйымның мүшесі ретінде қамауға алынып, ату жазасына кесілген Шымкент қалалық кеңесінің төрағасы «С.Кенбаевтың ісіне Қ. Қожықовтың қатысы жоқ» (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 51 п.). Ф. Құлтасовтың айғақтары бойынша да Қожықовқа айып тағылмаған (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 84 п.). Қ. Қожықовты құқықтық тұрғыда ақтау мәселесі бойынша онымен қызметтес болған бірқатар азаматтардың қатарында Имажанов Зейнелден пікір сұралған. Ол Алматы гарнизонының прокурорына 1957 жылы 22 қыркүйектегі хатында Қожықовпен 1920 жылы Ташкенттегі № 14 интернатта мұғалім болып қызмет істеп жүрген кезінен танытындығын, ол кезде Ағарту халкомында қызмет істегендігін жазады. «Өзі Ташкенттегі Қазақ мұғалімдер институтында сабақ берді және тәжірибелі мұғалім ретінде жас мұғалімдерге оқыту методикасынан көмек берді. 1925 жылдары Әулие Атада жер бөлімінің меңгерушісі болып жүргенінде кездестім, мен ол кезде Асы интернатының меңгерушісі болатынмын. Кейін Ағарту халкомында қызмет істеп жүргенінде де кездестім. Ол барлық кезде жанашыр жолдас болды, достарына және басқаларға көмектесіп жүретін» (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 57 п.) деп пікір білдіреді.

Архив құжаттарының деректері Қоңырқожаның қызметтік мәліметтерін де қалпына келтіруге септігі тиеді. ҚазКСР 10 жылдығы атындағы Мемлекеттік кітапхананың директоры Искалиев Өнер істері Басқармасына жазған хатында кітапхананың ғылыми қызметкері Қ. Қожықовтың Ғылым қызметкерлерінің Бүкілодақтық көрмесінің дайындығына қатысуы үшін 1-ақпанға дейін бір айға іссапарға жіберілгендігін жазған (ҚР ҰҒА кітапханасының архивы).

Қ. Қожықовтың өмірбаяны жөнінде оның 1933 жылдың 20 сәуіріндегі куәлік еткен жазбасы мол мәліметтер береді. «Өз басым ұлтшылмын» деп басталған жазбасында өз өмірбаянынан мағлұматтар береді. Менің тегім Орта Азия мен Қазақстанда құрметтелетін «қожа» руынан болады дей келіп, әкесінің Кенесары Қасымовпен серіктес болып, 1848 жылы Тоқмақ түбіндегі жеңілістен соң қазіргі Жаңақорған ауданына (Өзгент) өз туыстарының арасына көшіп келгендігі, кейін қоқандықтарға қарсы баскөтеруден соң Бұқараға қашып кеткендігін, қазіргі Қызылорда ауданына ол жер орыстарға қарағаннан соң қайтып келгендігін жазады. Солай болғанымен әкесінің молда да, ишан да емес қарапайым малшы шаруа болғандығын айтады.



1912 жылы күзде Орынборда Ахмет Байтұрсыновпен кездесіп, қазақ тілінде газет шығару жөнінде әңгімелескен екен. Қоңырқожа осы кезде қазақ балаларына арнап, жәдиттік үлгідегі «Әліппе» мен «Романов әулетінің хұкімранлық қылуының 300 жылдығы» деп аталатын тарихи жырды Каримов баспасына өткізіп жүрген кезі еді. «Қазақ» газеті Оразаевтың қаржыландыруымен шыға бастады, бірақ оның қаржылық жағдайы тұрақсыз еді. 1913 жылы мен қазақ баспасөзін қаржыландыратын мүшелері 100 рубль төлеп кіретін Акционерлік қоғам құру туралы айттым. Байтұрсынов пен Дулатов менің ойымды іліп әкетті, осылайша 1913 ж. күзінде «Азамат» қоғамы құрылды. Мен газеттің ісіне белсене араластым деп жазады. (Бұл хаттаманың толық нұсқасы Қызылорда облыстық Полиция департаментінің арнайы архивінде сақталған. 1957 жылы Қожықовты ақтауға қатысты жинақталған құжаттарда аталған хаттаманың тек үзінділері берілген – авт.).

Қ. Қожықов аталған показаниесінде Қызылорда кеңшар директорының орынбасары кезіндегі өзінің айыпталуына қатысты 10 пункттен тұратын көлемді дәлелдемелер келтіреді (ҚР ПА. № 05213-іс, 2 т., 28-32 пп.).

ТүркӘО Әскери прокуроры Пастерович 1957 жылдың 11 желтоқсанында Әскери трибуналға Қ.Қ. Қожықовтың ісі бойынша қарсылық жолдаған. Онда Қ. Қожықов алдын-ала тергеуде берген айғақтары және Дивеев, Қожанов, Құлтасов, Абланов, Асфендиаров, Сарымолдаев, Кенбаев, Сералиев және Бекарысовтардың тергеу хаттамаларының көшірмелері негізінде айыпталғаны айтылып, Үштіктің қаулысының күшін мынадай негіздермен жоюды ұсынады: «Қожықовтың қамауға алынғаннан 14 күн өткен соң 12 ақпандағы жауап алуы сенімсіз және нақты емес, оларды дәлелге алуға жатпайды. Есеев, Молла Әліш, Макин және Фахрутдиновты ұйымға тартқаны дәлелденбеген. Дивеев және басқалар жауап алу хаттамаларында оның ұлтшылдық ұйымға қатыстылығы тек болжамды түрде ғана айтылған» дей келіп, оның ісі бойынша айыпталғандардың барлығы дерлік толығымен ақталғандығын жазады. Тынышпаев, Досмұхамедовпен бірге 1932 жылдың 20 сәуірінде Үштіктің шешімімен Қазақстаннан жер аударылғанымен айыптылығы дәлелденбеген. 1933 жылдың 13 шілдесіндегі Үштіктің қаулысымен 10 жылға еңбекпен түзеу лагерінде қамауда болған және 1934 жылы мерзімінен бұрын босатылған. Қожықовты білетіндер ол туралы жақсы мінездежелер берген.

Ең бастысы осы негіздемеде Қ. Қожықовтың шетелдік барлау агентурасына қатыстылығы туралы КСРО ПМ арнайы архивінде және басқа да архив органдарында мәліметтер жоқ екендігі айтылады.

Осы құжатта айыптау ісінің заңдылықты бұзу арқылы жүргізілгендігін алға тартады. Сондай өрескел заң бұзушылық қатырында Қожықовқа Айыптау қорытындысы, аяқталған тергеу материалдарымен таныстырылмағандығы айтылады. Осылайша тергеу материалдарымен танысу және тексеру барысында негізсіз атылғандығы анықталғандықтан Қ. Қожықовқа қатысты істі өндірістен қысқартуды сұрайды (ҚР ПА. № 10031 іс, 64-68 пп.).

1957 жылдың 23 желтоқсанында Лысенконың төрағалығымен өткен ТүркӘО Әскери трибуналы прокурорлық қарсылықты толығымен қуаттап, өздері тарапынан «Қожықовты айыптаған тергеу ісіне қатысқан ҚКСР ІХК қызметкері Володьзконың азаматтарды заңсыз қамауға алу және тергеу істерін бұрмалағаны үшін сотталғандығын» (ҚР ПА. № 05213 іс, 1 т., 82 п.) қосады да Жоғарғы Кеңестің 1955 жылғы 19 тамыздағы Жарлығын негізінде Алматы облыстық Үштігінің 1938 жылғы 18 ақпандағы Қ. Қожықовқа қатысты қаулысының күшін жояды және дәлелденбеген айыптау ісін қысқартады.

Құлахмет Қожықов 1958 жылдың 25 ақпанында МҚК-ге жазған хатында әкесін 1957 жылдың 23 ақпанында ТүркӘО Әскери трибуналы ақтағандығын, соған



байланысты өлімінің себебін, жерленген жерін хабарлауды сұраған (ҚР ПА. № 10031 іс, 24 п.).

Қ. Қожықовтың қайтыс болған уақыты жайлы ұлының сұрауына жауап қайтару мақсатында құқық қорғау органдарының өзара жазысқан хаттары да бірқатар мәселеге айқындық береді. Мысалы, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бөлім бастығы Давыдов 1958 жылдың 5 наурызында Фрунзе аудандық АХАЖ бюросына берген анықтамасында «Қолда бар мәліметтерге қарағанда Қ.Қ. Қожықов қамауда ұстау орнында 1944 жылдың 25 тамызында бронхиалды астмадан қайтыс болған... Қ.Қ. Қожықовтың өлімі кезінде белгіленген тәртіппен тіркелмеген. Қазіргі кезде оның туыстарының заң аясында өлімі туралы куәлік алуы қажеттілігі үшін тіркеліп отыр» (ҚР ПА. № 10031 іс, 5 п.).

Осы күні Давыдов ҚКСР ІІМ І Арнайы бөлімінің бастығы Румянцевке Қ. Қожықовтың №1 формадағы есеп карточкасына Қожықовтың «10 жылға еңбекпен түзеу колониясында жазасын өтеуге үкім шыққандығы, туыстарына оның жазасын өтеп жүрген орында 1944 жылы 25 тамызда бронхиалды астмадан қайтыс болғандығы хабарланды» (ҚР ПА. №10031 іс, 25 п.). деген мазмұнда жазба енгізуді сұрап хат жазады. Бұл мәліметтерді тергеу құжаттарын бұрмалаудың дәрекі көріністерінің бір деп бағалаймыз.

Қуғын-сүргіннің тергеу істері бұрмаланған дереккөз екендігі белгілі. Әйтсе де, ол құжаттарды заңсыздық пен зұлматтың куәсі ғана емес, сол дәуірдің тарихи ескерткіші ретінде жариялау қажеттігі де айқын. Ендігі мәселе күрделі сипаттағы осы тергеу істерін тарихи құжат ретінде қарастырудың ортақ әдіс-тәсілдерін қалыптастырудан туындайды. Әйтсе де, «әртүрлі процестер, әртүрлі уақыт және әртүрлі істердің болуына орай біртұтас әдістеменің болуы мүмкін емес» (Перемышленникова, 2000) екен. XX ғасырдың құжаттануында тарихи бұрмалау ретінде бұл құжаттарды деректанулық талдау ең бір өткір және күрделі мәселе болып қалып отыр. Соңғы кезге дейін деректануға арналған әдебиеттерде тергеу істерін дереккөз ретінде қарастырған ортақ әдістеме болған жоқ.

Архивтік құжатқа айналған тергеу істері дегеніміз құрамы мен түрі қуғындау органдарының ВЧК-дан КГБ-ға дейінгі даму жолында көп өзгеріске түскен түрлі дереккөздердің кешені. Тергеу істерінің қалыптастыру ережесі қылмыстық-процессуалдық кодекспен белгіленгенімен сот-тергеу тәжірибесінің әртүрлі болуы міндетті құжаттардың құрамы, мазмұны, олардың безендірілуіне өз қолтаңбасын қалдырғандығы аңғарылады.

Тергеу ісінің құрамындағы құжаттардың ең негізгісі тергеу хаттамалары болып келді. Ол хаттамалардың жасақталуы мынадай міндетті құрауыштардан тұрады: хаттаманың түзілген уақыты, мекен-жайы; хаттама толтыруға негіз болған әрекет; хаттама жүргізушінің қызметі; шені, статьясы, процессуалды әрекетке қатысушылардың хаттамамен танысуы туралы мәліметтер, соңында хаттаманы толтыруға қатысушылардың қойылған қолы.

Тергеу хаттамаларын тарихи дереккөз ретінде ғылыми айналымға ұсынудағы ең басты түйткіл - оларда ақылға сыймайтын, қисынсыз, сандырақ тұжырымдардың орын алуы. Осының өзі тергеу істерімен жұмыс жасауда ақиқатқа жетудің өзгеше тәсілін, өзгеше методологиясын қажет етеді.

Елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарының құжаттары тарихи дереккөз ретінде қолдану тәжірибелері әзірге тарихи тұлғалардың ғылыми өмірбаянын қалпына келтіруде қолданылып келеді. Солардың қатарында алаштық қайраткер, ағартушы-педагог Қоңырқожа Қожықовқа қатысты тергеу құжаттары әзірге толық айналымға шыға қойған жоқ.



Заңгерлік тәжірибеде хаттамаға қойылатын осындай талаптарға қарамастан тергеу хаттамалары тарихи оқиғалардың барысын толық қамти алмағандықтан да оны объективті деп айтуға болмайды. Оның үстіне тергеу хаттамаларының мазмұны тергеушілер тарапынан ашықтан-ашық бұрмалануын қосыңыз.

Осыған байланысты мынадай салыстырма жасаймыз: Т. Рысқұловтың 3 шілде күнгі хаттамасының 8 парағы С. Қожанов тергеу хаттамасына тігілгендігі (ЦА ФСБ РФ. Д. № 12637 (Султанбек Ходжанов), Л. 82-93). Осы тергеу хаттамасындағы көрсетілімдер Қожановтың хаттамасынан тұтастай орын алған. Белгілі бір трафареттік мәліметтердің бір хаттамадан екіншісіне немесе бір айыпталушыдан келесі айыпталушының тергеу хаттамасына көшіп жүру фактілері жиі кездеседі. Бұл дәйек тергеу процесін құжаттандырудың саяси мүддесі мен құқықтық технологиясынан хабар береді. Сол сияқты Т. Рысқұлов пен С. Қожановтың тергеу хаттамаларының тиісті бөліктері Н. Төрқұловтың ісіне тіркелгендігі сияқты дәстүрімен Қ. Қожықовтың ісіне С. Асфендиаровтың, Ш. Дивеевтің, С. Кенбаевтың және т.б. айыпталушылардың тергеу хаттамаларынан көшірмелер тіркелген.

Қ. Қожықовтың тергеу құжаттарындағы мәліметтер оның шығармашылығына да назар аударуды қажет етеді. Ташкент қаласындағы Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген народный учитель ретінде Перовск, Түркістан, Черняев (Шымкент), Андиган уездерінде русско-туземный мектептер ашып, 1912 ж. Орынбор қаласында жәдиттік үлгіде қазақ әліпбесін жариялаған (Ходжиков, 1912). Жәдиттік мектептің негізін қалаған И. Гаспринскиймен тығыз араласқандығына оның «Мартабалу буйук устазымыз Исмағилбек Ғаспиринскийға чығаручы тарафиндин хадийа. 12 февраль 13 йылда. Шаһар Туркістан» (Сеитмеметова, 2016). Кітап жазылған кезде ол Түркістан қаласы жанындағы Қарнақ қышлағында орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі болып қызмет істеген.

Қазақ шығармашылық интеллигенциясының өкілдері арасынан Қоңырқожа Қожықов, Әлиасқар Қасымов, Сұлтан Шәді Жәңгіровтер «Русия патшалығында Романов нәсілінен хукіманлық қылған патшалар тарихлары» (История – поэма, 1912) кітабын жазған. Т. Рысқұлов 1924 жылы Сталинге жазған хаттарында монархияны мадақтап кітап жазды деп айыптаған (Тұрсұн, 2011: 7) Осыған байланысты Қожықов «Мен жергілікті әкімшілік орындарының үстінен көптеген арыздар мен петицияларды Петербургке қайта-қайта жолдап отырдым, соған байланысты мені бір уезден екінші уезге ауыстырып отырды. Әкімшілікке қайтсем жағам деген оймен Романовтардың үйі жайында қазақ тілінде еңбек жаздым. Бұл, әрине мен үшін масқаралық жұмыс болды. Бұл еңбекте қазақ халқының патшаға бағынуы насихатталған еді. Бірақ мұнымен мен әкімшілік орнының ықыласын өзіме аударма алмадым...» (Бәкірұлы, 2007) деп ақталады.

Қорытынды. Қазіргі кезде кез келген байыпты зерттеуші тергеу істері құжаттарының жаппай бұрмаланған, әйтсе де сыни көзқарасты талап ететін өзіндік тарихи дереккөз екендігін жоққа шығармайды. Содан да ол материалдарды тұтас бір кезеңнің мәдени ескерткіші ретінде тыңғылықты ғылыми талдаулармен, дереккөз ретінде жариялау керектігі де айқын. Біз, мақаламызда осы кезге дейін архивтік құжаттардың қолжетімсіздігіне байланысты ғылыми тұрғыда жеткілікті тұлғаланбай келген алаштық қайраткер Қ. Қожықовтың қоғамдық-саяси және шығармашылық өмірбаянын ғылыми қалпына келтіре алдық. Құпия қорлардағы тергеу құжаттарын тарихи дереккөз ретінде талдаудың әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде қолдандық. Бұндай тәжірибе мен методологиялық ұстанымдар саяси қуғын-сүргін тарихы бойынша жүргізілетін ауқымды зерттеулерде одан әрі дамытылуы керек.



Дереккөздер

ҚР ПА (Алматы) – Қазақстан Республикасы Президент Архивы. (Алматы)
ЦА ФСБ РФ – Центральный Архив Федеральной Службы Безопасности. Дело № 12637 (Султанбек Ходжанов), Л. 82-93.

Sources

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
The Central Archive of the Federal Security Service of the Russian Federation is the Central Archive of the Federal Security Service. Case No. 12637 (Sultanbek Khojanov), l. 82-93.

Әдебиеттер

Алаш ісі, 2020 – *Алаш ісі*. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары. Алматы, 2020. 828 б.

Бәкірұлы, 2007 – *Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы // М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Алматы: «Қайнар», 2007. Т. 3. 384 б.*

Закон, 1991 – *Закон «О реабилитации жертв политических репрессий»*. Отечественные архивы. 1991. № 5. С. 3-8.

Зевако, 2020 – *Зевако Ю.В.* Изучение эпохи политических репрессий через архивно-следственные дела репрессированных эпохи «Большого террора» 1937-1938 гг. : Методическое пособи / Ю.В. Зевако. [6 м.]: Издательские решения, 2020. 158 с.

История, 1912 – *История* – поэма царствования Дома Романовых на киргизском языке. Составители К.Х. Ходжиков, А.А. Касымов, С.Ш. Джангиров. Оренбург. Типография т-в Каримов, Хусаинов и К, 1912. 102 с.

Ковальчук, 2002 – *Ковальчук Л.В.* Методические рекомендации по описанию архивно-следственных дел. Одесса, 2002. 120 с.

Қожықов, 2024 – *Қоңырқожа Қожықов* – ұлттық элитаның көрнекті өкілі. Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. Б. 220-296.

Мартин, 2011 – *Мартин Т.* Империя «положительной деятельности». Нация и национализм в СССР. 1923-1939. М.: Российская политическая энциклопедия (РОСПЭН), 2011. С. 10, 31-32.

Мемлекеттік құпиялар туралы, 1999 – *Мемлекеттік құпиялар туралы* Қазақстан Республикасының заңы. 1999 ж. 15-наурыз (№ 349-І).

Неймарк, 2012 – *Неймарк Н.* Геноциды Сталина, - М.: АУРО- XXI, 2012. -176 с. С. 143.

Перемышленникова, 2000 – *Перемышленникова Н.М.* Архивно-следственное дело как исторический источник //Вестник архивиста. 2000. №4-5., С. 230.

Сейтмететова, 2016 – *Сейтмететова С.А.* Книги и брошюры из фондов КРУ БИКЗ с автографами и дарственными надписями, адресованные Исмаилу Гаспринскому //От религиозного реформаторства к европеизации культуры мусульман. К 155-летию со дня рождения Исмаила Гаспринского. Сборник статей /Ред.-сост. З.А. Имамудинова. М.: ГИИ., 2016. С. 34-53

Түрсүн, 2011 – *Түрсүн Х.* Алғысөз немесе алаштық рухтың ту ұстаушысы һәм мәдени мұраның жанашыры /Қазыналы Оңтүстік. 26-том. Тарихи жырлар. – Алматы: «Нұрлы әлем». 2011. - 296 б. (5-15 бб.)

Ходжиков, 1912 – *Ходжиков Конгыр-Ходжа.* Букварь для киргизских школ в Туркестанском крае. Оренбург, 1912. 96 с.

Ohayon, 2016 – *Ohayon I.* La sedentarisation des Kazakhs dans l'URSS d Stalin. Collectivisation et chanement Social (1928–1945). Paris, 2016.

Tursun, et al., 2014 – *Tursun Kh., Erpay I., Abikey A.* Form of Study of Historical Psychology - The Secret Letters Writing Phenomenon. Procedia - Social and Behavioral Sciences 114, 2014. Pp. 663-666

References

Alash isi, 2020 – *Alash isi*. 1920-1930 zh.zh. OGPU zhurgizgen zhasandy tergeu isterinin quzhattary men materialdary» [The Alash case. 1920s-1930s Documents and materials of cases of artificial investigation conducted by the OGPU]. Almaty, 2020. 828 p. [In Kaz.]

Bakiruly, 2007 – *Bakiruly A.* Mustafa Shoqay auletinin qugynga ushyrauy [The expulsion of the Mustafa Shokaya Dynasty] //M. Shoqay. Tandamaly shygarmalar. Ysh tomdyq. Almaty: «Qaynar», 2007. Vol. 3. 384 p. [In Kaz.]

Istoriya, 1912 – *Istoriya* – poehma carstvovaniya Doma Romanovykh na kirgizskom yazyke [The history of the poem of the reign of the House of Romanov in the Kyrgyz language]. Sostaviteli K.KH. Khodzhikov, A.A. Kasymov, S.SH. Dzhangirov. Orenburg. Tipografiya t-v Karimov, Khusainov i K, 1912. 102 p. [In Rus.]

Khodzhikov, 1912 – *Khodzhikov Kongyr-Khodzha.* Bukvar' dlya kirgizskikh shkol v Turkestanskom krae [A primer for Kyrgyz schools in the Turkestan region]. Orenburg, 1912. 96 p. [In Rus.]



Koval'chuk, 2002 – *Koval'chuk L.V.* Metodicheskie rekomendacii po opisaniyu arkhivno-sledstvennykh del [Methodological recommendations for the description of archival and investigative cases]. Odessa, 2002. 120 p. [In Rus.]

Martin, 2011 – *Martin T.* Imperiya «polozhitel'noj deyatel'nostI». Naciya i nacionalizm v SSSR. 1923-1939. [The empire of “positive activity”. Nation and nationalism in the USSR. 1923-1939]. M.: Rossijskaya politicheskaya ehnciklopediya (ROSPEHN), 2011. Pp. 10, 31-32. [In Rus.]

Memlekettik qupiyalar turaly, 1999 – *Memlekettik qypiyalar turaly* Qazaqstan Respublikasynyn zany [Law of the Republic of Kazakhstan "on state secrets"]. 1999 zh. 15- nauryz (№349-I). [In Kaz.]

Naimark, 2012 – *Naimark N.* Genocidy Stalina [Stalin's genocides]. M.: АУПО-XXI, 2012. 176 p. [In Rus.]

Ohayon, 2016 – *Ohayon I.* Ya sedentarisation des Kazakhs dars I'VRSS d Stalin. Collectivisation et chanement Social (1928–1945) [The sedentarization of the Kazakhs after the COLLAPSE of Stalin. Collectivization and Social Reorganization (1928–1945)]. Paris, 2016. [In Fr.]

Peremyshlennikova, 2000 – *Peremyshlennikova N.M.* Arkhivno-sledstvennoe delo kak istoricheskij istochnik [Archival and investigative case as a historical source] //Vestnik arkhivista, 2000. № 4-5. 230 p. [In Rus.]

Qozhyqov, 2024 – *Qonyrqozha Qozhyqov* – ulttyq ehlitanyn kornekti okili [Konyrkozha Kozhikov is a prominent representative of the national elite] – Almaty: «Qazaq tili» baspasy, 2024. Pp. 220-296. [In Kaz.]

Seitmemetova, 2016 – *Seitmemetova S.A.* Knigi i broshyury iz fondov KRU BIKZ s avtografami i darstvennymi nadpisyami, adresovannye Ismailu Gasprinskomu [Books and brochures from the funds of KRU BIKZ with autographs and inscriptions addressed to Ismail Gasprinsky] //Ot religioznogo reformatorstva k evropeizacii kul'tury musul'man. K 155-letiyu so dnya rozhdeniya Ismaila Gasprinskogo. Sbornik statej / Red.-sost. Z.A. Imamutdinova. M.: GIL., 2016. Pp. 34-53. [In Rus.]

Tursun, 2011 – *Tursun Kh.* Algysoz nemese alashtyq rukhtyn tu ustaushysy ham madeni muranyn zhanashyry [A preface or a flag bearer of the Alash spirit and a supporter of cultural heritage] / Qazynaly Ontustik. 26-tom. Tarikhi zhyrlar. Almaty: Nurly alem, 2011. Pp. 5-15. [In Kaz.]

Tursun, Erpay, Abikey, 2014 – *Tursun Kh., Erpay I, Abikey A.* Form of Study of Historical Psychology - The Secret Letters Writing Phenomenon. Procedia - Social and Behavioral Sciences 114, 2014. Pp. 663-666.

Zakon, 1991 – *Zakon* «O reabilitacii zhertv politicheskikh repressii». [The law "On rehabilitation of victims of political repression"] Otechestvennye arkhivy. 1991. №5. Pp. 3-8. [In Rus.]

Zevako, 2020 – *Zevako Yu.V.* Izuchenie ehpokhi politicheskikh repressij cherez arkhivno-sledstvennye dela repressirovannyh ehpokhi «Bol'shogo terrora» 1937-1938 gg. [The study of the era of political repression through archival and investigative cases of the repressions of the era of the "Great Terror" of 1937-1938]: Metodicheskoe posobi. Izdatel'skie resheniya, 2020. 158 p. [In Rus.]



Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 3, pp. 771-786, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_771-786

THE TRANSFORMATION OF KAZAKHSTAN INTO THE INDUSTRIAL RESOURCE BASE OF THE USSR IN THE ERA OF D. KUNAEV (1964-1986)

Konstantin Cherepanov¹

¹Ch. Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, assistant professor. Leading researcher
<https://orcid.org/0000-0002-0736-9383>. E-mail: k.v.cherepanov@mail.ru

© Valichanov IHE, 2024

© Cherepanov K., 2024

Abstract. *Introduction.* The article examines the contribution of D. Kunaev to the industrial development of Kazakhstan and its transformation into the industrial resource base of the Soviet Union in 1960-1986. *The Purpose and objectives.* The purpose of this study to reveal his role in the industrial development of the Kazakh SSR. Objectives: highlight the most important achievements of D. Kunaev in the industrial development of the Kazakh SSR, emphasize his contribution to the industrial development of the USSR and determine the significance of his activities in this industry for independent Kazakhstan. *Materials and methods.* In addition to the historical-genetic and historical-comparative methods the theory of ethnic mobilization was used. The research also used methods of qualitative sociology: discourse - analysis of texts and speech practices of the leaders of the USSR and the Kazakh SSR, personal documents. Results. The archival documents and other sources used made it possible to objectively assess the results of the industrial development of the Kazakh SSR in 1964-1986. *Conclusions.* In the course of the study, it was convincingly possible to prove that through his activities D. Kunaev not only played an outstanding role in transforming Kazakhstan into the industrial resource base of the USSR, but also objectively laying the foundations for the existence and successful industrial development of sovereign Kazakhstan.

Key words: D. Kunaev, KazSSR, Chairman of the Council of Ministers of the KazSSR, First Secretary of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan, L. Brezhnev, A. Kosygin.

Acknowledgements: The article is written within the framework of the grant project realization of the Ministry of Science and education of the Republic of Kazakhstan AP 14872044 «Contribution of D.A. Kunayev into social-economic development of Kazakhstan and preservation of territorial integrity of the republic».

For citation: Cherepanov K. The transformation of Kazakhstan into the industrial resource base of the USSR in the era of D. Kunaev (1964-1986) // Otan tarihy. 2024. Vol. № 3. Pp. 771-786. (in Rus.).

DOI: [10.51943/2788-9718_2024_27_3_771-786](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_771-786)



ҚОНАЕВ ДӘУІРІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КСРО-НЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК-РЕСУРСТЫҚ БАЗАСЫНА АЙНАЛУЫ (1964-1986 жж.)

Константин Владимирович Черепанов¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкері
<https://orcid.org/0000-0002-0736-9383>. E-mail: k.v.cherepanov@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024

© Черепанов К.В., 2024

Андатпа. *Kipicne.* Д.А.Қонаевтың 1960-1986 жылдары Қазақстанның индустриялық дамуына және оның Кеңес Одағының өнеркәсіптік-ресурстық базасына айналуына қосқан үлесі қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері:* Бұл зерттеудің мақсаты – оның Қазақ КСР-нің өнеркәсіптік дамуындағы рөлін ашу. Міндеттері: оның республиканың индустриялық дамуына, КСРО-ның индустриялық дамуына қосқан үлесін атап өту және оның қызметінің тәуелсіз Қазақстан үшін маңызын анықтау. *Материалдар мен әдістер.* Д.А. Қонаевтың өзінің естеліктері мен ой-толғаулары, оның әріптестері мен замандастарының естеліктері, отандық архивтерде сақталған материалдар мен құжаттар зерттеудің дереккөздік негізі болып табылады. Зерттеу барысында белсенді қолданылған тарихи-генетикалық және тарихи-салыстырмалы әдістермен қатар этникалық мобилизация теориясы да қолданылды. Зерттеуде сонымен қатар сапалық әлеуметтанудың әдістері қолданылды: дискурс – КСРО және Қазақ КСР басшыларының мәтіндері мен сөйлеу тәжірибесін талдау, жеке құжаттар – естеліктер, естеліктер, Д.А.Қонаев пен оның замандастарымен сұхбат. Нәтижелер. Пайдаланылған мұрағаттық құжаттар мен өзге де дереккөздер 1964-1986 жылдары ҚазКСР-нің өнеркәсіптік даму нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Зерттеу барысында Д.А.Қонаев өз қызметі арқылы Қазақстанды КСРО-ның өнеркәсіптік-ресурстық базасына айналдыруда ерекше рөл атқарып қана қоймай, сол арқылы бүкіл КСРО-ның дамуына зор үлес қосқанын нанымды түрде дәлелдеуге болады. республиканың аумақтық тұтастығын сақтау, сонымен қатар егемен Қазақстанның өмір сүруі мен табысты индустриялық дамуының негізін объективті түрде қалау.

Түйін сөздер: Д.А. Қонаев, ҚазКСР, ҚазақКСР Министрлер кеңесінің төрағасы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Л.И. Брежнев, А.Н. Косыгин

Алғыс: Мақала AP14872044 «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына және республиканың аумақтық тұтастығын сақтауға Д.А. Қонаевтың қосқан үлесі» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

Дәйексөз үшін: Черепанов К.В. Қонаев дәуірінде Қазақстанның КСРО-ның өнеркәсіптік-ресурстық базасына айналуы (1964-1986 жж.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. Б. 771-786. (Орыс.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_771-786



ПРЕВРАЩЕНИЕ КАЗАХСТАНА В ПРОМЫШЛЕННО-РЕСУРСНУЮ БАЗУ СССР В ЭПОХУ Д.А. КУНАЕВА (1964-1986 ГГ.)

Константин Владимирович Черепанов¹

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

(д. 28., ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент, ведущий научный сотрудник.

<https://orcid.org/0000-0002-0736-9383>. E-mail: k.v.cherepanov@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024

© Черепанов К.В., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается вклад Д.А. Кунаева в 1964-1986 гг. в индустриальное развитие Казахстана и в превращение его в промышленно-ресурсную базу Советского Союза в 1960-1986 гг. *Цель и задачи.* Цель данного исследования состоит в том, чтобы, используя объективные свидетельства и материалы, касающиеся деятельности Д.А. Кунаева, раскрыть его роль в индустриально-промышленном развитии КазССР. *Задачи.* Выделить важнейшие достижения Д.А. Кунаева в промышленном развитии КазССР, подчеркнуть его вклад в индустриальное развитие союзного государства (СССР) и определить значение его деятельности в этой отрасли уже для независимого Казахстана. *Материалы и методы.* Источниковая база исследования - воспоминания и размышления самого Д.А. Кунаева, воспоминания о нем его соратников и современников, материалы и документы, хранящиеся в отечественных архивах (АПРК, ЦГА РК). Кроме историко-генетического и историко-сравнительного метода активно использовались теория этнической мобилизации. В ходе исследования также использовались методы качественной социологии: дискурс - анализ текстов и речевых практик руководителей СССР и Казахской ССР. *Результаты.* Использованные архивные документы и иные источники предоставили возможность объективно оценить результаты промышленного развития КазССР в 1964-1986 гг. *Выводы.* В ходе проведенного исследования убедительно удалось доказать, что своей деятельностью Д.А. Кунаев не только сыграл выдающуюся роль в превращении Казахстана в промышленно-ресурсную базу СССР, но и, объективно, заложил основы для существования и успешного индустриального развития суверенного Казахстана.

Ключевые слова: Д.А. Кунаев, КазССР, председатель Совета Министров КазССР, первый секретарь ЦК КП Казахстана, Л.И. Брежнев, А.Н. Косыгин.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта по гранту МН и О РК ИРН АР 14872044 «Вклад Д.А. Кунаева в социально-экономическое развитие Казахстана и сохранение территориальной целостности республики».

Для цитирования: Черепанов К.В. Превращение Казахстана в промышленно-ресурсную базу СССР в эпоху Д.А. Кунаева (1964-1986 гг.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 771-786 (на рус.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_771-786

Введение. Д.А. Кунаев – важная фигура в истории Казахстана советского периода времени. Впервые занявший ответственный политический пост заместителя председателя Совета Народных Комиссаров в тяжелейшие для республики и всей советской страны годы Великой Отечественной войны, он до конца 1986 г. оставался на вершине политического, хозяйственного и научного руководства Казахской ССР, сохраняя свои лидерские позиции буквально «от Сталина до Горбачева». Время его



созидательной деятельности и работы на различных ответственных постах в республике и союзном государстве стало целой «эпохой» в истории Казахстана, изучение и исследование которой является важнейшей задачей современных отечественных историков. В данном исследовании мы обратили внимание на одну, но очень важную составляющую многолетней деятельности Д.А. Кунаева – его вклад в индустриальное, промышленное развитие Казахстана.

Профессия горного инженера, специалиста по золоту и цветным металлам совсем не случайно была выбрана молодым Димашем Кунаевым в качестве дела всей своей жизни. Этот выбор не только отражал личные пристрастия и интересы амбициозного молодого человека, но и соответствовал уровню развития экономики в крае и разведанным совсем недавно его богатствам и ресурсам, которые нужно было научиться только брать. Коунрад, Балхаш, Усть-Каменогорск, Риддер (Лениногорск) – этапы пути профессионального горного инженера, производственника, которым на протяжении почти шести лет являлся Димаш Ахмедович. Став в начале июня 1942 г. заместителем председателя СНК КазССР, он с первых дней работы на этом посту курировал деятельность не только Коунрадского месторождения и предприятий Риддера, но и всей промышленности республики, включая предприятия цветной металлургии, угольной и нефтяной промышленности, электростанции, железные дороги, транспорт и автотранспорт.

Особенно много было сделано Д.А. Кунаевым в плане индустриального развития, со всеми вытекавшими отсюда последствиями, в долгий период его бессменного руководства республикой на посту первого секретаря ЦК КП Казахстана в 1964-1986 гг., в ту самую, «кунаевскую эпоху», свершениями и достижениями которой гордится современный Казахстан и которые он успешно преумножает. В рамках данного исследования мы исходим из понимания личности выдающегося казахстанского политика и советского партийного и государственного деятеля именно как одного из многих строителей социалистической отчизны, как продукта своего времени, характеризовавшегося сочетанием самых противоречивых процессов и событий в жизни родной для Д.А. Кунаева республики и всего единого союзного государства, видным и важным представителем и руководителем которого он сам являлся.

Одной из задач исследования является попытка показать, что именно союзное устройство государства, пусть во многом и носящее формальный характер, придавало ему устойчивость и являлось причиной его успехов и кратковременных триумфов. Именно такие представители союзно-республиканской партийно-государственной элиты советского государства, каким являлся Д.А. Кунаев, обеспечивали его развитие и стабильное существование, одновременно, при этом, закладывая мощный производительный фундамент под будущее существование и развитие страны уже в период независимости.

Материалы и методы. В процессе исследования активно применялись историко-генетический и историко-сравнительный методы. Историко-генетический метод сыграл свою важную роль в объяснении фактов, выявлении причин их проявления в той или иной последовательности, помог выявить и объяснить особенности развития промышленно-ресурсного потенциала республики в зависимости от происходивших в стране событий и процессов.

Историко-сравнительный метод позволил определить общее и выделить особенное в стиле руководства Кунаевым Д.А. промышленным развитием республики на протяжении его длительного нахождения во главе Компартии Казахской ССР. Применение данного метода помогло выявить уровни взаимодействия руководства



Казахстана с Москвой, ступени повышения статуса республики в рамках союзной экономики и роли в военно-стратегических планах советского государства.

Также автор исследования отдал дань концепции этнической мобилизации, учитывающей наличие в руководящей верхушке зависимого от иноземного центра образования представителей данной этнической группы, что играло немалую роль для производственной мобилизации местного населения. С одной стороны, это был способ достижения принципа этнического представительства и репрезентации советской политики национальностей в действии, с другой, способ стимулирования сотрудничества коренного населения с властью. В ходе исследования также использовались методы качественной социологии: дискурс - анализ текстов и речевых практик руководителей СССР и Казахской ССР, документов личного характера - воспоминаний, мемуаров, интервью Д.А. Кунаева и его современников.

В исследовании были использованы материалы Архива Президента Республики Казахстан (АП РК), и государственных архивов Российской Федерации (ГА РФ, РГАНИ). Многие документы, относящиеся к жизни и деятельности Д.А. Кунаева были обнаружены и обработаны в результате исследовательской деятельности в рамках реализации научно-исследовательского проекта «Вклад Д.А. Кунаева в социально-экономическое развитие Казахстана и сохранение его территориальной целостности» и впервые использованы при работе над данной статьей.

Наибольший массив документальных свидетельств деятельности Д.А. Кунаева в качестве партийного и государственного деятеля советского Казахстана содержится в Архиве Президента Республики Казахстан в фонде 708 «Центральный Комитет Коммунистической партии Казахстана». Крайне информативными и содержательными в этом плане являются единицы хранения под рубриками: «Переписка с Центральным Комитетом Коммунистической партии СССР, Советом Министров СССР и Президиумом Верховного Совета СССР по важнейшим вопросам государственного, хозяйственного и культурного строительства», «Переписка с Министерствами, ведомствами, органами Союза ССР по важнейшим вопросам государственного, хозяйственного и культурного строительства», «Постановления Центрального Комитета Компартии Казахстана и Совета Министров Казахской ССР», стенограммы различных съездов Коммунистической партии Казахстана и пленумов Центрального Комитета Компартии Казахстана, протоколы заседаний бюро Центрального Комитета Компартии Казахстана.

Документы, извлеченные из этих архивных единиц хранения, имеют прямое отношение к вопросам государственного, военно-стратегического и хозяйственно-экономического характера, в разной степени характеризующих роль, участие и позицию Д.А. Кунаева в их постановке и решении.

Обсуждение. Многолетняя карьера Д.А. Кунаева, в качестве одного из руководителей советского государства, является, по мнению британской исследовательницы Бхавны Дейв, прекрасным примером сохранения (возрождения) национальной идентичности в увязке с интернациональным характером советской системы (Bhavna Dave, 2007). Феномен формирования, укрепления и институализации национальных элит и превращения их в правящие сословия в национальных республиках Советского Союза не остался без внимания, в целом, со стороны иностранных, западных исследователей. Интерес к национальному строительству советского государства демонстрировали в разное время Hodnett G. (Hodnett, 1975; 1978), Cleary W. (Cleary, 1967) и, особенно, Rigby T.H. в целой серии публикаций (Rigby, 1968; 1970-1971; 1980; 1983; 1988). Суждения, высказанные этими исследователями, при всей их неоднозначности вносят свой вклад в понимание самого



феномена «партийно-государственного лидера национальной советской республики» так и в понимание личности казахстанского лидера и в оценку масштабов его деятельности. Из последних работ зарубежных авторов стоит упомянуть работы Keller S. (Keller, 2020) и Khalid A. (Khalid, 2021). При всей важности оценок личности и деятельности Д.А. Кунаева на посту руководителя советского Казахстана и анализа социально-политического развития республики в годы его правления все же отмечается недостаточная степень научного интереса, а, следовательно, и изученности его промышленной политики, его личного вклада в индустриальные метаморфозы руководимой им республики.

Среди работ казахстанских исследователей Казахстана «эпохи Кунаева» следует выделить работы по эволюции и преемственности политического руководства Абуевой Н.А. (Абуева, 2007), Ашимбаева Д. и Хлюпина В. (Ашимбаев, Хлюпин, 2008), Касымовой Д.Б. (Касымова, 2022), Черепанова К.В. (Черепанов, 2023). Но и эти работы не несут в себе важной, научно осмысленной информации по вопросу индустриального развития Казахстана в 1964-1986 гг. По сей день самым комплексным исследованием, посвященным результатам деятельности Д.А. Кунаева следует считать монографию Б. А. Тулепбаева и К. У. Тулепбаевой «Д. А. Кунаев – выдающийся государственный и политический деятель» (Тулепбаев, Тулепбаева, 2006). Работа, конечно, опирается на серьезный круг источников и воспоминания самого Д.А. Кунаева и его соратников, но информация о промышленном развитии Казахстана и роли в этом самого казахстанского руководителя требует существенных добавлений, с учетом возможностей широко использовать архивный материал. Монографии Сактагановой З.Г. (Сактаганова, 2017) и Абылхожина Ж.Б. (Абылхожин, 1997; 2019) помимо серьезного статистически-экономического материала содержат глубокие выводы и оценки как характера и результатов экономического и политического развития советского Казахстана, так и роли и значения деятельности Д.А. Кунаева на посту руководителя крупнейшей союзной, советской республики. Но в первом случае, исследование автора завершается 1970-м г, то есть почти в самом начале интересующего нас исторического отрезка времени, а во втором нами отмечается излишне критический, на наш взгляд, характер оценок и выводов в отношении предмета нашего исследования.

В российской академической литературе наработан значительный пласт исследований о партийной номенклатуре (Головинова, 2011). Работы общего характера, раскрывающие природу политических процессов в СССР, приведшие к его распаду (Филиппов, 2021), (Чешко, 2000), и особенности региональных управленческих процессов (Кищенко и др., 2021). Однако эти работы имеют лишь косвенное отношение к теме заявленного нами исследования, а российские исследования социально-экономической политики в Казахстане в «кунаевский период» практически отсутствуют. В качестве специфической работы, затрагивающей создание основ военно-промышленного комплекса, сошлюсь на публикацию Тищенко Г.Г., Онопко А.Г., Макунина А.А. и Волкова А.Т. (Тищенко и др., 1995)

Опираясь на работы предшественников, отдавая должное приведенным в них фактам, документальным свидетельствам и сделанным на их основе выводам, мы постараемся показать, как многолетняя созидательно-конструктивная деятельность Д.А. Кунаева способствовала промышленному развитию республики и превращению ее в важнейшую индустриально-ресурсную базу СССР.

Результаты. Первые индустриальные проекты, осуществленные еще в годы довоенных пятилеток, определили ресурсно-сырьевой характер промышленности республики. Это и Балхашский медеплавильный, и Чимкентский свинцовый завод, Зыряновский свинцовый завод, Актюбинский химический, Ачисайский и



Лениногорский полиметаллические комбинаты. Такая структура развивавшейся в Казахстане промышленности лишь в последнюю очередь объяснялась модными ныне концепциями колониального и постколониального дискурса. Главное богатство республики – кладовые ее недр, одновременно делало ее и заложником этого подарка судьбы. Если освоение богатств Рудного Алтая началось еще в имперский период, то разведка и разработка месторождений медных руд, железистых минералов и других редких и ценных ресурсов в центральных, западных и южных регионах республики началось уже с утверждением советской власти. Выдающуюся роль в превращении, прежде всего, центральных районов Казахстана в мощную промышленно-сырьевую базу республики, а по сути, и всего Советского Союза сыграл К.И. Сатпаев.

Материалдар мен әдістер. Қазақстанның батыс өңіріндегі, 1869 жылғы Орал мен Торғай облыстарындағы және тағы басқа жерлердегі көтерілістер аз уақытқа созылғанына қарамастан деректерінің біршама көптігімен көзге түседі. Олардың басым бөлігі – Орынбор архивінде, сонымен бірге ресейлік орталық архивтер мен еліміздің бас архивінде шоғырланған құжаттар. Мысалы, 1869 жылдың 16 қаңтарында ашылып, 1874 жылдың мамыр айында жабылған «О возникших в Тургайской и Уральской областях беспорядках и о введении в действие Положения, о восстановлении в степи спокойствия» деп аталатын бір ғана істің өзі 642 парақтан тұрады. Сонымен қатар көтеріліске қатысқандарға байланысты тергеу комиссияларының істері, төтенше билер съезі, кейбір рубасыларының жауап-көрсетулері, мәселенің көптеген жақтарын ашып



көрсетуге таптырмайтын құнды деректер. Деректер арасында көтерілісшілердің Ережені қабылдаған ауыл аймақтарға жолдаған хаттары да ұшырасады. Мұндай хаттардан олардың жоспарлары, ұстанымдары айқын көрінеді. Бұл хаттар үкімет орындарының қолына тапсырылған (Орынбор обл. мемл. архиві 6-қ., 10-т., 8273-іс, 2-4-пп.). ҚР Орталық архивінің № 85 – «Закаспий әскери округіне қарасты Маңғышлақ приставы басқармасы» атты қордан 1869–1870 жылдардағы реформаға қарсы көтеріліс пен осы өлкеде орын алған 1916 жылғы көтеріліс туралы мәліметтер алынды. *Зерттеудің методологиялық тәсілдері* ретінде тарихи зерттеулер жүргізуде пайдаланылатын кешенділік, тарихи-салыстырмалық және жүйелеудің негізгі әдіс-тәсілдері қолданылды. Мақала тақырыбына орай қазіргі тарих ғылымындағы шынайылық, деректік негіздеме мен құжаттық сүйемелдеу және қолданыстағы әлемдік трендтер бағыттары мен жаңашыл тәсілдері басшылыққа алынды.

Талқылау. Ресей империясының отарлау саясаты мен оған қарсы болған көтерілістер тарихы мен тарихнамасы ауқымды зерттеулерді қамтыған, дегенімен мақала барысында оның маңызды дегендеріне ғана тоқталуды жөн көрдік. Әрине зерттеушілер арасында түрлі пікірталастар мен алуан түрлі көзқарастар орын алған. Қазақ жерін жаулап алу мен тұрғындарын бағындыру төңірегінде Л. Мейер, М.И. Красовский, М.М. Сперанский, В.А. Перовский, М.И. Венюков, М. Терентьев, А.И. Макшеев, А.А. Кауфман және т.б. отарлаудың орталықтағы және жергілікті жерлердегі ерекшеліктері мен барысы туралы өздерінің көзқарастары мен зерттеулерін қалдырды. Империялық отарлау барысында ең маңызды да шешуші қадамдардың бірі болған 1867-68 жылдардағы реформалар нәтижесінде туындаған қарсыластық қозғалысы тақырыбы да патшалық дәуірдің өзінде талай таластарды туғызды. Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде де бұл көтерілістерге аз да болса белгілі бір бағалар берілді. Әкімшілік басқару реформалары мен қазақ даласындағы оған қарсылықтар жөнінде алғаш рет сол тұстағы орыс бұқаралық ақпарат құралдары жазды. Көтеріліске әкелген реформа баптары талқыланбаса да бұл шағын хабарлар мен мақалаларда жергілікті халықтың жаңа өзгерістерді қабылдауға құлықсыз екендіктері баяндалды. Аталған 1867-68 жылғы ережелерге қарсы көтерілістер туралы, сол кездегі баспасөздерде: 1869 ж. «Современная летопись», «Современные известия», «Биржевые ведомости», «Оренбургские губернские ведомости», «Вестник Европы», «Русский инвалид», «Голос», «Всеобщая газета» және тағы басқаларында жарияланды. Олардың арасында осы Ережені сынға алған мақалалар да болды. Мысалы, «Вестник Европы» (Вестник Европы, 1869. Кн. 5: 380) журналы бұратана көшпелі халықтарда округтік және болыстық басқару жүйелерін енгізу әлі ерте деп есептеді. Дәл осындай пікір, «Отечественные записки» басылымында жарық көрген болатын. Басылымда - 1867 ж. 11 шілдедегі Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы ережені «бұратаналар» арасында осындай қоғамдық өзгерістерді іске асыру асығыстық болар делінді. 1869 жылы «Московские ведомости» газетінің наурыздың соңындағы нөмірінде (№68) жаңа ережелердің өзі жөнінде емес, басым түрде оған қарсылықты көбірек жариялады. Империялық дәуірдегі орыс тарихнамасы ішінде 1868 жылғы Ережеге байланысты Н.А. Середаның өзінің әділ де батыл ойларын білдірген еді. Ол өзінің «Русская мысль» журналында жариялаған көлемді мақалалары топтамасында реформаның әлсіз, қазақтар арасында жүзеге асыруға келмейтін шикі тұстары мен оған қарсы қарулы көтерілісті туғызғанын атап айта отыра, жаңа тәртіптерді енгізудегі билік орындарының жіберген қателіктерін тізбектеп, басқару тәсілдерін ашық сынға алған болатын (Середа, 1891а: 41-44.; Середа, 1891ә: 19). Аталған Ереже жобасын талқылау ісіне Орынбор Шекара комиссиясын басқарған М.В. Ладыженскийдің мен қазақ тұрмысын жақсы білетін шығыстанушы В.В. Григорьевтің қатыстырылмауы Гирс комиссиясының қателіктерінің бірі деп А.И. Добросмыслов атап көрсетті



(Добросмыслов, 1902: 425). Ф. Лобысевич өлкеде облыстар мен уездердің құрылуын, олардың шекараларын сөз етіп, одан кейін басым түрде дала төсіндегі көтеріліс қимылдарын сипаттады, дегенімен, өзінің Орынбор өлкесіндегі қазақ даласы туралы еңбегінде 1868 ж. реформаларды айтқанымен, оның жасалу ерекшеліктеріне тоқталмайды. Ф. Лобысевич тұжырымдарынан қазақ халқының соттық істерінің, басқа да кейбір салттарының «артта қалғандығы», оларды осындай ережелер арқылы өркениетке жетелеуге болатындығы жайлы көзқарастары байқалады (Лобысевич, 1891: 14-27). Кеңестік тарихнамада 1867-1868 жж. патша реформалары мен соның салдарынан болған көтерілістер туралы біршама пікірталастар болды. Б.С. Сүлейменовтың 1946 және 1951 жж. жарық көрген шағын мақалаларында реформалардың даярлануы сол кезеңдегі біршама сипатталды. Кейінгі мақаласында ғалым Ресей экономикасының кең-байтақ аумақтарды шаруашылық жағынан игеруге деген қажеттіліктері, Қазақстанның арзан шикізат көзі мен орыс өнеркәсібі тауарларын өткізетін нарығы ретінде қалыптасуы, консервативтік патриархалдық-феодалдық топтарды әлсірету қажеттілігі және осыған байланысты солтүстік-батыс қазақ жерлерін ресейлік әкімшілік жүйеге жақындастырудың қажеттілігі 1867-1868 жж. әкімшілік реформалардың жүргізілуіне жетеледі деген болатын (Сүлейменов, 1951: 118). Б.С. Сүлейменовтың реформаға қатысты түпкілікті көзқарастары оның 1963 ж. жарық көрген іргелі монографиясында нақтыланған болатын (Сүлейменов, 1963: 39, 47). Б.С. Сүлейменовтың кеңестік дәуірдегі келесі бір ірі зерттеуші В.Я. Басинмен бірге жариялаған еңбегінде осы реформалар мен оның салдары туралы мәселе де қамтылды. Аталған еңбекте 1868 жылғы ереженің жалпы мазмұны қысқаша беріліп, отарлау сипатына қарамастан оның Қазақстанды жалпыресейлік экономикалық жүйеге тартуға ықпал еткені, қазақ даласындағы патриархалдық-феодалдық тәртіптер ыдырай бастап, оның орнына капиталистік қатынастардың еніп, дами бастағаны, мәдениеттің де дамығаны жөнінде біршама даулы тұжырым жасалаған болатын (Сүлейменов, Басин, 1981: 133-136). Ж.Қ. Қасымбаев 1869-1870 жж. қазақтар көтерілісіне арнаған бір мақаласында автор капиталистік Ресейдің ұлттық аумақтардың, соның ішінде қазақ даласының да әлеуметтік-саяси және шаруашылық дамуына әсерін тигізбей тұра алмайтын еді, деп атап көрсеткен (Қасымбаев, 1989: 84). 1867-1868 жж. ережелердің даярлануы мен оның ерекшеліктері Қ.А. Жиреншиннің еңбегінде оның қазақ қоғамына әкелген саяси және экономикалық өзгерістеріне талдау жасалған. Қ.А. Жиреншин реформалардың бұрынғы патриархалдық-феодалдық құрылыстың іргесін сөге отырып қазақ жеріне буржуазиялық қатынастардың енуі мен дамуына әсер еткенін атап өтеді (Жиреншин, 1996: 80-83). Б.С. Әбенаның кандидаттық диссертациясында 1868 ж. реформаның Орынбор өлкесінде енгізілуі мәселесі қарастырылып, автор тарапынан оған қазақ жерлерінің Ресей империясының түпкілікті отарына айналдыру құралы деген баға беріледі (Әбенова, 2000: 24). Реформалардың даярлануы тарихын баяндай келе Б.М. Абдрахманова, көршілес жатқан қыстау орындарынан ауылдар мен болыстар ұйымдастыру қағидаттары қазақтардың дәстүрлі қоғамдық ұйымдарына мүлдем сәйкеспейтін жасанды әкімшілік бірліктерді туғызып, оның үлкен қателіктерінің біріне айналғанын көрсетеді (Абдрахманова, 2010: 84-85). Сонымен қатар, Ж.Қ. Қасымбаев кейінгі жылдары жариялаған еңбектерінің бірінде өзінің жоғарыда берілген пікірлерін нақтылай түскен болатын (Қасымбаев, 2010: 114). А.Т. Қаипбаева мен А.А. Нұрмұхамбетов отарлық кезеңдегі реформалар негізінде құрылған жаңа басқару жүйесі әскери басқыншылық сипатқа ие болғанын атап көрсетеді (Қаипбаева, 2016: 76).

Зерттеу нәтижелері. Алдымен, Қазақстанның Батыс аймағында бұрқ ете түскен көтерілістердің алғы шарттарына тоқталып өтейік.

1868 жылдың күзінде Комиссия бірнеше жылға созылған өз жұмысын аяқтап, 21 қазан күні Орынбор, Сібір қазақтары жерінен және Семей облысынан Орал, Торғай,



Ақмола және Семей облыстарын жасақтау жөнінде император бекіткен жарғы шығарады. Жаңа ереженің жобаларын 1869 ж. 1 қаңтарынан бастап іске асыру көзделеді. Облыстар Орынбор генерал-губернаторлығына қаратылды. Бұл сөзсіз патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлаудағы келесі, аса маңызды қадамдарының бірі болып табылды.

Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский 1869 ж. қаңтарда өлкедегі қазақ қауымдарына хабарлама таратып, онда олардың әртүрлі заң-ережелермен жүргенін қолайсыз деп тапқан император ағзамның оларға арнап ортақ заңдар шығарғанын мәлімдеді. Бұнда олар қараған бұрынғы Орынбор өлкесінің бұдан былай екі облыс пен сегіз уезге, олар өз кезегінде болыстарға бөлінетіні, аға сұлтандардың орнына қазақ жұртына жер пайдалануда не қаржылық істерде ешқандай қатысы болмайтын орыс уезд бастықтары тағайындалатыны жарияланды. Олардың халыққа бейтарап және әділ қарайтындары, болыстар мен басқа да лауазымдар жөнінде айтылды. Түтін салығы, әскерден босатылуы, еркін көшіп-қонатындары жайында хабарлай келіп, қазақ халқының өзіне беріліп отырған мұндай мейірбандықты дұрыс түсінетініне, олардың ұлы мәртебелі патшаға алғыс білдіретініне (ҚР ОМА. 25-қ. 1-т., 1817-іс. 504 п.) үміттенетінін жариялады.

Ел ішінде қобалжу басталды, 1869 ж. қаңтардың шамамен 10-12 аралығында жергілікті билердің бірі Мұңайтпас Бөтенбекұлы өз қыстауында – Ұлы Қобда бойындағы Бескопа жазығында алыс-жақын жерлердегі билер мен белгілі ақсақалдарды шақырып үлкен құрылтай-кеңес ұйымдастырды. Архивтік құжаттарға қарағанда, аталмыш кеңеске Саттық Тайұлы, Тұрым Тортайұлы, Айжарық Бекбауұлы, Ермек Қостанұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы, Садақай Бәсібекұлы, Рысалы Бекенұлы, Меңдәлі Бәйтерекұлы, Қоңырау Тышқанбайұлы сияқты табын руының билері мен белгілі адамдары, олардан бөлек Қадырбек, Қожамберді бөлімдері, Елек-Қобда бойларындағы басқа да Табын мен Тама ауылдарынан көптеген адамдар шақырылған. Деректерге қарағанда, бұл құрылтайға 500-ге жуық адам қатысқан. Екі күнге созылған бұл жиын Уақытша Ережені талқылауға, оны қабылдау не қабылдамау жөнінде шешім шығаруға арналады. Кеңес кезінде пікірлер екіге бөлінеді. Біреулері ережені қабылдауды жөн көрсе, басқа біреулері қабылдамауды ұсынады. Ақырында кеңеске қатысушылар ережені қабылдамауды ұйғарып, бүкіл ел-жұрт болып қыстауларын тастап, даланың оңтүстік түкпірлеріне – Сам-Матай, Үстірт өңірлеріне қоныс аудару туралы шешімге келеді. Алайда қыс ішінде көшу қиындығына байланысты бұл шешімді қоя тұрып, генерал-губернаторға Ереже жөніндегі әңгімелердің анық-қанықтығын сұрап хат жазуды ұйғарады. Орынбор әкімшілігі бұрынғы Орта бөліктің аға сұлтаны Мұхамеджан Баймағамбетұлын Қобда бойына аттандырған соң ел іші біршама тынышталады. Ол Мұңайтпас, Саттық сияқты жергілікті билермен арнайы кездесіп, ереженің мазмұнын түсіндіріп, халыққа басу айтқан болатын.

Бірақ бұл дауыл алдындағы уақытша ғана саябырсу еді, – аға сұлтан келіп кеткеннен кейін көп ұзамай ел іші тағы, бұл жолы бұрынғыдан да бетер бүлінеді. Бұған себепкер Қобда-Елек бойындағы белгілі молда әрі ишан Ықылас Досұлы (Досмағамбетұлы) есімді адам болған (ООМА. 6-қ. 10-т., 8273-іс. 2-п.). Ол Уфаға барып, ондағы бас мүфти Сәлімгерей Тевкелевпен жолығып келген беті болатын; келе салысымен ол Елек пен Қобда арасындағы ауылдарға жаушыларын жіберіп Тамды өзені бойындағы өз ауылына тағы бір кеңеске шақырады. Деректерге қарағанда, осы кеңеске Мұңайтпас би 50 адаммен аттанған және басқа да адамдарды қатысуға шақырған. Осы жиында Ықылас Досұлы өзінің бас мүфтимен кездескенін, оның сөздерінен секем алғанын, Уақытша Ереженің қазақтарды шынымен православие дініне қаратуынан күмәнданатындығын хабарлайды (ООМА. 6-қ. 10-т., 8239-іс. 6-п.). Ықылас ишан бірден ортаға қарулы жігіттерден жасақ шығарып орыс өкіметіне қарсы



тұруға үндеген. Оның сөздері ауыл-аймақтарға тез тарап, ел іші одан бетер дүрбелеңге толады, ереже туралы қауесеттер ауыл-ауылға жаңа қарқынмен қаулай жөнеледі. Әрқайсысы 600-700 адамнан тұратын қарулы жасақтар шығарылып ауылдар арасына жаңа тәртіпке бағынбауға үндеулер таратылады. Осы кезең көтерілістің басталуы болатын. Ықылас Досұлы оның негізгі рухани көсемдерінің біріне айналады, Саттық Тайұлы, Жақсыбай Жылгелдіұлы, Әлімжан Сарымолдаұлы, Жандәулет Жанаманұлы және т.б. Ықыластың үндеулерін халыққа таратушылар болады. Үндеулердің дені бүкіл қандастарын «Алла мен дін үшін» қасиетті соғысқа шақыру болған. Ықыластың ишан екені аталды, Әлімжан мен Жандәулет екеуі де қожа әулетінен өрбіген молдалар болатын. Алғашқы кеңесті ұйымдастырған Мұнайтпас би де қажылыққа бірнеше рет барған діни қайраткер болып табылған. Қобда мен Елек арасындағы қарулы топтар сәл кейіннен ауылауылдарды аралап, халықты өздеріне күшпен қаратуға тырысады. Жаңа тәртіпті қабылдамай, өздерімен қосылуға шақырады. Жаңа үлгіні қабылдап қойған немесе оған іш тартқан ауылдарды шауып, малдарына барымта жасайды, арада біраз қақтығыстар орын алады. Жаңа отаршылдық тәртіпке бағынбау үшін өз жерлерін тастап Үстірт өңіріне кетуді ұйғарған көтерілісшілер ережені алдында қабылдаған қандастарын да өздерімен бірге кетуге үгіттейді. Осындай оқиғалар салдарынан Орал және Елек уезінің болыстарын ұйымдастыруға шыққан комиссиялар үлкен қарсылықтарға кез болады. Орал уезінің бастығы подполковник Черноморсков бастаған комиссия бастапқыда жұмыстарын сәтті бастағанымен алғашқы қиындыққа Ұлы Қобда бойында кезігеді. Осы өзеннің төменгі жақтарында қыстайтын Құлмағамбет Қитарұлы бидің ауылында Уақытша Ереже туралы хат мешіт ішінде көпшіліктің алдында оқылып, одан соң қанжармен кескіленіп тасталады (ООМА. 6-қ. 10-т., 8321-іс. 10-п.). Хатпен таныс болған халық мұндай хаттарды қабылдамайтындарын, үндеуге риза еместерін және келген жаушыларды әрі қарай жібермейтіндіктерін жариялайды. Олар өз ақсақалдарының Қобданың оң жағындағы кеңеске кеткендерін (әңгіме Бесқопадағы кеңес туралы болып отыр) және олардың өздері келмейінше ешқандай комиссияны жібермеуді, қаруланып дайын отыруды тапсырып кеткендерін жеткізген. Мешітте жиналған адамдардың барлығы қарулы, аттары ерттеулі, сақадай-сай даярлықта болған. Бұл оқиға 1869 ж. 11 қаңтар күні орын алған. Комиссия мүшелері басқа хатты апаруға жүргелі оқталғанда, қарулы топ олардың жолын кескен, егер тыңдамаса олардың өлтіріліп, суға тасталатындарын айтып ескерткен. Комиссия құрамындағы жергілікті билердің келесі тобы 12 қаңтар күні Қобданың төменгі жағындағы Қарасу көлінің маңындағы Сапақ Пұсырманұлы мен Жапар ауылдарына келген кезде де дәл осындай жағдайдың үстінен түседі. Оларды 40 шақты қарулы адам қоршап алып, алдыңғы жаушылардың қағаздарының кескіленіп тасталғанын, бұларды да ішкері өткізбейтіндерін, себебі Қобданың арғы жағына кеңеске кеткен ақсақалдары солай тапсырып кеткендігін жеткізген. Кеңесте бір шешім шықпайынша, бұларды да, комиссияны да қабылдамайтындарын жариялаған. Кеңес өтіп жатқан ауылға өтпекші болған жаушыларды қарулы топ күшпен кері қайтарған. Осыдан соң бұлар да кері қайтуға мәжбүр болады (ООМА. 6-қ. 10-т., 8239-іс. 3-4-пп.). Жергілікті халық комиссия құрамындағы өкімет бекіткен молданы да қабылдамаған, оны өздерінің емес, орыстардың адамына санайтындарын айтқан. Комиссия мүшелері ел арасындағы әңгімелерге қарап, ережеге қарсылық көрсетіп жүргендерді сұлтан Қаналы (Ханғали) Арыстанұлы мен оның адамдарының қолдап жүргендерін хабарлаған. Орал уездік комиссиясының келесі бір тобы Қиыл өзенінің бойындағы Кете руының ауылдарында да үлкен қарсылықтарға тап болады. Жергілікті жұрт ешқандай комиссияны да, ережені де қабылдамайтындықтарын айтып, келген өкілдерді өліммен де қорқытады. Мұнда да топ мүшелерін 40-қа тарта қарулы адамдар қарсы алып, басқа ауылдарға жібермей аттандырып жібереді. (Середа, 1891а: 41-44.) Черноморсков



Орал облысының әскери губернаторына 18 қаңтарда жазған рапортында Орал және Торғай облыстарының 5 мың түтіннен тұратын Кете және Жылқышы Табын руларының ескі тәртіпті қару күшімен қорғауға даяр екендерін мәлімдеген. Аталған түтін санының 1,5 мыңы Орал облысына қарайтыны көрсетілген (ООМА. 6-қ. 10-т., 8239-іс. 16-п.). Бұл көтеріліс басындағы бірер ру көлеміндегі мәлімет болатын. Өз кезегінде Орал әскери губернаторы, генерал-майор Н.А. Веревкин Қарасу көлінің маңындағы ауылдарға өзінің қатал үндеуін жариялайды. Онда олардың «әзірге кеш болмай тұрғанда естерін жиюларын», өзінің әскер жіберуін күтпеуді, әскер жіберілсе «қалтырай берулерін», себебі еш аяушылық болмайтынын айтып ескертеді. Елек уезінің бастығы Плотников бастаған ұйымдастыру комиссиясы да сәтсіздікке ұшырайды. Мұның құрамында ағайынды Арынғазыұлы сұлтандар да болған. Алғашқы болыстарды жасақтаған соң, Табынтал (Табантал) өзенінің бойында жергілікті Табын және Тама руларының ақсақалдары комиссияға сенбейтіндерін, ереже туралы Орынбор генерал-губернаторынан ғана естігілері келетіндерін жеткізеді. Олар енді жаңа тәртіпті қабылдауға ниеттерінің жоқтығын мәлімдейді. Бесқопа кеңесінен соң губернаторға жазылған хатты жолда Плотниковтың адамдары алып қойған еді. Уезд бастығы бұдан былай өзінің басты әкім екенін, сол себепті қазақтардың өзін айналып өтіп, губернаторға тікелей шықпауға тиіс екендерін жеткізген болатын. Осыған наразы болған халық комиссияны қоршап алады, 100-ден астам қарулы адамдар да жиналып қалады. Қарулы жігіттерден сескенген ұйымдастырушылар түнді пайдаланып Орынборға қайта оралады (ООМА. 6-қ. 10-т., 8320-іс. 20-п.). Іс жүзінде қарулы адамдар көрсетілген мөлшерден әлдеқайда көп болған және олар комиссияға ашық қарсылық танытқан. Бұл жердегі қарсылықты негізгі ұйымдастырушы жасы 80-нен асқан Саттық Тайұлы болған. Ол 1822–1826 жж. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс сардарларының бірі болған болатын. Орынборға келген соң Плотников Торғай облысының әскери губернаторы Баллюзекке даладағы толқулардың себептері сұлтан Қаналы Арыстанұлының, Айжарық, Жақсыбай т.б. адамдардың елді азғыруынан деген мәлімдеме жасайды. Ережеге дейін аға сұлтан көмекшісі болған Байәділ Кейкіұлы сәтсіздіктердің басты себебі көтерілісшілерде емес, өзінің жеке қарсыластары Арынғазыұлы сұлтандардың кінәсінен деп губернаторды сендіріп, одан комиссияны өзі бастап шығуға рұқсат алады (Мощенский, 1913: 2). Бұл адам осы арқылы қызмет-мансап алуды да көздеген. Алайда бұл сапар да сәтсіз аяқталып, Плотников та, Кейкіұлы да арттарынан қуған қазақ жасақтарынан қашып Орынборға оралады. Орал облысы Калмыков уезінің ұйымдастыру комиссиясына да жергілікті Беріш, Ысық рулары қарсылық көрсетіп, жаңа тәртіпті қабылдаудан бас тартады. Комиссия басшысы әскери старшина Голованов 25 казак шақыртуға мәжбүр болады. Гурьев уезінің болыстарын жасақтауға шыққан капитан Тверитинов бастаған комиссия жұмысы да сәтсіздікке душар болады. Жем өзенінің төменгі жағында үш ауыл ұйымдастырған топ Жем және Сағыз өңірлеріндегі Ысық, Шеркеш, Адай ауылдарының билеріне Ереже туралы түсіндіргенімен, көп ұзамай 400 адамдық қарулы жасақтың шабуылына ұшырайды. Жергілікті халық жаңа ережені, орыс басшыларын қабылдағылары келмейтіндерін, бұрынғы аға сұлтан биліктерін қалдыруды талап еткен. Алғашқы соққыны мылтықтардан оқ атып тойтарған комиссия келесі шабуылды күтпей, 23 қаңтар күні түн ішінде Гурьевке оралуға мәжбүр болады. Орал әскери губернаторы Веревкин қарсылық көрсеткен Адай руына Жем бойындағы жаз жайлауларына тек Ережені қабылдаған ауылдар ғана жіберілетінін хабарлауды көздеген (ООМА. 6-қ. 10-т., 8239-іс. 21, 24-31-пп.). Осылайша, толқулар жалыны бір уақытта көршілес өңірлерді де шарпып, көтеріліс кең қанат жая бастайды. Ықылас Досұлы мен оның серіктері алыс-жақын маңдағы бүкіл қазақ ауылдарына үндеулер таратып ережеге қарсы күреске шақырады. Деректерге қарағанда, көтеріліс қарсаңында 1869 ж. басында



Мұнайтпас би Үстірт, Хиуа өңірлерінде қыстайтын Шөмішті Табын руына, ал би Тұрым Тортайұлы Шекті руына жаушылар арқылы хат жіберіп, Жаңа Ереже туралы хабарлаған, көтеріліске шақырған. Хаттардың бәрі қасиетті діндері мен Алла жолында соғысуға шақыру мазмұнында болған. 1869 ж. қаңтар айының басында шөмішті табын және шекті-шабақ руларының белгілі билері мен батырлары Жәнібек Барақұлы, Алдаш Байғанаұлы, Әзберген Мұнайтпасұлы және Есет Көтібарұлының ұлы Назар бастаған делегация Хиуа ханына келіп, қазақтардың Уақытша Ережені қабылдаудан бас тартып, орыс өкіметіне қарсы шыққандарын айтып көмекке әскер сұраған болатын. Ережеге қарсы хабарларды Ішкі Орданың ықпалды сұлтандарының бірі, кейіннен белгілі ақын, ағартушы болған Шәңгерей Бөкеев те таратқан. Ол елге ереженің патша әлі бекітпеген уақытша екенін, қазақтар үшін пайдалы бола ма соны білу үшін тәжірибе түрінде енгізіліп отырғанын хабарлаған. Ережелердің қазақтар үшін пайдалы болуы екіталай екенін де айтқан, башқұрттар тәрізді өз жерлерін сатып, кедейшілікке ұшырап, соңынан христиан дінін қабылдауға мәжбүр болулары мүмкін екенін ескерткен. Шәңгерей сұлтан өкіметтің де осыны көздеп отырғанын, өзінің Уфада болуы кезінде башқұрттардың орыс дініне көптеп өтіп жатқандықтарын өз көзімен көргенін жариялаған. Сұлтан Орынборда қазақтардың дініне қатысты өзіне мәлім болған өкіметтің басқа да шараларын жеткізумен қатар, Бөкей ордасы жұртын Елек уезінде болған жағдайлардан, ондағы елдің көтерілгенін, уезд бастығының да, Кейкіұлының да сәтсіздіктері жөнінде хабардар еткен. 1869 ж. көтерілістің негізгі жетекшілерінің бірі Қаналы Арыстанұлы (тарихи әдебиеттерде Ханғали) болды. Ол Әбілқайыр ханның 4-ші ұрпағы болатын. Қаналы 1855–1857 жж. аралығында Орта бөлікке қарасты 57-дистанцияны басқарған, 1857-1860 жж. аталған бөлік аға сұлтанының көмекшісі қызметін атқарған. Сотник шенінде болған, 1859 ж. бір топ қазақ депутациясымен бірге Петербургке император сарайына барған, сол үшін есаул шеніне өткен. Сол жылы 27 жаста болған сұлтанды Есет Көтібарұлы т.б. белгілі ордалықтармен бірге император сарайына жіберуге арнайы іріктеген Орынбор генералгубернаторы А. Катенин Қаналыға мінездемесінде: «...Молодой человек, обещающий быть со временем весьма полезным орудием Правительства», - деп көрсеткен болатын (РМТА. 1291-қ. 82-1859-т., 21-іс, 19-п.). Сәл кейіннен 3-ші дәрежелі әулие Станислав орденімен, Станислав ленталы күміс медальмен марапатталған. Алғашында өкімет комиссиясының құрамына еніп болыстар жасақтауға қатысқан Қаналы сұлтанның көтерілісшілер жағына шығу хикаясы қызықты әрі қарама-қайшылыққа толы. Бір деректер бойынша 1868 ж. аяғында болыстардың құрылатындығы туралы естіген ол Орал уезіне қарасты Черноморсков тобына өз көмегін ұсынған. Оның рұқсатын алған сұлтан болыстық сайлау кезінде өзінің туған бауырын болыс етуге тырысқан сыңайлы (Сербаринов, 1869: 55 п.). Осы жерде таластар орын алып қалады. Бұған қоса, ел билеп келген бұрынғы төре-сұлтандар тобы мен патша өкіметіне қызмет қыла бастаған жергілікті ру өкілдерінің арасындағы тартыс та қылаң береді. Бұрынғы Батыс бөлік аға сұлтанының көмекшісі болған, ережеден соң Орал уезі бастығының кіші көмекшілігіне бекітілген Шолақ Айбасұлы уезд бастығы Черноморсковқа Қаналыны ел арасында іріткі салушы етіп көрсеткенге ұқсайды. Кейбір алдыңғы архивтік деректерде бұл екі адамның араздықта болғаны туралы кездеседі. Сұлтанның сайлау кезіндегі қылықтарынан секем алған уезд бастығы оған сенімсіздікпен қарайды. Дегенмен ашық тұтқындауға бата алмаған Черноморсков Қаналыға жабық конверт беріп, оны Оралға, әскери губернатор Веревкинге жеткізуді талап етеді. Подполковниктің әрекетінен сезіктенген сұлтан былай шыға конвертті ашып хатты оқығанда оның губернатордан өзін барған бойда жедел тұтқынға алып, халықты көтерілуге үгіттегені үшін дереу сотқа беруді сұраған екен. Сюжеті ертегілердегі оқиғаларға ұқсаса да шын мәнінде осылай болған, бұл оқиға деректермен



қатар сұлтанның ұрпақтары арасында да сақталған. Осыны көрген оның жақтастары Қаналыға дереу қобдалық табындардың ханы атағын алып, көтеріліс көсемі болуды ұсынады. Бұрын орыстың есаул шенінде, аға сұлтан көмекшісі болған Қаналы Арыстанұлы Уақытша Ереже бойынша да патша өкіметіне қызмет көрсетіп, бір қызметке ие болудан үмітті еді. Жоғарыдағы оқиғадан соң ол біржолата көтерілісшілер жағына шығып, оның негізгі жетекшілерінің біріне айналады. Шамамен қаңтардың ортасында Торғай облысының аумағына өтеді. Оның Хиуаға кеткенге дейінгі іс-әрекеттері түгел дерлік осы облыс аумағында өтті. Қаналы сұлтан көтерілістің бір көсемі Саттық Тайұлының күйеу баласы болып келсе, күрестің келесі бір жетекшісі Айжарық Бекбауұлымен де құдандалық туыстықта болған. Аталған сұлтандар «уақыт өте құтылуды» Орал губернаторына көршілес Торғай губернаторы Ф. Баллюзек те ұсынған болатын. Жоғарыдағы оқиғадан сұлтандар мен қарадан шыққан қызметкерлер арасындағы бақталастық айқын көрінеді. Арынғазы сұлтан ұрпақтарымен Байәділ Кейкіұлы тайталасса, Шолақ Айбасұлы мен оның күйеу баласы Омар Қазыұлы (Сырым Датұлының немересі) да төре табын биліктен шеттетуге тырысқан. Бұлардың барлығы орыс оқу орындарында оқыған, жоғарғы қызметтерге қол жеткізген адамдар болатын. Басқарудың жаңа тәртібі олардың жолын ашып бергендей еді. Төре затымен әсіресе бұрынғы Батыс бөлік аға сұлтанының көмекшісі қызметінде болған Айбасұлы қатты өштесті. Оның төрелермен күресі көтеріліске дейін әлдеқашан ерте басталды. Ол Қаналы сұлтанмен бір дау бойынша араздықта болса, Орынбор Шекара комиссиясының бұрынғы төрағасы В.В. Григорьевке 1866 ж. жолдаған бір хатында аға сұлтан М. Тәукеұлы бастаған сұлтандарды қатты сөккен болатын. Мұнда ол Орынбор басшылығына «даладағы бүкіл зұлымдықтың түп-төркіні – сұлтандар» екенін түсінетін уақыт келгенін жазды (РМТА. 853-қ. 1-т., 178-іс, 60-п.). Мұндай пікірлер шамадан артық болса да оның сұлтандар тобына ымырасыздығын анық көрсетті. Айбасұлының айыптаулары, билік орындарының басқа да тергеулері бүкіл далада атақты болған Тәукеұлының өте ұзақ жылдарға шетке жер аударылуына әкелген еді. Бақталастық күресте де Жаңа Ереже сыйлаған мүмкіндіктерді толық пайдаланып жоғарыда аталған үшеуі де жоғарғы қызметтерге қол жеткізді. Айбасұлы Орал облысы әскери губернаторы жанындағы айрықша тапсырмалар жөніндегі шенеунік қызметіне өтті, Орал уезі бастығының көмекшісі болды. Сонымен бірге, ережеге дейін сұлтандар табының өз арасында, тіпті Айшуақ ұрпақтарының өз ішінде де ішкі талас-тартыстар, бақталастық күрестер болғанын атап өту қажет. Мысалы, бүкіл Орынбор өлкесіне атақты сұлтан, Орта бөлікті басқарған Мұхамеджан Баймағамбетұлының өзі туыстарымен Батыс бөлік аға сұлтаны Тәукеұлына қарсы әрекеттер жүргізді. Бұдан бөлек өз көмекшісі болған аталған Қаналыны да а қызметінен кетуге мәжбүр етіп, кейін тіптен жерлерін даулап, қамауға алуды да сұраған кездері де орын алды. Шағын тартыстар қатардағы сұлтандар арасында да көрініс берді. Ел ішіндегі дәстүрлі бұрынғы билер, рубасылары өз ру бөлімдерін жеке-дара басқарып келсе де, ресми биліктен төре затының шеттетілуіне сезікпен қарады. Төрелер қауымы болса жаңа тәртіпке наразылықта болды, оның салмақты себептері де бар еді. Ереже оларды бұрынғы дәреже-биліктерінен, ықпалдарынан айырды, мұның нәтижесі іс жүзінде де бірден көрінді – Орал және Торғай облыстарында өткен алғашқы болыстық сайлауларда бірде-бір төре заты қызметтерге өтпеген болатын. М. Арынғазыұлы мен Қ. Арыстанұлы сұлтандардың, олардың туыстарының болыстық қызметтерге өте алмауы оларды ел арасына ереже жөнінде теріс пікірлер таратуға, қарсылыққа үндеуге негіз бола алды.

1869 ж. қаңтар айының аяғында көтеріліс қазақтың бүкіл батыс далаларын шарпыды. Күрес қимылдары Орал облысының құрылуы тиіс төрт уезі – Орал, Гурьев, Калмыков, Ембі уездерін түгел қамтыды. Ең алғашқы қарсылықтарға Орал, Калмыков



уездерінің комиссиялары ұшыраған болатын. Толқуларға алаша, байбақты, беріш, ысық, адай, шеркеш, таз, кете т.б. рулар қызу араласты. Сұлтансыық (Байұлы) одағы – Беркін Оспанұлын (Сырым Датұлының немересі, байбақты руынан), осы одаққа ішіндегі алаша руы – Сейіл Түркебайұлын, шеркеш руы – Құсбай Айбасұлын, ысық руы – Жабы Намазұлын өздеріне әмір етіп сайлады. Әлім одағына қарайтын кете руы – Мәмбетәлі Аймағамбетұлын (көтерілген шекті бөлімдерінің әмірі болып та есептелген) сайлады. Орыс деректерінде олар көтеріліс хандары ретінде көрсетіле береді, қазақтардан сол заманда алынған ақпарларда олар көп жағдайда әмір түрінде аталады. Кейбір деректерге қарағанда, көтерілген халық аталған әмірлерді Уақытша Ережеде айтылған қазақтарға өз биліктерін өз ұйғарымдары бойынша сайлауға құқық беретін баптарды негізге алған.

Қорытынды. Көтеріліс еркіндік пен дінмен қатар қазақ даласындағы дәстүрлі билікті де сақтап қалуға бағытталды. Алдыңғы тарихи кезеңдерде Ресей өкіметі қазақ даласындағы хандық билікті әлсіретіп, олардың билігін шектеп келсе, бұл Ереже бойынша жоғарғы басқару тұтастай әскери губернаторлардың қолдарына берілді. Реформа бойынша қазақ ауылдарындағы қоғамдық қызметтерді иелену сайлаулар арқылы жүзеге асырылды. Бұл демократиялық оң қадам болғанымен, ғасырлар бойы дәстүрлі хандар мен билер басқаруында болған көшпелі қоғам бұған даяр емес еді. Жергілікті жерлерде болыстыққа сайлану үшін үлкен талас-тартыстар орын алды, сайлаушыларды сатып алу, пара беру әдістері кеңінен қолданылды. Осылайша аты шулы болыстық таластар, партияларға (ру бөлімдеріне) бөліну кезеңі дүниеге келді. Облыс және уезд басшылығы мұндай жағдайларды билік мүддесі үшін пайдаланды. Көтерілісті басуға үлкен әскер жұмылдырылды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, патша өкіметінің реформасына едәуір үлкен тосқауыл болды. Реформа Батыс Қазақстанның үлкен өңірінде қарсылықтар салдарынан кеш енгізілді. Болыстардың жасақталуы ұзақ айларға тежелді. Бұл іс жүзінде әкімшілік отарлауға қарсы бағытталған ұлтзаттық көтеріліс болып табылатын. Ұзаққа созылған қарсылыққа қарамастан Уақытша Ереже енгізілді және қазақ даласын отарлаудың жаңа кезеңін дүниеге әкелді.

Дереккөздер

ҚР ОМА – ҚР Орталық Мемлекеттік архиві
 ОрОБМА – Орынбор облыстық біріккен мемлекеттік архиві
 ООМА – Омбы облыстық мемлекеттік архиві
 РМКАА – Ресей Мемлекеттік көне актілер архиві
 РМӨТА – Ресей Мемлекеттік әскери-тарихи архиві
 РМТА – Ресей Мемлекеттік тарихи архиві

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
 USAOR – United State Archive of the Orenburg Region
 ORSA – Omsk regional state archive
 RSAAA – Russian State Archive of Ancient Acts
 RSMHA – Russian State Military Historical Archive
 RSHA - Russian State Historical Archive

Әдебиеттер тізімі

Абдрахманова, 2010 – *Абдрахманова Б.М.* История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Караганды: «Гласир», 2010. 380 с.

Әбеннова, 2000 – *Әбеннова Б.С.* 1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары. Тарих ғыл. кандидаты диссертациясының авторефераты. Алматы, 2000. 32 б.

Вестник Европы, 1869 – *Вестник Европы.* Внутреннее обозрение. 1869. Кн. 5.

Дела в киргизских степях, 1869 – *Дела в киргизских степях // Московские ведомости.* 1869. № 68.

Добросмыслов, 1902 – *Добросмыслов А.И.* Тургайская область. Исторический очерк. Тверь: Типо лит. Н.М. Родионова, 1902. 524 с.



- Жиренчин, 1996 – *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. Алматы: «Жеті жарғы», 1996. 352 с.
- Касымбаев, 1989 – *Касымбаев Ж.К.* О некоторых вопросах истории национально-освободительного движения в Казахстане второй половины XIX в. // История и историография национально освободительных движений второй половины XIX – начала XX в. в Средней Азии и Казахстане. Ташкент: Изд-во «Фан», 1989. 136 с.
- Касымбаев, 2010 – *Касымбаев Ж.К.* Теоретические, историографические и источниковедческие аспекты антиколониальных восстаний в Казахстане. Книга третья. Алматы, 2010. 204 с.
- Қайпбаева, 2016 – *Қайпбаева А.Т., Нурмухамбетов А.А.* 1867-1868 жж. әкімшілік реформалар: мәні мен барысы // *Отан тарихы*. 2016. № 4 (76).
- Лобысевич, 1891 – *Лобысевич Ф.* Киргизская степь Оренбургского ведомства (очерк). Москва: Типо-литогр. Высочайше утвержд. Т-ва И.Н. Кушнеревъ и К^о, 1891. 41 с.
- Материалы по истории, 1960 – *Материалы по истории* политического строя Казахстана. Том 1. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1960. 442 с.
- Мошешский, 1913 – *Мошешский В.* Краткий исторический обзор Актюбинского уезда и окрестных степей в далеком прошлом // «Актюбинский городской вестник», 1913. № 3. 2 с.
- Середа, 1891а – *Середа Н.А.* Из истории волнений в Оренбургском крае // «Русская мысль». М., 1891. Кн. VII.
- Середа, 1891б – *Середа Н.А.* Из истории волнений в Оренбургском крае // «Русская мысль». М., 1891. Кн. VIII.
- Сербаринов, 1869 – *Сербаринов Г.* Киргизские волнения в 1869 г. Қолжазба (жылы көрсетілмеген). ҚР Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қоры, 1869. 55-п.
- Сулейменов, 1951 – *Сулейменов Б.С.* Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867-1868 годов // Вестник АН КазССР. 1951. № 2.
- Сулейменов, 1963 – *Сулейменов Б.С.* Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. (1867-1907). А.-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. 411 с.
- Сулейменов, Басин, 1981 – *Сулейменов Б.С., Басин В.Я.* Казахстан в составе России. Алма-Ата: Наука, 1981. 247 с.

References

- Abdrahmanova, 2010 – *Abdrahmanova B.M.* Istoriya Kazahstana: vlast', sistema upravleniya, territorial'noe ustroystvo v XIX veke [History of Kazakhstan: power, management system, territorial structure in the nineteenth century]. Karagandy: Glasir, 2010. 380 p. (In Rus.).
- Abenova, 2000 – *Abenova B.S.* 1868 zhylyg akimshilik-baskaru reformasynyn Orynbor olkesine engizilui zhane onyn zardaptary. Tarih gyl. kandidaty dissertaciyasynyn avtoreferaty [Introduction of the administrative and managerial reform of 1868 in the Orenburg Region and its consequences. Abstract of the dissertation of the Candidate of Historical Sciences.]. Almaty, 2000. 32 p. (In Kaz.).
- Dela v kirgizskih stepyah, 1869 – *Dela v kirgizskih stepyah* [Affairs in the Kyrgyz steppes] // *Moskovskie vedomosti*, 1869. № 68. (In Rus.).
- Dobrosmyslov, 1902 – *Dobrosmyslov A.I.* Turgaiskaya oblast'. Istoricheskii ocherk [Turgai region. Historical outline]. Tver': Tipo-lit. N.M. Rodionova, 1902. 524 p. (In Rus.).
- Қайпбаева, 2016 – *Қайпбаева А.Т., Нурмухамбетов А.А.* 1867-1868 әкімшілік реформалар: мәні мен барысы [1867-1868 administrative reforms: essence and course] // *Отан тарихы*. 2016. No. 4 (76). (In Kaz.).
- Kasymbaev, 1989 – *Kasymbaev Zh.K.* O nekotoryh voprosah istorii nacional'no-osvoboditel'nogo dvizheniya v Kazahstane vtoroi poloviny XIX v. // Istoriya i istoriografiya nacional'no-osvoboditel'nyh dvizhenii vtoroi poloviny XIX – nachala XX v. v Srednei Azii i Kazahstane [On some issues of the history of the national liberation movement in Kazakhstan of the second half of the XIX century. // History and historiography of the national liberation movements of the second half of the XIX – early XX century in Central Asia and Kazakhstan]. Tashkent: Fan, 1989. 136 p. (In Rus.).
- Kasymbaev, 2010 – *Kasymbaev Zh.K.* Teoreticheskie, istoriograficheskie i istochnikovedcheskie aspekty antikolonial'nyh vosstanii v Kazahstane [Theoretical, historiographical and source studies aspects of anti-colonial uprisings in Kazakhstan]. 3rd book. Almaty, 2010. 204 p. (In Rus.).
- Lobysevich, 1891 – *Lobysevich F.* Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva (ocherk) [The Kirghiz steppe of the Orenburg Department (essay)]. Moskva: Tipo-litogr. Vysochajshe utverzhd. T-va I.N. Kushnerev i K, 1891. 41 p. (In Rus.).
- Materialy po istorii, 1960 – *Materialy po istorii* politicheskogo stroya Kazahstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan]. Tom 1. A.-Ата: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1960. 442 p. (In Rus.).
- Moshenskii, 1913 – *Moshenskii V.* Aktobe uezi men onyn ainalasyndagy dalalarga kyskasha tarihy sholu [A brief historical overview of Aktobe county and the surrounding steppes in the distant past] // *Aktobe kalalyk habarshysy*, 1913. № 3. 2 p. (In Rus.).
- Serbarinov, 1869 – *Serbarinov G.* Kirgizskie volneniya v 1869 g. [Kyrgyz unrest in 1869] Kolzhazba (zhyly korsetilmegen). – KR Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қоры. 55 p. (In Rus.).



Sereda, 1891a – *Sereda N.A.* Iz istorii volnenii v Orenburgskom krae [From the history of unrest in the Orenburg region] // Russkaya mysl'. M., 1891. Book VII. (In Rus.).

Sereda, 1891б – *Sereda N.A.* Iz istorii volnenii v Orenburgskom krae [From the history of unrest in the Orenburg region] // Russkaya mysl'. M., 1891. Book VIII. (In Rus.).

Suleimenov, 1951 – *Suleimenov B.S.* Ob administrativnom ustroistve kazahskoi stepi po reforme 1867-1868 godov [About the administrative structure of the Kazakh steppe on the reform of 1867-1868] // Vestnik AN KazSSR. 1951. Nr. 2. (In Rus.).

Suleimenov, 1963 – *Suleimenov B.S.* Agrarnyi vopros v Kazahstane poslednei treti XIX – nachala XX v. (1867-1907) [The agrarian question in Kazakhstan in the last third of the XIX – early XX century (1867-1907)]. A.-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1963. 411 p. (In Rus.).

Suleimenov, Basin, 1981 – *Suleimenov B.S., Basin V.Ya.* Kazahstan v sostave Rossii [Kazakhstan is part of Russia]. A.-Ata: Nauka, 1981. 247 p. (In Rus.).

Vestnik Evropy, 1869 – *Vestnik Evropy.* Vnutrennee obozrenie [Bulletin of Europe. Internal review] 1869. Book 5. (In Rus.).

Zhirenchin, 1996 – *Zhirenchin K.A.* Politicheskoe razvitie Kazahstana v XIX – nachale XX vekov [Political development of Kazakhstan in the XIX – early XX centuries.]. Almaty: Zheti zhargy, 1996. 352 p. (In Rus.).



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 3, pp. 801-813, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_3_801-813

ЗАПАДНЫЙ КАЗАХСТАН В XIX ВЕКЕ: ТОРГОВЛЯ КАК ИНСТРУМЕНТ РЕГИОНАЛЬНОЙ КОЛОНИЗАЦИИ

Галия Айтжановна Шотанова¹ Ернар Муратович Ужкенов²

¹Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, г. Алматы, Республика Казахстан)
<https://orcid.org/0000-0002-3641-5668>. E-mail: galia8.09@mail.ru

²Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова
(д. 29, ул. Курмангазы, 050010, г. Алматы, Республика Казахстан)
<https://orcid.org/0000-0003-2577-1373>. E-mail: e81g@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2024
© Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., 2024

Аннотация. *Введение.* Ко второй половине XIX века Казахстан перешел в статус *внутренней колонии* Российской империи. С этого момента наблюдаются активное проникновение интересов северного соседа в пределы Казахской степи. Первыми кто столкнулся с интересами имперской политики были казахи приграничных территории, в том числе и население Западного Казахстана. В этот период, в лексикон царской администрации по отношению к Казахстану и среднеазиатским государствам внедряются термины «окраина», «Азиатская Россия». В свете сказанного, кардинальные изменения коснулись всех сфер жизнедеятельности казахов, в том числе и хозяйственно-экономическая деятельность. Развитие приграничной и ярмарочной торговли с Казахской степью привлекало пристальное внимание империи. Несмотря на политические сдвиги, повседневность казахов по-прежнему зависела от состояния *микро- и макроэкономики, то есть состояние скота и зависимости от ресурсов, которых казахи сами не производили.* В целом, вопрос развития торговых отношений казахов с соседними государствами являлся способом культурного взаимодействия. *Цель* исследования заключается в установлении сути, формы и уровня взаимоотношений казахов с Российской империей в системе торговых отношений. *Задачи:* определить роль торговли в изменении быта населения Западного Казахстана с колониальной администрацией; выявить причины кризиса в кочевом обществе и его последствия, а также определить масштаб российского влияния на развитие торговли в Степи; определить важность приграничной, ярмарочной и случайной торговли для казахов Западного Казахстана. *Результаты.* Экономическая база Казахской Степи во многом зависела от ведения скотоводства, что открывало широкие возможности для сбыта животноводческой продукции путем обмена на необходимые товары. Формат



торговли во многом варьировался от сезонов и стабильности в Казахской степи. Между тем колониальные власти иногда использовали разбойные нападения на торговые караваны как возможность для организации карательных отрядов. *Заключение.* Неэквивалентный обмен и продажа товаров местному населению в долг привели к нарастающим темпам обнищания народа, что в результате обострило социальное противоречие в Казахской Степи.

Ключевые слова: Казахская Степь, Западный Казахстан, торговля, товарообмен, товары, ярмарка, казахско-русские взаимоотношения.

Для цитирования: Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М. Западный Казахстан в XIX веке: торговля как инструмент региональной колонизации // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 801-813. (на рус.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_801-813

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Специфика казахско-русских взаимоотношений на Казахстанском Урале: взаимосвязь идеологии и практики в историческом аспекте» (регистрационный номер: AP 23487682).

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН: САУДА АЙМАҚТЫҚ ОТАРЛАУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Ғалия Айтжанқызы Шотанова¹ Ернар Мұратұлы Ужкенов²

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (28 үй, Шевченко көш., 050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы) <https://orcid.org/0000-0002-3641-5668>. E-mail: galia8.09@mail.ru

²Тарих ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері (29 үй, Құрманғазы көш., 050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы) <https://orcid.org/0000-0003-2577-1373>. E-mail: e81g@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2024

© Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Ресей империясының ішкі отарына айналды. Осы сәттен бастап солтүстіктегі көршінің мүдделерінің қазақ даласына белсенді енуі байқалды. Империялық саясаттың мүдделерімен бірінші болып шекаралас өлкелердің қазақтары, оның ішінде Батыс Қазақстан халқы кездесті. Бұл кезеңде патша әкімшілігінің Қазақстанға және Орта Азия мемлекеттеріне қатысты сөздік қорына «шеттер», «Азиялық Ресей» терминдері енгізілді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, түбегейлі өзгерістер қазақтардың өмірінің барлық салаларына, соның ішінде шаруашылық қызметіне әсер етті. Қазақ даласымен шекаралық және жәрмеңке саудасының дамуы империяның назарын аударды. Саяси өзгерістерге қарамастан, қазақтардың күнделікті өмірі бұрынғысынша микро және макроэкономиканың жай-күйіне, яғни мал шаруашылығының жай-күйіне және қазақтардың өздері өндірімеген ресурстарға тәуелділігіне байланысты болды. Жалпы, қазақтар мен көрші мемлекеттер арасындағы сауда-саттық қарым-қатынасын дамыту мәселесі мәдени байланыстың бір жолы болды. *Зерттеудің мақсаты* қазақтар мен Ресей империясының сауда қатынастары жүйесіндегі қарым-қатынастарының мәнін,



нысанын және деңгейін анықтау. *Міндеттер:* отаршылдық әкімшілікпен Батыс Қазақстан халқының өмірін өзгертудегі сауданың рөлін анықтау; көшпелі қоғамдағы дағдарыстың себептері мен оның зардаптарын айқындау, сонымен қатар Даладағы сауданың дамуына Ресей ықпалының ауқымын анықтау; Батыс Қазақстан қазақтары үшін шекаралық, әділ және кездейсоқ сауданың маңызын анықтау. *Нәтижелер.* Қазақ даласының экономикалық негізі көбінесе мал шаруашылығына тәуелді болды, бұл мал шаруашылығы өнімдерін қажетті тауарларға айырбастау арқылы өткізуге кең мүмкіндіктер ашты. Сауда форматы жыл мезгілдеріне және қазақ даласындағы тұрақтылыққа байланысты әр түрлі болды. Бұл арада отаршыл билік кейде сауда керуендеріне қарақшылық шабуылдарды жазалау отрядтарын ұйымдастыру мүмкіндігі ретінде пайдаланды. *Қорытынды.* Жергілікті халыққа тауарды несиеге тең емес айырбастау және сату халықтың кедейлену қарқынының күшеюіне ықпал етті, соның салдарынан Қазақ даласында әлеуметтік қайшылықтар шиеленісе түсті.

Түйін сөздер: Қазақ даласы, Батыс Қазақстан, сауда, тауар айырбасы, тауарлар, жәрмеңке, қазақ-орыс қатынастары.

Дәйексөз үшін: Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М. XIX Ғасырдағы Батыс Қазақстан: сауда аймақтық отарлаудың құралы ретінде // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. Б. 801-813. (Орыс.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_801-813

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандық Оралдағы қазақ-орыс қатынастарының спецификасы: идеология мен практиканың өзара байланысы тарихи аспектіде» гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды (тіркеу нөмірі: AP 23487682).

WESTERN KAZAKHSTAN IN THE XIX CENTURY: TRADE AS AN INSTRUMENT OF REGIONAL COLONIZATION

Galiya Aitzhanovna Shotanova¹ Ernar Muratovich Uzhkenov²

¹Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher at Ch.Ch.Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., Almaty. 050010. Republic of Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0002-3641-5668>. E-mail: galia8.09@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (29, Kurmangazy Str., 050000. Almaty, Republic of Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0003-2577-1373>. E-mail: e81g@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2024

© Shotanova G., Uzhkenov E., 2024

Abstract. Introduction. By the second half of the XIX century, Kazakhstan became an internal colony of the Russian Empire. From this moment on, active penetration of the interests of the northern neighbor into the Kazakh steppe has been observed. The first to encounter the interests of imperial policy were the Kazakhs of the border territories, including the population of Western Kazakhstan. During this period, the terms «outskirts» and «Asian Russia» were introduced into the vocabulary of the tsarist administration in relation to Kazakhstan and the Central Asian states. In light of the above, fundamental changes have affected all spheres of life of the Kazakhs, including economic activity. The development of border and fair trade with the Kazakh steppe attracted close attention of the empire. Despite the political changes, the daily life of the Kazakhs still depended on the state of the micro- and macro-economy, that is, the condition of livestock and dependence on resources that the Kazakhs themselves did not produce. In general, the issue of developing trade



